- «Отбасын жоспарлау» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы түсік санын қысқартуға; жасөспірімдер арасында жыныстық тәрбие, қауіпсіз аналық, жыныс жолдары арқылы жұғатын аурулардың алдын алу мәселелері жөніндегі жоғары сапалы санитариялық ағартуды ретке келтіруге қол жеткізу;

- әйелдер мен қыздарды есірткі мен алкоголь тұтынудың зияны туралы хабардар етуге бағытталған білім бағдарламаларының, алкоголизм мен нашақорлыққа шалдыққан науқастарға оңалту және қалпына келтіру көмегін дамыту жөніндегі бағдарламалардың әзірленуін жүзеге асыру керек.

Қазіргі қоғамдағы отбасының жағдайын жақсартуға байланысты мемлекеттік іс-шараларды орындау үшін үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктерді кең тарту мақсатында олармен тығыз байланыс құрып, жоғарыда көрсетілген шараларды жүзеге асыруға болатын еді.

Осылайша, отбасының қалыпты қызмет етуі үшін экономикалық, ұйымдастырушылық және өзге де алғышарттарды жасау қажет.

Жалпы білім беру мекемелерінде профилактикалық жұмысты жетілдіру отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық қылмыстарын жалпы әлеуметтік алдын алудың басқа басымды бағыты болып табылады [1].

Соңғы жылдары демалыс мекемелері дағдарысының шиеленісуі байқалды. Көптеген жеткіншек клубтары тұрғылықты жері бойынша оларды қаржыландыруға қаражаттың болмауына байланысты жабылды. Қолданыстағы клубтардың, үйірмелердің, секциялардың материалдық базасының деңгейі өте төмен. Олардың көбі оқушыларды оқыту үшін қажетті заттармен жарақтандырылмаған, жаңа жиһаз бен құрал-жабдықтарды сатып алу үшін материалдық қаражат бөлінбейді, ағымдағы жөндеу жұмыстары жылдар бойы жүргізілмейді. Қолданыстағы клубтардағы, секциялардағы, үйірмелердегі оқытуларға жеткіншектерді тарту бойынша жұмыс белсенді жүргізілмейді. Осыдан кейде өкінішті салдарларға әкеп соқтыратын бұзатын діни құралымдармен байланысты проблемалар келеді.

Бос уақыт өткізу аясын, халықтың мәдени демалысын жаңарту мен жетілдіру үшін қосымша шараларды қолдану қажет: оны қаржы және ұйымдық қолдаумен қамтамасыз ету, бос уақытты өткізу мекемелерінің материалдық базасын нығайту, қызмет нысандарын дамыту, олардың кадрлық әлеуетін нығайту, халықтың салауатты өмір салты мәдениетін, тиісті қызығушылықтар мен қажеттіліктерді қалыптастыру бойынша мақсатқа бағытталған әрекеттерді іске асыру, әсіресе, ауытқитын мінез-құлығы бар жеткіншектерге тегін қызметтер көрсететін бос уақытты өткізу мекемелерінің желісін кеңейту. Осы іс-шараларды іске асыру үшін жергілікті әкімшіліктердің, мәдениет мекемелерінің, білім беру органдарының, кәсіпорындардың, тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің, спорттық, жастар, бизнес-құрылымдар мен өзге де ұйымдардың күшін біріктіру және үйлестіру қажет.

Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты қылмыстылығын арнайы-криминологиялық алдын алу криминогендік факторларын жоюға, бейтараптандыруға, төмендетуге; әлеуметтік шағын ортаның сауықтандыруына, қылмыс жасауға бейімі бар адамдардың мінез-құлығын түзетуге тікелей бағытталған сипаты бойынша алуан түрлі іс-шаралардың кең кешенін қамтиды [2].

Денсаулық сақтау, білім беру органдарында, халықты әлеуметтік қорғау комитеттерінде және өзге де мүдделі мемлекеттік органдарда отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық жағдайларының статистикалық есебін ұйымдастырған жөн болар. Аталмыш органдар арасында отбасы ішіндегі зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы ақпаратпен алмасу бойынша тұрақты әрі тығыз өзара әрекеттесу ұйымдастырылуға тиіс [3].

Әлеуметтік саясат бойынша құрамалар жұмысының тәжірибесіне отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық мәселелері бойынша жыл сайынғы мониторинг жүргізуді енгізу дұрыс болатын сияқты.

Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты алдын алу субъектілерінің бұқаралық ақпарат құралдарымен (БАҚ) одан әрі тығыз және белсенді өзара әрекеттесуі қажет. Атап айтқанда, қылмыстың осы түріне қарсы күресте БАҚ қатысуы келесі негізгі бағыттар бойынша іске асырылуы мүмкін еді: халықта жеке тұлғаға зорлық-зомбылықты жасаудың кез келген, оның ішінде отбасы ішінде жасалатын нысандарына төзімсіздігін қалыптастыру; отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелерін шешудің халықаралық тәжірибесіне кеңінен жарық түсіру; аталмыш келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы іс-әрекеттердің нысандарын,

тәсілдерін және нақты шараларын, оның ішінде зорлық-зомбылық сатысына көше алатын немесе көшкен отбасылық дау жағдайларында әлеуетті құрбандарға өзінің мінез-құлықтарын қалайша қалыптастыру керек екенін түсіндіруге арналған ақпараттық-танымдық бағдарламаларды, репортаждарды, хабарламаларды, сөз сөйлеулерді және сондай бағдарламаларды ұйымдастыру; отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты болдырмау бойынша алдын алу субъектілері жүргізетін жұмысты БАҚ жүйелі түрде жариялау; тиісті көмек сұрауға болатын органдардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметін, оның ішінде отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетудің мемлекеттік және қоғамдық дағдарыстық орталықтардың қызметін насихаттау; отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарын әлеуметтік-құқықтық қорғаудың бар түрлері туралы, оның себептері мен салдарлары туралы ақпаратты тарату. Бұл ретте отбасы ішіндегі зорлық-зомбылыққа және оның алдын алуына арналған БАҚ бағдарламалардың, тұрақты әрекет ететін жобалар мен жоспарларын жасаған жөн болар. БАҚ қызметкерлері осы мәселелерінің барлық тереңдігін түсінулері қажет, оларға зорлық-зомбылықты тудыратын материалдардың шығарылымын болдырмайтын өзінің кәсіби саясатын әзірлеу қажет. Бұл жерде, біздің көзқарасымызша, мемлекеттік билік органдарының қатысуынсыз мүмкін емес, олар отбасылық қарым-қатынастар саласында да агрессияшылдыққа, қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа төзімсіздік ахуалын қалыптастыру бойынша БАҚ-мен нақты өзара әрекеттесуге тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Криминология. Учебник. – Алматы: Международный центр научных исследований и правовой экспертизы Республики Казахстан, 2008. – 614 с.
- 2 Войтенко С.Г. Криминологическое исследование виктимности лиц с девиантным поведением: автореф.... к.ю.н. – М., 1997. – 23с.
- 3 Джаянбаев К.И. Уголовно-правовые и криминологические проблемы борьбы с тяжкими насильственными преступлениями в Кыргызской Республике. – Бишкек, 2005. – 405 с.

УДК: 336.22(574)

САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

М.К.Бекбаева

*Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, аға оқытушы, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., teruert.1987@mail.ru*

Түйіндеме. Осы зерттеудің пәні болып Қазақстанның салық жүйесі және мемлекеттің салық саясаты табылады. Мақалада салық жүйесінің қазіргі тенденциялары мен мәселелері қарастырылған. Қазіргі салық заңнамасындағы өзгерістер мен 2018-2019 жж. бюджетке түскен салық түсімдеріне талдау жасалған. Тиімді салық жүйесін қалыптастыру әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамды мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған экономикалық, қаржылық, құқықтық және ұйымдастыру жоспарының іс-шаралар кешенін іске асыру қажеттілігін болжайды,

бұл елдегі экономикалық өсудің, азаматтардың әл-ауқатын арттырудың қажетті шарты болып табылады. Қазіргі қоғамдағы салықтардың рөлін ескере отырып, мемлекет көпжақты шаралар кешенін жүзеге асыруға міндетті. Осы мақсатта мемлекетте салық саясаты қолданылады. Салық саясатының басты мақсаты – салық жүйесін құру және оның тиімді қызмет етуіне мүмкіндік беретін салық тетігін іске асыру. Салық саясаты бизнестің «көлеңкеден» шығуын ынталандыруға және шикізаттық емес сектордағы салық базасын кеңейтуге, қолданыстағы салық жеңілдіктерін оңтайландыруға және жалпыға бірдей декларациялау қарсаңында жаңа арнайы салық режимдерін енгізуге бағытталуы тиіс. Зерттеу нәтижелері салық жүйесінің әлеуметтік салдарына қатысты мәселелерді шешу үшін белгілі бір жағдайлар жасайды.

Түйін сөздер: салық саясаты, салық жеңілдіктері, салық түсімдері, салықтық реттеу, салық кодексі.

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ НАЛОГОВОЙ СИСТЕМЫ

Аннотация. Предметом настоящего исследования является налоговая система Казахстана и налоговая политика государства. В статье рассматриваются современные тенденции и проблемы налоговой системы. Проведен анализ изменений в действующем налоговом законодательстве и налоговых поступлений в бюджет на 2018-2019 годы. Формирование эффективной налоговой системы предполагает необходимость реализации комплекса мероприятий экономического, финансового, правового и организационного плана, направленного на достижение прогнозируемых целей социально-экономического развития, что является необходимым условием экономического роста в стране, повышении благосостояния граждан. Учитывая роль налогов в современном обществе, государство обязано осуществлять комплекс многосторонних мер. С этой целью в государстве используется налоговая политика. Главная цель налоговой политики – создание налоговой системы и реализация механизма, позволяющего ее эффективно функционировать. Налоговая политика должна быть нацелена на стимулирование выхода бизнеса из «тени» и расширение налоговой базы в несырьевом секторе, на оптимизацию действующих налоговых льгот и введение новых специальных налоговых режимов в преддверии всеобщего декларирования. Результаты исследования создают определенные условия для решения проблем, касающихся социальных последствий налоговой системы.

Ключевые слова: налоговая политика, налоговые льготы, налоговые поступления, налоговое регулирование, налоговый кодекс.

CURRENT STATE OF THE TAX SYSTEM

Abstract. The subject of this research is the tax system of Kazakhstan and the tax policy of the state. The article discusses current trends and problems of the tax system. The analysis of changes in the current tax legislation and tax revenues to the budget for 2018-2019 is carried out. The formation of an effective tax system requires the implementation of a set of measures of economic, financial, legal and organizational plan aimed at achieving the projected goals of socio-economic development, which is a necessary condition for economic growth in the country and improving the welfare of citizens. Given the role of taxes in modern society, the state is obliged to implement a set of multilateral measures. For this purpose, the state uses tax policy. The main goal of tax policy is to create a tax system and implement a mechanism that allows it to function effectively. Tax policy should be

aimed at encouraging businesses to leave the "shadow" and expanding the tax base in the non-resource sector, optimizing existing tax incentives and introducing new special tax regimes in anticipation of universal Declaration. The results of the study create certain conditions for solving problems related to the social consequences of the tax system.

Keywords: tax policy, tax benefits, tax revenues, tax regulation, tax code.

Елбасының салық жүйесін еліміздің дамуына қарай сәйкестендіруді, оның айқындылығын қамтамасыз етуді, салықтарды әкімшілендірудің тиімділігі мен қарапайымдылығын сақтауды әрдайым тапсыруы бекер емес. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында да шешуші міндеттерінің бірі салық-бюджет саясатын жаңа экономикалық жағдайға бейімдеу болды. Әсіресе, кейінге шегерілген, жалпыға ортақ декларациялау қарсаңында арнаулы салық режимін жаңаша қарастыру керектігі аса маңызды мәселе. Өйткені осы режимді қолданатын шағын және орта бизнес зор әлеуметтік рөлді атқарып қана қоймай, сонымен қатар бюджетке елеулі салық түсімдерінің түсуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар қолданыстағы салық жеңілдіктерін оңтайландыру және салықтық әкімшілендіру тетіктерін жетілдіру қажеттігі назардан тыс қалмады. Бүгінге дейін Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында ел дамуы үшін бекітілген бес институционалды реформаны жүзеге асыру үшін «100 нақты қадам» жоспарындағы нақты іс-шаралар қолға алынып, жан-жақты іске асырылып жатыр. Салық саласына бағытталған 37-ден 45-ке дейін қай қадамын алып қарасаңыз да ел дамуы үшін маңызы зор. Атап айтсақ, салық және кеден қызметінің сапасын жоғарлату мақсатында ресімдерін неғұрлым оңтайландыру, яғни экспорттық және импорттық кеден рәсімдерінен өту кезінде «Бір терезе» қағидатын енгізу, тауарларды кедендік тазалауға автоматтандырылған жүйені енгізу, экспорт және импорт үшін құжаттар санын және оларды өңдеу уақытын қысқарту. Бұл шаралардың өзі біріншіден халыққа кезек күттірмесе, екіншіден, сыбайластыққа, жемқорлыққа жол бермейді. Кеден және салық жүйелерін интеграциялау мәселесі де көтерілген. Ол дегеніміз тауар салық салу мақсатында Қазақстан аумағына кірген кезеңнен бастап оны сатқанға дейін бақылауға алынады.

Жалпы кез-келген тәуелсіз мемлекеттің алға қойған мақсаты мен жоспары болмаса, ол елдің болашағын елестетудің өзі қиын-ақ. Ендеше қойылған міндетке сәйкес, бүгінгі жағдайда әлемдегі экономиканың тұрақсыздығына қарамастан, бюджетті дұрыс жоспарлап, түсімдер көлемін еселеу, сол арқылы еліміздің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын арттыру болып табылады.

2017 жылы Салық кодексіне енгізілген елеулі өзгерістер мен толықтырулардың кейбіріне тоқтала кетейік. Мәселен, жер салығы және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық бойынша салық кодексінің 391 және 409-баптарына өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес жеке тұлғалардың мүлік және жер салығын есептеуді салық органдары есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей жүргізетін болады. Яғни, бұл салықтарды есептеу мен төлеу бойынша салық кезеңі аяқталғаннан кейін, дәлірек айтсақ, 2017 жылға есептелген салық 2018 жылдың 1 қазанына дейін төленеді. Тиісінше, 2017 жылы жергілікті аталған салықтар бойынша өткен салық кезеңдері үшін берешектер ғана түсетін болады. Жергілікті салықтарға қатысты тағы бір өзгеріс: салық және төлемдердің 7 түрі (жеке тұлғаларға салынатын жер, мүлік, көлік салықтары, заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге салынатын жер салығы, заңды тұлғаларға салынатын көлік салығы және аудандық маңызы бар жол жиегіндегі жарнамаларға төленетін төлем) 2018 жылдан бастап, 4-ші деңгейлі бюджет – ауылдық округ бюджетіне беріледі.

Тағы айта кететін бір жайт, 2016 жылдан бастап шағын бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу алымы алынып тасталынса, 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап дара кәсіпкер етінде тіркелу процедурасын оңайлату мақсатында, аталған қызметті хабарлама тәртібіне көшірілді. Бұл дегеніміз, енді жеке кәсіпкер тіркелгені жөнінде салық органдарынан арнайы құжат алуы міндетті емес [1, 20-21б.].

2008 жылы қабылданған Салық кодексі тоғыз жыл ішінде 16 рет өзгертіліп, 3 рет қайта жазылды. Әділет министрлігі Заңнама институтының статистикалық талдау деректеріне сүйенсек, 2009 жылдан бастап Салық кодексіне заңмен 130 өзгеріс пен толықтыру енгізілген екен.

Қоғам талабы өзгергеннен 2018 жаңа Салық кодексі қабылданды. Ескі салық кодексінде 798 бап болатын, қазір 773 баптан тұрады (25 бапқа қысқартылып отыр).

Жаңа салық кодексіне сәйкес оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін салықтық кезең жартыжылдық болып табылады. Бұл декларацияда көрсетілген салықтарды бюджетке төлеу жеке (корпоративтік) табыс салығы мен әлеуметтік салық түрінде есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25 күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Яғни, ай сайын төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы және әлеуметтік төлемдер (МЗЖ (міндетті зейнетақы жарнасы), әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық қамсыздандыруға аударымдар) бойынша міндеттемелер әр ай бойынша жеке көрсетіледі. Аталған әлеуметтік төлемдерді есепті айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей төлеу қажет. 200.00 (форма) нысан тапсырылмайды, 910.00 (форма) нысанды тапсырады.

Жеке тұлғалардың кірістері, ҚР аумағындағы да, оның шегінен тыс жердегі де мүлкі туралы декларацияны 31 наурыздан кешіктірмей:

- ҚР Парламентінің депутаттары;
- Соттар;
- Декларация тапсыру міндеті жүктелген жеке тұлғалар әр мекемеге берілген мерзім ішінде тапсырып үлгеруі керек.

Салықтық шегерімдер туралы жеке тарау қарастырылған. Онда салықтық шегерімдердің түрлерін, оларды қолдану тәртібін және растайтын құжаттар көрсетілген.

Мәселен, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап келесі салық жеңілдіктері белгіленді:

1. Зейнетақы төлемдері және жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша салықтық шегерім;
2. Стандартты салықтық шегерімдер (12 ең төменгі жалақы мөлшерінде, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына, мүгедектерге, мүгедек балалардың ата-аналарына және т.б. жалпы сомасының жылда шекті мөлшері ең төмен жалақының 75 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс);
3. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерім;
4. Сыйақылар бойынша салықтық шегерім;
5. Медицинаға арналған салықтық шегерімді қамтиды.

Ипотека алғандарға салықтық шегерім жасалады. Тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінен ипотекаға тұрғын үй алғандар салықтан босатылмайды, тек салығы азайтылады. Жеке тұлғаның табысы сыйақы сомасына азайтылады. Тұрғын үй жинақ банкінде ғана емес, сонымен қатар басқа банктерден алынған ипотекалық тұрғын үй заемдары бойынша сыйақы жеке табыс салығын төлегенде табысынан алынып тасталады.

Электронды сауда. Талапты орындағандарға ғана салық азайтылады. Елімізде электронды сауда-саттық енді ғана қарқын алып келе жатқыр. Соңғы он жылда әлемдік технологиялар қоғамға ендеп кіре бастады. Ғаламтор арқылы тауарларды сатып алатындардың қатары көбейді.

Заңды тұлғалар – корпоративтік табыс салығын, ал жеке кәсіпкерлер жеке табыс салығын төлеуден босатылады. Оған қалай қол жеткізуге болады?

Ол үшін:

– Тауарларды өткізу жөніндегі мәмілелер электрондық нысанда рәсімделуі тиіс;

– Тауарлар үшін ақы төлеу қолма-қол емес, төлем түрінде жүргізіледі;

– Тауарларды сатып алушыға жеткізетін қызметі болуы керек. Мысалы, арнайы қызметкерлері болса, немесе жүктерді тасымалдайтын курьерлік, пошталық қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен шарт жасасуы қажет.

– Уақтылы салық органына тіркеліп, тіркеу нөмірін алады. Содан кейін салық төлеуші ретінде қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама беруі қажет.

Электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізу мерзімін салық органы бекітеді. Осы талаптар сақталғанда ғана салық төлемі 100%-ға төмендетіледі. Яғни, қызметін интернет арқылы жүргізетін кәсіпкерлер салық түрлерін төлеуден толығымен босатылады. Сонымен қатар, жылдық жиынтық кірістің кемінде 90 пайызы электронды саудадан түсу керектігіне де мән берген жөн. Осы шарт орындалмаған жағдайда салық төлеушінің атап өткен жеңілдіктерді қолдануға құқы жоқ. Демек, талаптардың біреуі жүзеге аспаса, салық мөлшері азайтылмайды.

Тіркелген салық төлеуші заңды тұлға болса, күнделікті жасалынған мәмілелерді тоқсан сайын тапсырып отырады. Ал, жеке кәсіпкерлер жыл сайын электронды шот фактураны (ЭШФ) беру арқылы ақпаратты ұсынады. Егер ЭШФ-ны салық төлеуші компьютер арқылы шығарып алса, Мемлекеттік кіріс комитетіне ақпаратты ұсынбаса да болады.

Оңайлатылған декларация бойынша 3 пайыз мөлшерінде салық салынады. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін табыс мөлшері жылына талап етілетін мөлшерден, жұмысшылар саны 30 адамнан аспаса ғана қолдана алады.

Патенттен әлеуметтік салық алынып тасталды. Сауда саласындағы қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар үшін 2 пайыз мөлшеріндегі мөлшерлеме сақталды. Бұл ретте осындай салық төлеушілермен қолма-қол есепсіз жолмен алынған табыстар 1 пайыз салық салынады.

Жаңа заң бойынша тағы бір ерекшелік – тіркелген шегерім негізіндегі жаңа арнаулы салық режимі енгізілді. Дәлірек айтсақ, кірістер мен шығыстар режимі. Салық таза тапқан табысына ғана салынады. Бұл жаңа салық режимі бойынша жылдық жиынтық табыс сомасынан 30 пайыз мөлшерінде қосымша тіркелген шегерім қарастырылған. Қосымша шегерімді қолдану кезінде шегерімге апарылатын шығыстардың жалпы сомасы, қосымшаларды қоса алғанда, жылдық жиынтық табыстың 70 пайызынан аспау керек. Еңбекақыны төлеу қорының 100 пайызы

мөлшерінде салық салынатын табысты төмендету бойынша норма (ұқсас мөлшерде қолданылатын еңбекақы қорының мөлшеріндегі шегерімнен басқа) қарастырылған [2].

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес жергілікті атқарушы органдардың (ауылдың, ауданның, қаланың, облыстың) бюджеттері және тиісті заңмен бекітілетін республикалық бюджет бекітіледі, орындалады және дербес болып табылады. Талдамалық ақпарат ретінде бекітуге жатпайтын мемлекеттік және шоғырландырылған бюджет де қалыптастырылады.

Мемлекеттік бюджет олардың арасындағы өзара өтелетін операцияларды есепке алмай, республикалық және жергілікті бюджеттерді қамтиды.

Шоғырландырылған бюджет мемлекеттік бюджетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен шығыстарын олардың арасындағы өзара өтелетін операцияларды есепке алмағанда қамтиды. Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар Ұлттық қорға түседі.

Бюджетке түсетін салық түсімдеріне талдау жүргізейік. 2018 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, шоғырландырылған бюджеттің кірістері (Республикалық және жергілікті бюджетті қоса алғанда) 13 275,7 млрд.теңгені құрады, бұл 2017 жылғы кірістерден 22,8%-ға артық. 2018 жылы бюджеттің кіріс бөлігі 113,2% орындалды.

Оңтайландырудың арқасында салықтық түсімдер (соның ішінде тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге ішкі салықтардан, ҚҚС-дан түсетін түсімдердің өсуі) 25,9%-ға немесе 2 278,9 млрд.теңгеге, 11 090,9 млрд.теңгеге дейін өсті. Бұл ретте салықтардың орындалуы 2018 жылға жоспарланған барлық түсімдердің 102,1%-ын құрайды. Салықтық емес түсімдер жоспарланғаннан 26,9%-ға немесе 50,2 млрд.теңгеге жоғары болды, алайда олардың бюджеттің жиынтық түсімдеріндегі үлесі төмен деңгейде қалып отыр. 2018 жылы олар 1,8%-ды құрады.

2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында мемлекеттік бюджетке салық түсімі 7,9 триллион теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,1 трлн.теңгеге артық, бұл өткен жылдардың рекордтық көрсеткіші, пайыздық арту 15,8% құрады, 2017 жылы жылдық өсім 13,1% құрады.

2018 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша салық түсімдерінің құрылымындағы ең үлкен үлес қосылған құн салығы болды: 37,1% немесе 2 трлн.теңге – 2017 жылмен салыстырғанда 2,3% артық. Салықтың жалпы сомасының 30,7%-ы корпоративтік салық есебінен болды және ол 2017 жылға қарағанда 1,1 трлн.теңгеге артық. Үшінші орында табыс мөлшері бойынша жеке табыс салығы 15,3%-ды құрайды [3].



Сурет 1. Жылдар бойынша ҚР шоғырландырылған бюджетінің кірістері мен шығындары


2018 жылы 30 қарашадағы «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2019 жылы республикалық бюджеттің кірісі 9 631,1 млрд.теңге, шығындар – 10 335,0 млрд.теңге, тапшылық – 979,0 млрд.теңге (ЖІӨ 1,5%) көлемінде қарастырылған. 2019 жылы Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт сомасы 2,45 трлн.теңгені құрайды.

2019 жылдың бес айының қорытындысы бойынша еліміздің шоғырландырылған бюджеті 253,9 млрд.теңге тапшылығымен қалыптасты. Алайда, Ұлттық қорды басқарудан түскен есептілікке енгізілмеген инвестициялық табысты есепке ала отырып, 2019 жылдың бірінші тоқсанында шоғырландырылған бюджет қосымша 142,2 млрд.теңге профицитпен қалыптасты.



Сурет 2. ҚР бюджеті (01.06.2019 ж.), млрд.теңге

2019 жылдың бес айының қорытындысы бойынша бюджетке түсетін жиынтық салық түсімдері 5 113,3 млрд.теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,2%-ға жоғары. Бұл ретте республикалық бюджетке салық түсімдері 19,5%-ға өсті, ал жергілікті бюджетке түсімдер 6,9%-ға ғана өсті. Республикалық бюджетке қатысты ҚҚС бойынша түсімдер 27,6%-ға, 1 057,4 млрд.теңгеге дейін ұлғайды. Ұлттық қорға салық түсімдері бес айдың қорытындысы бойынша 13,4%-ға өсті. Айта кетейік, Ұлттық қордың активтері 2019 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша 122,2 млрд.теңгеге, 26 184,4 млрд.теңгеге дейін өсті [4].



Сурет 3. Салық түсімдері, млрд.теңге

2019 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша жалпы республика бойынша бюджетке 290,8 млрд.теңге жергілікті салық түсті. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда түсімдер 20,2 млрд.теңгеге ұлғайды. Өңірлер бөлінісінде айтарлықтай түсімдер Атырау облысы бойынша – 41,5 млрд.теңге, Алматы қаласы бойынша – 37,0 млрд.теңге және Астана қаласы бойынша – 30,1 млрд. теңге байқалды.

2019 жылдың 1 қазандағы жағдай бойынша көлік құралдарына салық салу объектілері болып табылатын көлік құралдарының саны 3 906 518 бірлікті құрады, оның ішінде 3 669 714 бірлік жеке тұлғаларға және 236 804 бірлік заңды тұлғаларға тиесілі.

Мүлік салығы мен жер салығы бойынша төлеушілердің саны жалпы 7,3 млн. жеке тұлғаны құрады, оның ішінде мүлік салығы бойынша – 3,8 млн., жер салығы бойынша – 3,4 млн. [5].

Соңғы он жылдың ішінде Қазақстанның салық жүйесі тұрақты түрде жетілдіріліп отырды. ҚҚС, табыс салығы, әлеуметтік салық пен жеке табыс салығының ережелері қайта қаралып, түзетілгенін осы бағыттағы жемісті жұмыстардың бірі ретінде атауға болады. Қазақстанның салық жүйесі, бірқатар шетелдік сарапшылардың пікірінше, ТМД елдері арасындағы ең оңтайлысы болып есептелгенмен, салада түйіні шешілмей келе жатқан мәселелер баршылық. Айталық, меншік салығын (жер салығы мен заңды және жеке тұлғалардың мүлік салығы) ұстау механизміне байланысты нақты проблемалар туындап отыр. Оның үстіне, Қазақстанның қолданыстағы заңнамасы бойынша жер салығы жер учаскелерін пайдалану мақсатына қарай ұсталады. Мамандардың пікірінше, қазіргі жер салығын есептеу механизмі тиімсіз. Мұндағы ең басты кемшілік – жаһандану жағдайындағы жер құнының нарықтық бағасы мен оның рөлі есепке алынбай келеді.

Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы Жолдауында салық заңнамасына қажетті түзетулерді талап ететін, қор нарығын дамытуға, банктердің баланстарын «нашар» кредиттерден жедел тазартуға бағытталған шаралар кешенін қабылдауды тапсырды. «Нашар» несиелерді төмендетудің құралы салықтық салдарын тудырмай, қарыз алушы - жеке тұлғаларға үмітсіз мерзімі кешіктірілген

берешекті кешіру, салық салудан дисконттың пайда болған сомасын босату және заңды тұлғаларға сату арқылы қарыздан шегіну болып табылады.

Салықтық әкімшілендіруді жетілдіру шеңберіндегі өзге де мәселелер:

- салық салудан және пайданы шығаруға салық базасын бұзуға қарсы іс-қимыл бойынша (BEPS);

- жекелеген салықтық көрсетілген қызметтерді электронды форматқа ауыстыру;

- мемлекеттік органдардың ақпаратпен алмасуының электронды пішіміне ауысуына байланысты салық есептілігінің кейбір түрлерін ұсынуды болдырмау;

- тексерулер тағайындау, сондай-ақ жоспардан тыс салықтық тексерулер тағайындау үшін негіздерді қайта қарау және қысқарту рәсімдерін жетілдіру;

- 5 жыл және одан астам уақыт ішінде қызметін жүзеге асырмаған салық төлеушілердің мәжбүрлі тәртіппен қызметін тоқтату;

- аудиторлық ұйымның тексеру мүмкіндігі үшін 150 000 АЕК-ке дейін жойылған салық төлеушілерден жиынтық жылдық кірістің шегін ұлғайту;

- камералық бақылау негізінде (салықтық тексеру өткізусіз) жеке практикамен айналысушы жеке тұлғалардың қызметін тоқтатудың жеңілдетілген тәртібін тарату.

Жанама салықтарды жинау тетіктерін жетілдіру мақсатында ерікті негізде қосылған күн салығының бақылау шотына енгізу арқылы ҚҚС басқару жүйесін реформалау [6].

Сондай-ақ салық саясатын және салықтық әкімшілендіруді жетілдіру мен байланысты басқа да мәселелер көзделетін болады.

Жеке тұлғаларға негізгі борышты бюджетке төлеген кезде есептелген өсімпұл сомаларын есептен шығару бөлігінде «салықтық рақымшылық жасау» акциясы жүргізілді.

01.01.2019 жылғы жағдай бойынша берешегі бар және берешектің негізгі сомасын өтеу шартымен өсімпұлды есептен шығару бойынша акцияны пайдалану мүмкіндігі бар жеке тұлғалардың саны 13,9 млрд.теңгеге негізгі борыш бойынша бересі сомасы және 6,3 млрд. теңгеге өсім сомасы бар шамамен 1,4 млн. адамды құрады, барлығы 20,2 млрд.теңге.

2019 жылғы 14 қарашадағы жағдай бойынша 507 472 жеке тұлғалар бойынша өсімпұл есептен шығарылды, олар ағымдағы жылдың басынан бастап 12,08 млрд.теңге мөлшерінде негізгі борыш сомасы төленген және 2,15 млрд.теңге сомасына өсімпұл есептен шығарылды.

Өңірлер бөлінісінде өсімпұл есептен шығарылған жеке тұлғалардың ең көп саны Алматы қаласына – 92 487, Түркістан облысына – 57 988 және Шымкент қаласына – 44 089 келеді. Жеке тұлғалардың ең аз саны Қызылорда облысына – 10 585, СҚО – 13 913 және ШҚО – 11 444 келеді.

Өсімақының ең көп сомасы Алматы қаласы бойынша – 971,6 млн.теңге, Павлодар облысы бойынша – 174,3 млн.теңге, Алматы облысы бойынша – 126,9 млн.теңге есептен шығарылды. Ең аз өсім сомасы Атырау облысы бойынша – 32,7 млн.теңге, Ақтөбе облысы бойынша – 35,4 млн.теңге, ШҚО бойынша – 27,8 млн.теңге есептен шығарылды.

Мемлекеттік кірістер органдары «қасақана» төлеушілерден салық берешегін өндіріп алу бойынша тұрақты негізде іс-шаралар жүргізеді. Осындай іс-шаралардың бірі салық берешегі бар 100 ірі қарыз төлемейтін жеке тұлғаларды жариялау болып табылады. Бұл тізімдер тұрақты негізде Комитеттің және аумақтық мемлекеттік

кірістер департаменттерінің сайтында жарияланады. Бұл шара ірі борышкерлерден салық берешегін өндіріп алудың тиімді құралы болып табылады.

Салық кодексінің нормаларына сәйкес мемлекеттік кірістер органдары уәкілетті органдар ұсынған мәліметтер негізінде жеке тұлғалардан мүлік салығын, жер салығын және көлік құралдарына салықты есептеуді жүргізеді.

Мемлекеттік кірістер органдарының аумақтық бөлімшелері жыл сайын салық төлеушілердің дербес шоттарына мүлік салығы мен жер салығы сомаларын есептеуді жүргізеді. Алайда, бүгінгі күні уәкілетті органдардың сапасыз ұсынылған деректерімен байланысты салық сомаларын жекелеген қате (қате) есептеу фактілері орын алды. Мысалы, уәкілетті органның мәліметтерінде салық есебін дұрыс жүргізу және салық төлеушіге – адресатқа дұрыс жіберу үшін қажет мүлік иелерінің ЖСН немесе салық салу объектілерінің жекелеген сипаттамаларының (көлік бойынша қозғалтқыш көлемі, жер учаскелерінің ауданы, жылжымайтын мүліктің бағалау құны, нақты меншік иесінің емес, басқа тұлғаның ЖСН көрсетілген) дұрыс көрсетілмеген көптеген фактілері бар. Осыған байланысты, аумақтық мемлекеттік кірістер органдары аумақтық уәкілетті мемлекеттік органдармен, сондай-ақ ҚР ҚМ МКК орталық деңгейде 2019 жылдың ақпан айында МКК және уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметкерлері қатарынан жұмыс тобы құрылды, ол тұрақты негізде ұсынылып отырған мәліметтерді салыстырып тексеру, түгендеу және өзектендіру (жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілері бойынша деректер базасын тазалау), оның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ (ХҚКО, Арнайы ХҚКО) бойынша жұмыстарды жоспарлы түрде жүргізеді.

Бұдан басқа, мемлекеттік органдардың деректер базасымен ықпалдасу мақсатында 2019 жылғы қаңтардан бастап «интеграцияланған деректер базасы» (БҚК) ақпараттық жүйесін әзірлеу басталды, ол МКК жүйелерін және мемлекеттік және уәкілетті органдар жүйелерін интеграциялауды жүргізуге мүмкіндік береді.

ИБД кіші жүйелерінің бірі қазіргі уақытта тәжірибелік пайдалануда тұрған «жергілікті салықтар» кіші жүйесі болып табылады.

БҚК АЖ «жергілікті салықтар» кіші жүйесінде салықтарды есептеудің артықшылықтары [5]:

- Орталықтандырылған деректер базасы және жергілікті салықтарды орталықтандырылған есептеу;
- Нақты уақыт режимінде уәкілетті органдардың мәліметтерін өзектендіру;
- Жер салығын, мүлік салығын және жеке тұлғалардың көлік құралдарына салықты есептеу процестерін автоматтандыру, салық төлеушілердің дербес шоттарына есептеулерді беру;
- Адам факторы мен сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің болмауы салдарынан салық инспекторларының мәліметтерді қолмен енгізбеуі және түзетуі;
- Жеке тұлғаларға хабарлама жіберудің әртүрлі тәсілдері 2019 жылы жергілікті салықтар бойынша пилоттық жоба шеңберінде іске асырылды (SMS-хабарлама, екінші деңгейдегі банктердің клиенттері үшін алдағы төлемдер сервисі, электрондық пошта, «Электрондық үкімет порталының» жеке кабинеті, ҚР ҚМ МКК порталының Салық төлеушінің кабинеті);
- Салық салу объектілері туралы деректерді өзгерту мониторингінің құралы.

2019 жылғы 2 қыркүйектегі Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында айтылғандай, арнаулы салық тәртібін қолданатын шағын және ұсақ кәсіпкерлік субъектілері табыс салығынан үш жылға босатылады.

Сонымен бірге өзгерістер көлеңкелі бизнесті ашыққа шығарып, жалдамалы жұмыскерлерді заңдастыруға бағытталған. Онда жалдамалы қызметкерлерді тартусыз жүзеге асырылуы мүмкін емес қызмет түрлері бойынша табыс табуға патент талап етілмейді. Мысалы, тәулік бойы сауда жасау, азық-түлік сату, базарларда сауда жүргізу және тағы басқа. Мұнда халықаралық тәжірибеге сай ұсақ қолөнершілерге қойылатын салықтық тәртіп негізінде кірісті қадағалауды және жалдамалы жұмысшыларды бақылауды күшейту көзделген. Рұқсат етілген тізімге енген қызмет түрлерін көрсететін кәсіпкерлер салық төлеу тәртібін өзгертуі керек. Олар 2 түрлі тәртіптің бірін таңдайды: 1) жеңілдетілген декларация негізіндегі немесе тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық тәртібі; 2) жалпыға бірдей белгіленген тәртіп. Сонымен қатар жеңілдетілген салықтық есеп жүргізу және салықтық есептілікті тапсыру, бухгалтерлік есеп жүргізуден босату қарастырылған.

2020 жылы қолма-қол ақшамен есеп айырысу жойылып, қолданыстағы кассалық аппараттарын онлайн жүйеге ауыстыруға көшеді. 400 мың кәсіпкер төлем операцияларын жаппай онлайн жүргізуге көшетін болады. Сонымен қатар талапты орындамаған кәсіпкерлерге 36 075 теңге (15 АЭК) айыппұл салынатыны мәлім болды. Айта кетейік, Мемлекеттік кірістер комитеті жаңа жүйені «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында қолға алды. Мұндағы мақсат – кәсіпкерлерді онлайн режимде жұмыс істету арқылы кассалық аппараттан өтетін барлық операцияларды бақылап отыру, яғни заңсыз ақша айналымының алдын алу. Қазақстанда кассалық аппараттарды ауыстыру 2016 жылы басталды.

2020 жылдан бастап зейнеткерлер мен кәмелеттік жасқа толмаған азаматтар да салық төлеу қабілеті туралы есеп беруге міндеттеледі. Сонымен қатар студенттер мен шетелдік туристер де декларация тапсырулары керек. Бұл «100 нақты қадам – Ұлт жоспары» бағдарламасының 47-қадамы аясында іске асырылады. Барлық азаматтарды декларация тапсыруға міндеттеудің себебі – заңды тұлғалардың кірістері мен мүліктерін заңды тұрғыда да бақылап, көлеңкелі экономикамен және жемқорлықпен күресу. Жаппай декларацияландыру жүйесін енгізу салық төлеуді бір ретке келтіріп, салықтан жалтаруды тоқтатуға ықпал етеді. Салық кодексінің 71-тарауына өзгерістер жалпыға бірдей декларациялауды енгізуді 2020 жылғы 1 қаңтардан 2021 жылғы 1 қаңтарға ауыстыруды және бұдан әрі кезең-кезеңімен көшу көзделген [7].

Мемлекеттің өз функцияларын жүзеге асырудағы салықтардың маңыздылығын ескерсек, салықтардың бюджет кірістерін толық қамтамасыз етуі және оның экономикалық дамуға қарқынды үлес қосатын мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын негізгі мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландырудағы және елдік әлеуметтік жағдайын көтерудегі негізгі тетік екендігі анық. Сондықтан салық жүйесінің әділетті және тиімді қызмет етуін жағдай жасайтын нормативтік заңды құжаттарды саралап, салық ауыртпалығын жеңілдетуге әсер ететін оң бағыттағы толықтырулар мен өзгерістер енгізіп отыру шарт.

Салық түсімін молайту үшін салық органдары халыққа жақындай түсулері керек. Олар тек тексеруші ғана емес, салық төлейтіндердің түйінді мәселелерін шешуде кеңес берулері тиіс.

Қазіргі кездегі салық жүйесіндегі негізгі мәселе ретінде салық ауыртпалығын айтуға болады. Салық ауыртпалығын жеңілдетуді жүргізу әртүрлі меншіктегі кәсіпорындардың өсу мүмкіндігін туғызады. Сондай-ақ көлеңкелі экономиканың қысқарып, болашақтағы экономиканың өсімі негізінде бюджеттік кірістердегі салық

түсімдерін молайту мәселесін де шешу салық жүйесінің қызмет ету тиімділігін арттырудағы маңызды мәселе болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қ.Нұрғалиев. Жоспарлы қадамның болашағы зор. // Вестник органов государственных доходов Республики Казахстан № 5 (213), май 2017 г. URL: <http://kgd.gov.kz> (шығарылған күні: мамыр 2017 ж.)
- 2 Салтанат Сүгір. Салық кодексі биыл тағы өзгерді. Салықтан кім босатылады? [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://informburo.kz> (шығарылған күні: 31 қаңтар 2018 ж.)
- 3 2018 жылы салық түсімдері 25,9 %-ға артты. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://www.afk.kz> (шығарылған күні: 22.01.2019)
- 4 Салықтық түсімдер бес айдың қорытындысы бойынша 15,2%-ға өсті. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://forbes.kz> (шығарылған күні: 11 шілде 2019 ж.)
- 5 Салықтық рақымшылық аясында бюджетке негізгі қарызды төлеу кезінде 2,15 млрд. теңге сомасына өсімпұл есептен шығарылды. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://nalogikz.kz> (шығарылған күні: 22 қараша 2019 ж.)
- 6 2018 жылдың бастап салық және кедендік төлемдер бойынша БСАЖ АЖ мен АСТАНА-1 АЖ интеграциялау арқылы бірыңғай дербес шот енгізу механизмі басталуы жоспарланып отыр. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://nalogikz.kz> (шығарылған күні: 27 желтоқсан 2017 ж.)
- 7 Салық жүйесінде қандай жаңашылдық бар? [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://taraz.zhambyl.gov.kz> (шығарылған күні: 22 қаңтар 2020 ж.)

УДК 342.565.5

СОТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ МЕН ОНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Е. Б. Бірімқұл

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының магистранты, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

Түйіндеме. Мақала сот тәуелсіздігі мен оның кепілдіктерінің кейбір мәселелері және оларды нығайту, дамыту мәселелеріне арналған. Мақалада соттардың қызметіндегі тәуелсіздігінің қажеттілігі, оған оң және теріс әсер тигізетін факторлар талданған. Автор жұмысында іс бойынша шығарылған негізді, заңды әрі әділ шешім Ата Заңымызда белгіленген азаматтық қоғам орнатуға ықпалын тигізсе, әрбір қылмыстық іс бойынша шығарылған негізді, заңды әрі әділ шешім сотқа, тиісінше мемлекеттік билікке деген халық сенімін ұлғайтады деп белгіленген. Сот әділдігінің сақталуы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет орнауына зор ықпалын тигізеді. Соттың өз қызметін тек Конституциямен, заңдарға бағына отырып, адал әрі әділ атқаруы үшін оның тәуелсіз болуы шарт. Сәйкесінше бұл жайында ҚР Конституциясында және "Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы"

Конституциялық заңда құқықтық нормалар орын алған.

Түйін сөздер: судья, сот тәуелсіздігі, сот билігі, судья тәуелсіздігінің кепілдіктері, судья болуға қойылатын талаптар, заңды жауаптылық, судьяға ешкімнің тиіспеуі.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СУДЕБНОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ И ЕЕ ГАРАНТИЙ

Аннотация. Статья посвящена некоторым вопросам судебной независимости и ее гарантий, а также вопросам их укрепления и развития. В статье проанализированы необходимость независимости в деятельности судов и факторы, оказывающие положительное и отрицательное влияние на него. Автор в своем исследовании указывает что, законные, справедливые и обоснованные решения по отдельным делам содействуют в становлении гражданского общества, правозглашенного в Конституции, точно также объективные, законные и справедливые решения по уголовным делам укрепят доверие народа в государственную власть. Сохранение справедливости оказывает значительное влияние на становление гражданского общества и верховенство закона. Чтобы суд выполнял свои функции честно и справедливо в соответствии с Конституцией и законом, он должен быть независимым. Соответственно, Конституция Республики Казахстан и Конституционный закон «О судебной системе и статусе судей» содержат правовые положения в этом отношении.

Ключевые слова: судья, независимость суда, судебная власть, гарантии независимости судьи, требования для кандидатов в судьи, юридическая ответственность, неприкосновенность судьи.

CURRENT ISSUES OF JUDICIAL INDEPENDENCE AND ITS GUARANTEES

Abstract. The article is devoted to some issues of judicial independence and its guarantees, as well as issues of their strengthening and development. The article analyzes the need for independence in the courts and the factors that have a positive and negative impact on it. The author in his study indicates that legal, fair and reasonable decisions on individual cases contribute to the formation of a civil society, lawful in the Constitution, just as objective, legal and fair decisions on criminal cases will strengthen the confidence of the people in state power. Preserving justice has a significant impact on the development of civil society and the rule of law. For a court to fulfill its functions honestly and fairly in accordance with the Constitution and the law, it must be independent. Accordingly, the Constitution of the Republic of Kazakhstan and the Constitutional Law “On the Judicial System and the Status of Judges” contain legal provisions in this regard.

Keywords: judge, independence of the court, judicial power, guarantees of independence of a judge, requirements for candidates for judges, legal responsibility, inviolability of a judge.

1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Тәуелсіз Қазақстан Республикасының екінші Конституциясы мемлекетімізді құқықтық мемлекет ретінде бекіте отырып, мемлекеттік биліктің үш тармағын айқындайды: заң шығарушы, атқарушы және сот билігі[1].

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 131 «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 1-бабына сәйкес «Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды»[2] Азаматтық, қылмыстық өзге де кез-келген іс бойынша жүргізілген сот төрелігі білгілі-бір құқықтық салдар тудырады. Әрбір азаматтық іс бойынша шығарылған негізді, заңды әрі әділ шешім Ата Заңымызда белгіленген азаматтық қоғам орнатуға ықпалын тигізсе, әрбір қылмыстық іс бойынша шығарылған негізді, заңды әрі әділ шешім сотқа, тиісінше мемлекеттік билікке деген халық сенімін ұлғайтады. Сонымен қатар заң бұзушылықтың орнын ерікті немесе мәжбүрлі түрде орнын толтыру құқық бұзушының рецидив жасауының және өзге азаматтардың заң бұзуының алдын алады. Сол себепті сот әділдігінің сақталуы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет орнауына зор ықпал тигізеді. Соттың өз қызметін тек Конституциямен, заңдарға бағына отырып, адал әрі әділ атқаруы үшін оның тәуелсіз болуы шарт. Сәйкесінше бұл жайында Қазақстан Республикасы Конституциясында және «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңда құқықтық нормалар орын алған. Жоғарыда аталған «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңда судья тәуелсіздігінің кепілдіктері аталып өткен[2]:

1) сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген рәсімімен; яғни сот процесі қылмыстық-процестік және азаматтық іс жүргізу кодекстерінде көзделген принциптер сақтала отырып жүргізілуі тиіс. Сот процесінің жүргізілу тәртібі аталған кодификацияланған заңдарда қатаң белгіленген, және оның қалай болмасын бұзылуы апелляциялық шағым түсіру негізі немесе іс жүргізуші судьяға қарсылық білдіруге негіз бола алады. Алайда мұнда практикада жиі іске қатысушылар тарапынан орын алатын субъективтік факторлар есепке алынбаған. Іске қатысушы тұлғалар сот процесінде айғай шу шығарып, жаға алысуға дейін баратын даулар кездеседі. Дәл сондай жағдайда сот процесінде тәртіп сақтату, сонымен қатар ең қарапайымы дауыс көтермеу қиын. Сот тәжірибесінде де рейтинг ұғымы бар екенін біріміз білеміз, біріміз білмейміз. Өзіне қатысты қарсылық білдірулер, апелляциялық және өзге де жоғарғы сатыларда шешімінің немесе үкімінің бұзылуы, ішінара бұзылуы тиісті судьяның рейтингісіне әсер етеді. Ал ол рейтингтің төмен болуы судьяның қызмет жолында түрлі салдар туындатуы мүмкін. Бұл жағдайлар іс жүргізуші судьяға психологиялық ауытпалықтар әкеледі деген ойдамын. Осы жерде судья боламын деушіге маңызды бір талап туындайды, ол – үміткердің салмақты, сабырлы, бір тоға мінезді болуы.

2) судьяның сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласқаны үшін, сондай-ақ сотты және судьяларды сыйламағандық үшін заңда жауаптылық белгілеумен; сот процесі барысында сотқа құрмет көрсету іс-жүргізу заңнамаларымен талап етіледі, бұзылған жағдайда сот залынан шығарып жіберу, айыппұл салу сияқты жауаптылық түрлері көзделген. Бұл құқықтық қатынастарға қатысты Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің «Мемлекеттік билік институтына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар» тарауында бірқатар норма қарастырылған[3].

3) судьяға ешкімнің тиіспеуімен; ең алдымен бұл кепілдік Қылмыстық-процестік кодексінде айқын көрініс тапқан[4]. Яғни аталған заңнамада көзделген

айрықша жағдайларды қоспағанда, судьяның бостандығын шектеуге, оған қатысты мәжбүрлеу шараларын қолдануға тыйым салынған.

4) Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген судьяны қызметке сайлау, тағайындау, судьяның өкілеттігін тоқтату және тоқтата тұру тәртібімен, судьяның орнынан түсу құқығымен; «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңның нормаларына сәйкес судьяны тағайындауда басым өкілеттілік Президентке берілген, тіпті республика аумағында барлық судьяларды қызметке Президент тағайындайды. Бұл ерекшелікті әр судья жеке дара билікті мемлекет атынан жүргізетіндігімен түсіндіруге болады. Ал, қалған судьялыққа үміткерлерді қабылдау, іріктеу туралы және өзге де мәселелерді ҚР Жоғарғы Сотының Кеңесі шешеді[2].

Осы кепілдікке қатысты бірқатар маңызды мәселелерді Елбасымыз «НұрОтан» партиясының XVI съезінде атап өтті. Ол – судьялыққа кандидаттардың іріктелуі, оларға қойылатын талаптарды қаталдандыру қажеттілігіне аса үлкен мән берілді[5]. Судья болу үшін кез-келген үміткер тек қана сот жүйесінде 5 жыл қызмет етуі керектігі баяндалды. «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңға сәйкес қазір судьялыққа үміткерлерге келесідей талаптар қойылады:

отыз жасқа толған;

жоғары заң білімі бар, еңбек жолы мінсіз және заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар;

Әділет біліктілік алқасында немесе мамандандырылған магистратурада біліктілік емтиханын тапсырған;

медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығын растаған;

сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және соттың жалпы отырысының оң пікірін алған Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалуы мүмкін. Мамандандырылған магистратураны оқып бітірген адамдарға тағылымдамадан өту талап етілмейді.

Елбасымыз баяндаған тағы бір шарт - жоғары тұрған судья болу үшін төменнен көтерілу керек екендігі. Себебі төменнен бастаған судья бұл қызметтің бар қыр-сырымен танысып, одан шыныққан жақсы судья шығатындығы күмәнсіз. Сонымен қатар бұл шарт судья қызметіне жету жолын қиындатады. Яғни тек мүмкіндігі мен қалауы барлар ғана емес, білімі мен еңбекқорлығы барлар да судья болуға мүмкіндігі болады. Қазір сотқа жаңа қызметке тұрған жас судьялар төраға болып кетіп жатқан жағдайлар кездесуде. Қызметіне орналасқан сәттен барлық міндеттерін мінсіз орындау үшін кем дегенде судьяға практика (еңбек өтілі қажет). Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы Ахметов Б.К. өзінің бір сұхбатында судьяларға жеке көмекшілердің қажеттілігін атап көрсеткен. Осы жерде судьяның жеке көмекшісін ваканттық орын ретінде ашып, онда қызмет еткен заңгерлерді судьялыққа үміткерлер қатарына қосу мүмкіндігін қарастыруға болады деген ойдамын. Сот жүйесінің ардагерлерінің ойынша судьяның тікелей жанында жүріп алынған тәжірибе, өзге ешбір тәжірибемен тең келмейді.

Судьяларға мемлекет есебінен олардың мәртебесіне сәйкес материалдық жағдай жасау және әлеуметтік қамсыздандыру, сондай-ақ оны нашарлатуға тыйым салу арқылы қамтамасыз етіледі; практикада осы кепілдіктің жоғары деңгейде іске асуы судьяларды сыбайлас жемқорлыққа бет бұрудан сақтайды. Мемлекетіміздің сот жүйесінде сыбайлас жемқорлық үшін айыпталған судьялар жоқ емес. Шет

Мақаланы негізгі өзектілігі: біріншіден, қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасының экономикасын өсуін қамтамасыз ету үшін аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйелердің даму тұжырымдамасын қайта ойластыруды және аймақ экономикасының атқарымдық құрылымдау мүмкіндігіне талдау жүргізу және аймақтағы шаруашылық байланыстардың жаңа сапалы құрылымын қалыптастыруды қажет; екіншіден, Қазақстан Республикасының аймақтары дербестілікке иеленуде және нақты территорияда, өзгеше жағдайда жүзеге асатын жаңа аймақтық қызығушылықтар мен жауапкершіліктер ортасын қалыптастыру; үшіншіден, аймақтардың үйлеспеушіліктеріе байланысты мемлекеттің жүргізіліп отырған аймақтық саясатына үлгілі дамуын қамтамасыз ету мақсатында кешенді баға берудің қажеттігі.

Түйін сөздер: аймақтық саясат, нарық, экономика, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, аймақтың экономикалық даму үдерісі.

ПРОБЛЕМЫ АНАЛИЗА СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. Цель исследования - теоретический и практический анализ аспектов регулирования социально-экономического развития регионов Республики Казахстан.

Определен теоретический смысл регулирования социально-экономического развития регионов и определены предпосылки реализации региональной политики; уточнено и обосновано определение «формирование регулирования социально-экономического развития регионов».

Была дана критическая оценка состояния современной индустриально-инновационной деятельности, обоснована отраслевая структура экономики Алматинской области, определены источники финансовой основы и социальное развитие Алматинской области.

Анализ социально-экономического развития регионов Казахстана в последующие годы позволил выявить положительные и отрицательные стороны сложившейся тенденции.

Актуальность статьи заключается: во-первых, для обеспечения роста экономики Республики Казахстан в современных условиях необходимо, разработать концепцию развития региональных социально - экономических систем и провести анализ возможности функциональной структуры экономики и сформировать качественно новую структуру хозяйственных связей в регионе; во-вторых, формирование новой региональной среды интересов и ответственности, в которой регионы Республики Казахстан обладают самостоятельностью и осуществляются на конкретной территории, в других условиях; в-третьих, в связи с диспропорциями регионов необходима комплексная оценка проводимой региональной политики государства с целью обеспечения образцового развития.

Ключевые слова: региональная политика, рынок, экономика, показатели социально-экономического развития, процессы экономического развития региона.

PROBLEMS OF ANALYSIS OF SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE REGIONS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The purpose of the research is a theoretical and practical analysis of aspects of regulation of socio-economic development of the regions of the Republic of Kazakhstan.

The theoretical meaning of regulating the socio-economic development of regions is defined and the prerequisites for the implementation of regional policy are defined; the definition "formation of regulation of socio-economic development of regions" is clarified and justified.

Was given a critical assessment of modern industrial innovation, justified by the sectoral structure of the economy of Almaty region, identifies sources of financial fundamentals and social development of Almaty region.

An analysis of the socio-economic development of Kazakhstan's regions in the following years revealed the positive and negative sides of the current trend.

Main relevance of the article: first, to ensure the growth of economy of the Republic of Kazakhstan in modern conditions it is necessary to develop the concept of development of regional socio-economic systems and to analyze possible functional structure of the regional economy and form a qualitatively new structure of economic relations in the region; second, the formation of a new regional environment of interest and responsibility, in which the regions have autonomy and are in a particular area, in excellent conditions; third, due to regional disparities, there is a need for a comprehensive assessment of the state's regional policy in order to ensure exemplary development.

Keywords: regional policy, market, economy, indicators of socio-economic development, processes of economic development of the region.

Қазіргі жағдайларда экономиканы қайта құру үдерісі аймақтық деңгейде анағұрлым белсенділік танытып отыр. Бұл аймақтың экономикалық қызметінің субъектілеріндегі нарықтық экономиканың заңнамалық актілері мен тетіктерін іске асыру қажеттілігіне байланысты. Сондықтан аймақтың ерекшеліктері аса маңызды өндірістік және өмір сүруді қамтамасыз етуші салалар және жеке сектордың басымдылығын ескеретін аймақтық экономикалық саясатты қалыптастыру өте маңызды. Әр аймақ, жалпы экономикалық үрдістер мен құбылыстардың күшті ықпалына ұшырай отырып, өзінің қауіпсіздік мәселелерін және аймақтың ерекшеліктері, аймақтың экономика құрылымы, тұрғындардың ұлттық құрамы және оның мінез-құлқының мәдени-тарихи дәстүрлеріне байланысты болады. Қазіргі уақытта мемлекеттің, оның аймақтарының және ұйымдарының, мемлекеттік және кәсіпкерлік қызмет салаларының экономикалық мүдделерін қорғау әдістері мен тетіктерін қалыптастырудың жаңа тұжырымдамалық әдістерін, тетіктерін талдау, ол Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясынан көрінеді [1].

Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде, негізгі назарға өндірістің территориялық ұйымдастырылуын жетілдіру мәселесі, аймақтардағы өндірістік үйлесімі қалыптасуының тиімді жолдарын іздеу өте маңызды. Қазіргі уақытта елімізде өндірістік күшті орналастыруды жоспарлауды жетілдіру бойынша үлкен жұмыс атқарылды.

Территориялық әлеуетті максималды тиімді қолдануға мүмкіндік беретін бірқатар мемлекеттік бағдарламалар қабылданғанмен, экономикалық өсудің жағымды үрдісі ел аймақтары экономикасы құрылымында түбегейлі өзгеріске әкелмеді, жеке аймақтар өз әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша артта қалуда.

Мұның барлығы аймақтық басқарудың жаңа саясатын қалыптастыру үдерісінің ғылыми негізделуін жетілдіретін Қазақстан Республикасы аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын қазақстандық экономиканың жаңа кезеңіне сәйкес реттеудің жаңа әдістемелік тәсілдері мен құралдары негізінде кешенді бағалауды қажет етеді.

Аймақтық дамуы және аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму мәселесіне арналған жұмыстардың көптеген мөлшеріне қарамастан, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау және кешенді бағалау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Сондықтан, аймақтық басқару және облыстардың әртүрлі дамуымен байланысты мәселелердің өзектілігі терең және тыңғылықты зерттеуді қажет етеді.

Мемлекеттің аймақтарды дамыту саясатында ең кең тараған құрал «теңестіру саясаты» болып табылады. Бұл құрал жекелеген аймақтарда бюджеттік-салықтық ағымдарды қарастыру үшін қажет. Теңестірусаясатын жүргізгенде, біріншіден, қолдауды қажет ететін аймақтар шекарасы анықталады. Өндірістің даму деңгейі, халықтың табыс көлемі, халық саны, жұмыссыздық көлемі сияқты көрсеткіштер ескеріледі. Сонымен қатар, қолдау көрсету себептеріне дамудың түрлілігі, экономикалық дағдарыстар, апаттар, қолайсыз климаттық, географиялық орналасу жағдайлары қарастыру өте маңызды. Кез келген жағдайда бұл негіздер объективті

түрде негізделіп, соған орай қолдау мақсатты түрде жүзеге асу қажет. Екіншіден, ҚР-да аймақтың мамандандыру тұжырымдамасы жасалады. Бұл барлық елдерге қолданылады, алайда теңестіру саясатының әр елде өз ерекшеліктері бар. Теңестіру саясаты жекелеген аймақтарға, мемлекеттік құралы ретінде түрлі территориялық топтарға түрлі масштабта қолданылады. Мысалы, Германияда кең көлемді теңестіру саясаты бұрынғы ГДР жерлеріне, Жапонияда технополистер құруға, ал, Италияда оңтүстік және солтүстік территорияларға байланысты қолданылады [2, 456.].

Дамыған елдерде мемлекеттік қаржы жүйесінің 4 түрі бар: мемлекеттік бюджет; жергілікті қаржы; арнайы бюджеттік емес қорлар мен мемлекеттік мекемелер қаржысы. К.Р. Манконнелл мен С.Л Брю қаржы - бюджеттік және фискалды саясатанықтамасын біріктіріп, үкіметтің енгізген толық жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттің шығыс пен салық салу өзгерістерін анықтады [3, 266.].

Облыста жұмыс күшінің саны (экономикалық белсенді халық) 2017 жылы 1037,5 мың адамды құрады (халықтың жалпы санынан - 51,4%, ҚР көрсеткіш мәні - 50,0%).

2015 жылмен салыстырғанда жұмыс күшінің саны (ЭБХ) 4,5%-ке артты немесе 45,0 мың адамға (2015 жылы – 992,5 мың адам). Облыстың экономикалық белсенді халықтың деңгейі 2017 жылы 74,7%-ті құрайды, жалпы ҚР бойынша жоғары (69,7%).

Облыста ресми жұмыспен қамтылған халықтың қатарында айтарлықтай үлес өз ісімен шұғылданушыларға тиесілі – 27,0% (ҚР – 24,5%) және олар негізінен қызмет және сауда саласында жұмыспен қамтылған. 2015-2017 жылдары өз ісімен шұғылданатындар саны 247,6 мың адамнан 266,8 мың адамға дейін азайды немесе 7,8%. Жалпы өз ісімен айналысатын халық санынан пайдасыз өз ісімен шұғылданушылар үлесі 14,5%-ті құрайды (2015ж. - 22,7%).

2017 жылы жұмыссыздар саны 2015 жылғы 49,5 мың адамға қарағанда 49,1 мың адамды құрады, жұмыссыздық деңгейі 4,8%-тен 4,7%-ке дейін қысқарды (ҚР – 4,9%), жастар жұмыссыздығы – 3,0% (ҚР-3,9%), әйелдер жұмыссыздығы 6,0%-ке (ҚР-5,4%) төмендеді [4].

Жұмыссыздардың жыныстық-жастық құрылымына жүргізілген талау айтарлықтай үлесті орта жастағы адамдар (68,0%), атап айтқанда 30-дан 55 жас аралығындағылар құрайтынын көрсетті, жұмыссыздар арасында 59%-і – бұл әйелдер.

Жұмыссыздардың кәсіби-біліктілік құрылымы бойынша 78%-і орташа-кәсіби және орта жалпы білім барлар болып табылады.

Аумақтық бөліністе жұмыссыздық деңгейі Ақсу, Балқаш, Ескелді, Жамбыл, Қаратал, Көксу, Райымбек, Сарқан, Ұйғыр аудандарында және Қапшағай қаласында орташа облыстық деңгейден жоғары.


1-кесте. Алматы облысының еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері

мың адам

		2015 ж.	2017 ж.	ауытқу (+,-)	2015 жылға 2017ж. , %
1	Экономикалық белсенді халық	992,5	1037,5	45,0	104,5
2	Жұмыспен қамтылған халық	943,0	988,5	45,5	104,8
	<i>оның ішінде:</i> Жалдамалы	695,4	721,7	26,3	103,8

	өз ісімен шұғылданушылар	247,6	266,8	19,2	107,8
	жұмыспен қамтылған халық құрамында өз ісімен шұғылданушылар үлесі,%	26,3	27,0	0,7	x
	пайдасыз жұмыспен қамтылу	56,2	38,7	-17,5	68,9
	Пайдасыз жұмыспен қамтылғандар үлесі, %	22,7	14,5	-8,2	x
3	Жұмыссыз халық	49,5	49,1	-0,4	99,2
	Жалпы жұмыссыздық деңгейі, %	5,0	4,7	-0,3	x
4	Жастар жұмыссыздығының деңгейі (15-28 жас),%	2,6	3,0	0,4	x
5	Әйелдер жұмыссыз. деңгейі,%	5,8	6,0	0,2	x
Ескерту - [4] әдебиет негізінде құрастырылған					

Жұмыспен қамтылған халық құрылымында экономика салалары бойынша айтарлықтай үлес ауыл, орман және балық шаруашылығына – 24,5% және бюджеттік салаға (мемлекеттік басқару, білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер, өнер, көңіл-көтеру және демалыс) – 26,3% тиесілі, яғни 50,5%-і табысы жоғары емес салаларды жұмыспен қамтылған. Өнеркәсіпте жұмыспен қамтылу – 8,2%-ті, құрылыста – 5,7%, саудада – 12,8%, басқа салаларда 22,8%-ті құрады.



1-сурет. Қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылған халық, мың адам

Облыстағы әлеуметтік-экономикалық жағдай соңғы жылдары жеткілікті тұрғыда тұрақты болып сақталуда: шағын бизнес саласында кәсіпорындар саны өсуіде; жұмыс орындары мен бос орындар саны өсуде; білікті еңбекке сұраныс пен ұсыныс артуда.

Жұмыспен қамту жүйесінде жағымды өзгерістер байқалады, алайда, шешілмеген мәселелерде сақталуда. Ауылдық жерлерде бос жұмыс орындарының жеткіліксіз болуы сақталуда, бұл ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығына, негізінен өзінің аула шаруашылығында жұмыс жасайтын жұмыс

күшінің көп болуына, ауыл халқының төмен білікті деңгейіне, мамандық бойынша жұмыстың болмауына байланысты.

Нәтижесінде, еңбек нарығында жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысы арасында теңсіздік орын алады, әсіресе жастар, мүгедектер, сондай-ақ ұзақ уақыт бойы жұмыс жасамайтын және зейнеткерлік алдындағы жастағы адамдар арасында. Аталған санаттағы халықты жұмыспен қамту мақсатында облыста халықтың әлсіз жігімен нысаналы жұмыс жүргізуді көздейтін, Халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесудің кешенді жоспары әзірленді.

2017 жылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мәселесі бойынша жүгінгендердің саны 48,4 мың адамды құрады (2015ж. - 32,1 мың). Олардың ішінде 42,5 мың адам жұмысқа орналастырылды, жұмыспен қамту мәселелері бойынша жүгінген адамдардың ішінде жұмысқа орналастырылғандар үлесі 83,0%-ті құрайды (2015ж. – 79,1%). Жүгінген нысаналы топтың ішінен тұрақты жұмыс орнына орналастырылғандар үлесі 73,5%-ті құрайды (2015ж. - 61,1%).

Облыста 67,3 мың мүгедектер тұрады немесе жалпы халық санынан - 3,3%.

Олардың ішінен 01.01.2018 жылғы жағдай бойынша жұмысқа қабілетті мүгедектер саны 18,6 мың адамды құрайды, оның ішінде 13,8 – жұмыс жасайтындар және 4,8 мың - жұмыс жасамайтындар.

Тұрақты жұмыс орындарына 490 мүгедек жұмысқа орналастырылды немесе жұмыс жасамайтындар санынан – 10,2%.

2017 жылы экономиканың түрлі салаларында 26240 жұмыс орны құрылды, 2015 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 17,3%-ке артты (2015 ж. - 22370).

2015-2016 жылдары жұмыспен қамтудың 2020 жол картасы аясында облыста 2,7 мыңнан астам адам сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқумен қамтылды. Оқуды аяқтағандар қатарынан 93,4%-і тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналасты.

2017 жылдан бері пайдалы жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы жүзеге асырылуда, 24 мыңға жуық адам қамтылды. 840 ауыл тұрғыны шағын несиелер алып, өз бизнестерін ашты.

Үстіміздегі жылы оны жүзеге асыру бойынша 24 мың жұмыссыздарды және пайдасыз өз ісімен шұғылданушыларды қамту үшін 10,7 млрд. теңге бөлінді.

2017 жылдың 1 қаңтарынан шетелдің жұмыс күшін тартудың жаңа тәртібі енгізілді, ол Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік дамыту министрінің м.а. 2016 жылғы 27 маусымдағы №559 бұйрығымен бекітілген «Шетелдік жұмысшыға жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдің жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ корпоратившілік ауысуды жүргізуге рұқсат беру ережелері және талаптарымен» реттеледі.

Жұмыс берушіге шетелдің жұмыс күшін тартуға рұқсат беру ақылы негізде жүргізіледі. Білікті мамандарға алымдар мөлшерлемесі шетелдік жұмыс күшінің және саланың санатына қарай, 137-ден 250 АЕК арасында белгіленеді. Маусымдық шетел жұмысшылары үшін 24 АЕК құрайды.

2017 жылы 918 рұқсат берілді, оның ішінде білікті мамандар тартуға – 473.

Жергілікті ақарушы органдармен берілген рұқсаттар бойынша (шетелдің жұмыс күшін тарту квотасы бойынша) тартылатын шетелдік жұмыс күшінің құрамында білікті мамандардың үлестік салмағы 51,6 %-ті құрады.

2012 жылдың 1 қаңтарынан облыста «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік» ААЖ қолданысқа енгізілді, ол еңбек талаптарын есепке алу және мониторингі, өндірістік

жарақаттану серпіні, еңбек қатынастары мен еңбекті қорғау саласындағы бұзушылықтарды және оларды жоюды тіркеуге мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары облыста өндірістік жарақаттану деңгейі тұрақты түрде төмендеу үрдісіне ие. Атап айтсақ, 2017 жылдың қорытындылары бойынша өндірісте 44 адам жарақат алды, оның ішінде 8 адам қайтыс болды, 2015 жылы – 63 адам, оның ішінде 16 адам қайтыс болды. Өндірістік жарақаттану деңгейі (1000 адамға шаққанда қайғылы жағдайлар жиілігінің коэффициенті) 2015 жылғы 0,17%-тен 2017 жылы 0,063%-ке төмендеді.

Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын және азаматтардың еңбек қауіпсіздігі мен қорғау талаптарын жақсарту бойынша еңбек құқықтарын қорғау талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында жүйелі мемлекеттік бақылауды жүргізу жалғасуда.

2017 жылы өткізілген тексерулер қорытындылары бойынша еңбек заңнамасын бұзудың 398 жағдайы анықталды, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және қорғау бойынша – 82. 2015 жылмен салыстырғанда 14,0%-ке кеміді.

Облыста БАҚ-та еңбек заңнамасы бойынша 46 сөз сөйлеулер және 370 түсіндіру семинарлары мен оқытулар ұйымдастырылды. Нәтижесінде, анықталған еңбек заңнамасын бұзудың жалпы санына қарағанда жойылған бұзушылықтардың үлесік салмағы 98,7%-ті құрады (2015ж. - 96,5%).

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2017 жылы табысы күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 2,4%-ті құрады (ҚР – 2,6%), оның ішінде қалада – 1,3%, ауылда – 2,7%. Яғни бұл көрсеткіш қалалық жерлерге қарағанда ауылдық жерлерде жоғары.

Орташа айлық атаулы еңбек ақы күнкөріс минимумынан 4,5 есеге жуық асады және 110,0 мың теңгені құрайды.

2017 жылы МӘК табысы кедейлік деңгейінен төмен 2649 азаматтарға тағайындалды, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 28,2%-ке аз. Талдау көрсеткендей, әлеуметтік жәрдемақыны алушылар негізінен балалы отбасылары – 68,5% және балаларға күтім жасайтындар 9,5% болып табылады.

Тұрмысы күнкөріс деңгейінен төмен халықтың жалпы санынан МӘК алушылар үлесі 2015 жылғы 7,1%-тен 2017 жылы 6,6%-ті құрайды, ал мекен-жай әлеуметтік көмегін алушылар санынан жұмысқа қабілеттілерінің үлесі 29,8%-тен 28,5%-е төмендеді.

2017 жылы 18 жасқа дейінгі 37,7 мың бала балалар жәрдемақысын алды, 2015 жылы - 41,6 мың бала алды, яғни 3,9 мың балаға азайды. 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы алушылардың (МБЖ) үлестік салмағы өткен жылға қарағанда, 2015 жылғы 90,6%-ке 2017 жылы 100,0%-ті құрады.

Қарастырылатын кезеңде мекен-жай көмегін алушылар саны 2015 жылғы 9823 адамнан 2017 жылы 8872 адамға дейін азайды немесе 9,7%.

Облыста 67,3 мыңнан астам қолдауға мұқтаж мүгедектер бар немесе халықтың жалпы санынан - 3,3% (2017,3 мың адам).

Облыста мүгедектер баратын 2117 әлеуметтік инфрақұрылым объектілері паспорттаудан өтті.

Бірінші кезектегі барлық 400 бейімделу объектілері сәйкестікке келтірілді (пандустар, сан.тораптар, кіреберіс тобын, авто тұрақтарды құрылысы және т.б.).

Нәтижесінде, паспортталған әлеуметтік, көлік инфрақұрылымы объектілерінің жалпы санынан мүгедектерге қол жетімді әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің үлесі 2015 жылғы 91,5%-ке қарағанда 99,4%-ті құрады.

Облыс бойынша арнайы әлеуметтік көмек көрсететін 12 мекеме жұмыс жасайды (облыс әкімінің 08.07.2016 жылғы №363 қаулысымен медициналық-әлеуметтік мекемелер атауы Арнайы әлеуметтік көмек көрсету орталықтары деп ауыстырылды).

Облыста 2001 орынды стационарлық үлгідегі 9 мекеме жұмыс жасайды, оның ішінде қарттар мен жалпы түрдегі мүгедектерге арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін 2 орталық, 18 жастан жоғары жүйке-неврологиялық ауруларымен науқастанушыларға арналған 5 орталық, 3-тен 18 жас аралығындағы жүйке-неврологиялық аурулармен науқастанатын мүгедек балаларға арналған 2 орталық бар.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды қалпына келтіру күндізгі уақытта Талдықорған қаласында, Қаратал және Көксу аудандарында 3 күндізгі бөлімшелер негізінде жүргізіледі, 213 мүгедек бала қалпына келтіру курстарынан өтті.

Сонымен қатар, үйде көмек көрсететін 51 әлеуметтік көмек бөлімшелері жұмыс жасайды, 4798 азаматтарға арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетілді.

Барлығы арнайы әлеуметтік қызметтердің 8 түрі көрсетіледі, арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсетумен қамтылғандардың үлестік салмағы (оларды алуға мұқтаж жандардың жалпы санынан) 2015 жылғы 98,4%-ке қарағанда 2017 жылы 99,0%-ке дейін артты. 2015 жылмен салыстырғанда арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсетумен қамтылғандар саны 0,6%-ке артты.

Жекеменшік секторы (оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар) көрсететін арнайы әлеуметтік қызметтермен қамтылған тұлғалардың үлесі 2015 жылғы 2,1%-тен 2017 жылы 3,6%-ке артты. 2015 жылмен салыстырғанда жекеменшік сектор субъектілерімен көрсетілетін арнайы әлеуметтік қызметтермен қамтылған тұлғалар үлесі 1,5%-ке көбейді.

Қаржыландыру көлемі бойынша ілгерілеу байқалғанымен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша алдыңғы көрсеткіштерге шығу үшін жасалғандардың барлығы жеткіліксіз және облыста болашақта ірі жұмыс пен дамуға орасан зор салымдар қажет.

Сәйкес мемлекеттік органдарға бюджеттік қаражаттың жұмсалуды және орындалған жұмыстардың сапасын бақылауды күшейту қажет.

Алматы облысы Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуына маңызды үлесін тигізеді. Екі миллион халқымен республиканың ең ірі аймақтарына кіре отырып, мемлекет Президентінің Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясының қалыптасқан тапсырмаларын облыс орындауға дайын. Әлеуметтік саланың дамуы ел дамуының мемлекеттік саясатының негізгісі болып табылады. Төменде Алматы облысының әлеуметтік дамуының жетістіктері, кемшіліктері және жоспарлары жайлы аналитикалық материалдар көрсетілген.

Облыста халықты жұмыспен қамтудың өсіміне шетелдік жұмысшы күшін қолдану әсер етеді, ақырғы жылдары ҚР Үкіметінің енгізген квотасының арқасында көлемі төмендеді. Облыстың еңбек нарығын талдауда жұмыспен қамтылудың өсу беталысын және сәйкесінше жұмыссыздықтың төмендеуін, өзін-өзі қамту мен шетелдік жұмысшы күшін қолдануын азайғандығын көрсетеді.

Сол кезде өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың саны едәуір болып қалуда, олар өз қожалықтарында қамтылғандар, жасырын жұмыссыздық болып табылады. Сонымен қатар, шетелдік жұмысшы күшін қолдану тәжірибесі қысқармай отыр.

Балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамтудың 95,0%-тен 97,0%-ке дейінгі айтарлықтай үлесі Алакөл, Ақсу, Балқаш, Сарқан, Панфилов, Іле, Жамбыл, Қаратал, Ұйғыр және Текелі, Қапшағай қалаларында байқалады. Қамтудың төмен

деңгейі Қарасай (90,3%), Ескелді (90,1%), Еңбекшіқазақ (93,4%), Райымбек (94,8%), Панфилов (93,0%) аудандарында және Талдықорған қаласында (93,6%) байқалады. Мектепке дейінгі мекемелерге кезекте тұрған балалардың саны – 39884 адам, оның ішінде 14063 адам немесе 35,2% - 1-ден 3 жасқа дейінгі балалар (1-кесте). Орынға деген азғантай Еңбекшіқазақ (13,0%), Қарасай (16,8%), Талғар (12,9%), Іле (12,6%) аудандарында және Қапшағай (4,7%), Талдықорған (24,3%) қалаларында байқалады.

2-кесте. Мектепке дейінгі ұйымдар жүйесін дамыту серпіні

Балабақшалар саны/қамтылған балалар			Шағын орталықтардың саны/қатылған балалар			3-тен 6 жас аралығындағы балаларды жалпы қамту %			01.01.2018 жылға кезекте тұрған адамдардың болуы
2015ж	2016ж	2017ж	2015ж	2016ж	2017ж	2015ж	2016ж	2017ж	
382/42371	500/48862	610/55542	434/16434	431/16545	412/15684	77,3	87,0	95,3	39884
Ескерту - [4] әдебиет негізінде құрастырылған									

Орта білімде білім берудің жаңартылған мазмұнына ауысу, білім берудің қол жетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде, әрбір жанды қаржыландыруға ауысу пилоттық тәртіпте пысықталуда.

2015 жылдан 2017 жылдар аралығында 29860 оқушы орнына 62 жаңа мектеп іске қосылды, 116 білім объектілері күрделі жөндеуден өткізілді.

Сонымен қатар 158 мектеп немесе жалпы мектептер санынан 20,8% бейімделген ғимаратта орналасқан, 2015 жылы 5 апаттық мектептің орнынан 5 мектеп іске қосылды, 2016 жылы 9 мектеп қолданысқа берілді, оның ішінде 8 мектеп – үш ауысымды мектептердің орнына қосымша, 2017 жылы 33 мектеп іске қосылды: оның ішінде 3 ауысымдылық мәселесін шешу үшін 28 мектеп, 1 мектеп - апаттылық мәселесін, 1 мектеп - орын тапшылығын, 3 - бейімділік мәселесі шешілді. 27 мектепте үш ауысымда білім беріледі, оқушылар орынының тапшылығы мәселесі әлі алынған жоқ. Мектептердің үштен бір бөлігі күрделі жөндеуді қажет етеді, 432 мектеп (58,3%) 1930-1980 жылдары аралығында салынған.

Бейімделген ғимараттарда орналасқан мектептердің айтарлықтай үлесі Кербұлақ, Алакөл, Ақсу, Райымбек аудандарына тиесілі.

15814 бала контингенті бар қосымша білім беретін мектептен тыс 38 мекеме бар, олардың қатарында 8 – оқушылар сарайлары, 1 – жас натуралистер станциялары, 2 - жас техниктер станциялары, 2 – жас туристер станциялары, 12 – балалар өнер мектептері, 12 - музыка мектептері, 1 – көркемөнер мектебі. Қосымша білім берумен қамту балалардың жалпы санынан 2015 жылғы 4,1%-ке қарағанда 4,5 %-ті құрайды.

2017-2018 оқу жылы облыстың 277 мектебінде 194 педагог-дефектологтар және 142 логопедтер жұмыс жасайды, 1982 бала қамтылды.

Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша білім беру бағдарламаларын сәтті игерген оқушылардың үлесі 2017 жылы 54,5%-ті құрайды (2015 жылы – 52,5%) құрайды. Түрлі зияткерлік жарыстардың жеңімпаздары болып табылатын оқушылар саны 2017 жылы 95 марапат игерлерін құрады (2015-188).

Ыстық тамақпен қамту 2015 жылғы 531 мектепке қарағанда 568 мектепте ұйымдастырылды. Онда 343792 бала немесе мектепте оқитындардың жалпы санынан 92% оқушылар қамтылған. Әлеуметтік қорғалмаған және аз қамтылған отбасыларынан 36160

бала ыстық тамақпен 100% қамтылған. Облыс бойынша 88 мектепте буфеттік тамақтандыру ұйымдастырылған.

Сәйкес мектептер жоқ шалғайдағы елді мекендерде жеткізуге мұқтаж 16469 баланың 16445-і үшін мектепке жеткізу ұйымдастырылды, бұл - 99 % (2017 жылы – 99%), 24 оқушы мектеп-интернаттарға орналастырылды (0,6%).

Оқулықтар алуға бөлінетін қаражат жыл сайын артуда, бұл облыс мектептерінде оқулықтармен қамтылуының соңғы 3 жылда жақсаруына оң әсерін тиігізіп, 100%-ке жетті.

Облыста мектептердің 89,2%-і кең жолақты Интернет желісіне қосылған (2015-2016 оқу жылы – 81%), 613 мектепте немесе 83%-де 2483 интербелсенді тақталар орнатылған (2015-2016 оқу жылы 604 (82%) мектепте 2459 интербелсенді тақталар), 388 мектеп немесе 52% лингафон кабинеттерімен (350 мектеп), мектептердің 47,1%-і жаңа үлгідегі кабинеттермен жабдықталған. Компьютермен қамтылу 1 компьютерге 11 оқушыны құрайды.

Облыста 74 техникалық және кәсіби білім беру мекемелері әрекет етеді, олардың 29-ы (39,2%) ауылдық жерлерде орналасқан, 3 колледж ПМ жабық мекемелерінде орналасқан. Мемлекеттік – 41 және жекеменшік 33 колледж бар.

Барлығы 68 мамандық және 137 біліктілік бойынша 33 мың шәкірт білім алуға, оның ішінде 18,6 мың немесе 56,4 % - мемлекеттік тапсырыс бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім алады. Оқытушылар құрамының саны – 3285 адам.

2017 жылы оқуға 12201 адам қабылданды, оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен – 7474 адам. 9666 маман шығарылды.

Үлгілі жастағы (14-24 жас) жастарды техникалық және кәсіби білім берумен қамту үлесі 2017 жылы 10,4%-ті құрады (2015 ж. – 9,4%).

Аталған көрсеткішті арттыру үшін, жұмыс кәсіптері бойынша мамандар дайындайтын колледждер жоқ Іле, Кербұлақ және Ескелді аудандарында 3 колледж, Талғар агробизнес және менеджмент, Талғар политехникалық, Талдықорған музыкалық және Бастөбе сервистік-техникалық 4 колледжге жатақхана салу қажет.

3 колледжде - Қапал және Көлсей кәсіби-техникалық, Бастөбе сервистік-техникалық колледждерінде өндірістік сабақтар өткізу және алғашқы тәжірибелер алу үшін шеберханалар салу қажет.

Жаңа техникалық кәсіптерді ашу үшін білім мекемелер шеберханаларының материалдық-техникалық базасын жаңарту қажет. Бүгінгі таңда Т және КБ мекемелерінің 39%-і заманауи құралдармен жабдықталған.

Т және КБ мекемелерін материалдық-техникалық нығайту және ғимараттарын күрделі жөндеу талап етіледі.

2016-2017 оқу жылында дуальді білім алу жүйесі бойынша 24 оқу орындарында 37 мамандық бойынша 132 кәсіпорында студенттердің жалпы санынан 3,2% қамтылды. 2017-2018 оқу жылы дуальді оқуға 28 оқу орындары 22 мамандық бойынша (32,9%) 207 кәсіпорын тартылады, студенттерді қамту 4,8%-ті құрайды.

Жоғары және бірінші санаттағы мамандар үлесі 2015 жылы - 43,3%; 2016 жылы - 45,2%, 2017 жылы 44,0%-ті құрайды. Жоғары және бірінші санаттағы мамандар үлесі 2017 жылы 46,5%-ке артады.

Білім сапасын арттыру үшін материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз ету мәселелерімен қатар, мемлекеттік колледждерді тәуелсіз аттестациядан өткізу мәселесі де басымдыққа ие. Аттестациядан өту үшін

мемлекеттік колледждео қаржыландыруды талап етеді, ол әрекет етуші бюджетте көзделмеген.

2016 жылы облыста мүмкіндігі шектеулі 11085 бала болатын (2015 ж. – 10061), оның ішінде 29,8%-і мектепке дейінгі жастағы балалар. Олардың ішінде арнайы білім берумен 2017 жылы – 18,0%, 2015 жылы 16,4% қамтылды. 7 арнайы ұйымдармен қатар 328 жалпы білім беретін мектептерде (43,3%) мүмкіндігі инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалған. Бұл мектептерде дені сау қатарластарымен бірге 2203 (19,8%) оқушы білім алуда, 2015 жылы - 1555 (15,4%), республикалық көрсеткіш 53% болғанда (2015 ж. – 29,7%) үйде 2108 бала білім алады (2015 ж. – 1699).

2017-2018 оқу жылы облыс мектептерінде 2015-2016 оқу жылындағы 35570 адамға қарағанда 34735 педагог мамандар жұмыс жасайды. Барлығы жоғары білімді – 31550, орта арнайы педагогикалық білім бар 3185 педагог бар. Жоғары санатқа - 7091, бірінші санатқа - 10760, екінші санатқа – 9986 педагог ие, санаты жоқ оқытушылары саны - 6898.

Жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар үлесі 2017 жылы 2015 жылғы 89,9%-ке қарағанда 90,8%-ті құрады.

Деңгейлік курстар бойынша сертификатталған барлық педагогтар үшін базалық лауазымдық жалақыларына 1 деңгейге – 100%, 2 деңгейде – 70%, 3 деңгейге – 30% үстемақы көзделген.

2017-2018 оқу жылында облыс мектептеріне 1400 жас мамандар келді, оның ішінде 1128 маман ауылдық жерлерге келді.

Жаздық демалысты ұйымдастыру:

2017 жылғы жазғы мезгілде облыста 33 қала сыртындағы балаларға арналған сауықтыру лагерлері жұмыс жасады (2015 ж. – 34), олардың ішінде 10 – мемлекеттік және 23 – жекеменшік. Балқаш, Іле, Қаратал, Кербұлақ аудандарында қала сыртындағы лагерлер жоқ.

2017 жылы сауықтырумен қамту 2015 жылғы 60,9%-ке қарағанда 88,7%-ті құрады.

Сонымен қорытындылай келе, тараудағы пайдаланылған мәліметтерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеуде мәселелер:

- экономиканың әр саласы бойынша мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуде және оны жүзеге асыруды жүйелі жолға қою керек. Ол үшін мемлекеттік бағдарламаларды дайындауда әр аймақтың даму ерекшелігін есепке нақты түрде алу және бағдарламалардың іс жүзінде жүзеге асырылуын бақылау.

- аймақтарға республикалық бюджеттен қаражат бөлу аясында үйлеспеушілік салдарынан аймақтардың дамуына кері әсерлерін тигізуде. Бұл жағдайда да әр аймақтардың экономикалық даму жағдайларына көңіл бөлу керек.

Ал, Алматы облысы Қытай Халық Республикасымен және Қырғызстан Республикасымен шектесетіндіктен, аталған облыстың экономикасын дамытудың басым бөлігі өңір арқылы өтетін көлік маршруттарын, сонымен қатар шекара маңындағы сауда орталықтарының инфрақұрылымын дамыту арқылы өңірдің транзиттік әлеуетін дамыту және аса маңызды халықаралық экономикалық ынтымақтастық аймақтары ретінде шектес аумақтардың рөлін күшейту болып табылады.

Барлық салалардағы негізгі мәселелерді ескере келе, Алматы облыстың әлеуметтік – экономикасының әрбір саласына кәсіби маман тапшылығына әкеліп тіреледі. Ал, түлектердің басым көпшілігі ауылдық жерлерге барып жұмыс істеуге

қаржылай ресурстардың себептерінен бас тартуда. Сондықтан, жоғары оқу орнын бітіруші түлектерге ауылдық жерлерде жұмыс жасауға үгіт насихатты күшейту керек және жас мамандарға мемлекет тарапынан берілетін қолдауларды түрлерін көбейту керек. Осы тұста ұсыныс ретінде айта кететін жағдай ЖОО бітірген түлектерді жұмыспен қамтуды күшейту. Өйткені көптеген мекемелер жұмысқа қабылдау кезінде кез келген маманның еңбек стажына көп көңіл аударады. Ал, жаңадан бітірген түлектердің еңбек стажының жоқтығына сәйкес, жұмысқа орналасуына көп кедергі келтіреді. Бұл жағдай жұмыссыздықтың көбеюіне әкеліп соқтырады. Біздің ойымызша, жас түлектерді жұмысқа орналастыруда әрбір мекемеге заңды түрде жүктесе, аз да болса жұмыспен қамту мәселесі шешілетін еді. Сонымен қатар, Алматы облысы Алматы қаласына жақын орналасқандықтан негізгі жұмыс күші де қалаға қарай ығысуда. Бұл экономиканың кез келген саласына аз да болса кері әсерін тигізеді. Сондай-ақ, мемлекет экономиканың әр саласының қолдау бағдарламаларын халыққа түсінікті түрде насихаттау керек және олардың жүзеге асырылуын қадағалау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген
- 2 Макконнелл К.Р., Брю С.Л. Экономикс: принципы, проблемы и политика. Учебник, - М.: ИНФРА, - 2013 г. – 345 с.
- 3 Бримбетова Н.Ж. Социально-экономическая дифференциация регионов Казахстана и стратегические приоритеты их развития. - Алматы: Институт экономики МОН РК, 2016 г. – 226 с.
- 4 Алматы облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы. – Алматы, 2018 ж.

УДК: 375

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІН БАҒАЛАУ ҮШІН КӨРСЕТКІШТЕР ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

К.Б.Дауылбаев¹, Г.Шорманова¹

*¹ Алматы Технологиялық Университетінің экономика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

*¹ Алматы Технологиялық Университетінің экономика ғылымдарының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

Түйіндемe: Мақаланың мақсаты – Қазіргі жағдайларда экономиканы қайта құру процесі аймақтық деңгейде анағұрлым белсенділік танытып отыр, бұл аймақтың экономикалық қызметінің субъектілеріндегі нарықтық экономиканың заңнамалық актілері мен тетіктерін іске асыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Әдіснама – мақаланы дайындау кезінде нарық жағдайда кәсіпорындардың экономикалық қауіпсіздігінің мәнін айқындаға тоқтала отырып оның теориялық

аспектілері баяндалды. Құндылығы – нарық жағдайда экономикалық қауіпсіздігінің мәнін айқындағау және оның теориялық аспектілеріне қысқаша мәліметтер берілді. Қорытынды –Қазіргі кездегі әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай халықаралық экономикалық қатынастардың жаһандануына байланысты ол елдің болашағы, нарық жағдайда аймақтың экономикалық қауіпсіздігі мен тұрақты дамуының арасындағы байланыстылық пен өзара тәуелділік негізделген.

Экономиканың тұрақтылығын, оның дамуының тұрақтылығын және үдемелілігін, ел экономикасымен ықпалдасуы мен еркіндігі деңгейін, сонымен қатар мемлекеттік биліктің аймақтық органдарының шаруашылық субъектілерінің мүдделерін іске асыру және қорғаудың және аумақ қауымдастығының әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қолдау тетіктерінкүру қабілеттілігін сипаттайтын шарттар мен факторлар жиынтығы ретінде аймақтардың экономикалық қауіпсіздігінің анықтамасы берілген. Осымен байланысты Қазақстан Республикасының аймақтарының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі құрылымдар қызметін толығымен үйлестіру болады.

Экономикалық қауіпсіздікті бағалау кезінде зерттелетін мемлекеттің халықаралық тәжірибесі мен тәжірибесі негізінде есептелген көрсеткіштердің шекті мәндерін олардың нақты мәндерімен салыстыруға негізделген тәсіл жиі пайдаланылады. Алайда, көрсеткіштердің құрамы мен олардың мәндері әр түрлі авторлардың арасында айтарлықтай ажыратылады.

Түйін сөздер: экономикалық қауіпсіздік, әлеуметтік-экономикалық даму, аймақтық экономиканың экономикалық қауіпсіздігі, макроэкономика, нарықтық экономика.

СПОСОБЫ ФОРМИРОВАНИЯ СИСТЕМЫ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ДЛЯ ОЦЕНКИ СОСТОЯНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Аннотация. Цель исследования - в современных условиях процесс преобразования экономики наиболее активно проявляется на региональном уровне, что объясняется необходимостью реализации законодательных актов и механизмов рыночной экономики у субъектов экономической деятельности региона. Методология - в ходе подготовки статьи были изложены теоретические аспекты, определяющие сущность экономической безопасности предприятий в условиях рынка. Ценность - определить сущность экономической безопасности в условиях рынка и дать краткие сведения о его теоретических аспектах. Заключение - как показывает современная мировая практика, в связи с глобализацией международных экономических отношений перспектива страны обусловлена, связанностью и взаимозависимостью экономической безопасности и устойчивым развитием региона в рыночных условиях.

Дано определение экономической безопасности регионов как совокупности условий и факторов, характеризующих устойчивость экономики, устойчивость и интенсивность ее развития, уровень интеграции и свободы с экономикой страны, а также способность региональных органов государственной власти создавать механизмы реализации и защиты интересов хозяйствующих субъектов и поддержки социально-экономической стабильности территориального сообщества. В связи с этим будет полностью координироваться деятельность структур в обеспечении экономической безопасности регионов Республики Казахстан.

При оценке экономической безопасности часто используется подход, основанный на сопоставлении предельных значений показателей, рассчитанных на основе международного опыта и опыта исследуемого государства с их конкретными значениями.

Однако состав показателей и их значения существенно различаются у разных авторов.

Ключевые слова: экономическая безопасность, социально-экономическое развитие, региональная экономическая безопасность, макроэкономика, рыночная экономика.

METHODS OF FORMING OF THE SYSTEM OF INDEXES FOR THE ESTIMATION OF THE STATE OF ECONOMIC SECURITY

Abstract. The purpose of the research is that in modern conditions, the process of economic transformation is most actively manifested at the regional level, which is explained by the need to implement legislative acts and mechanisms of the market economy in the economic entities of the region. Methodology-during the preparation of the article, the theoretical aspects that determine the essence of economic security of enterprises in the market conditions were outlined. Value-to determine the essence of economic security in the market and give brief information about its theoretical aspects. Conclusion-as modern world practice shows, due to the globalization of international economic relations, this is due to the country's perspective, connectivity and interdependence between economic security and sustainable development of the region in market conditions.

Set out the definition of economic security of regions as a set of conditions and factors characterizing the stability of the economy, the stability and intensity of development, level of integration and freedom with the country's economy and the ability of the regional public authorities to create mechanisms of implementation and protection of interests of economic entities and supporting social and economic stability of the territorial community. In this regard, the activities of the structures in ensuring the economic security of the regions of the Republic of Kazakhstan will be fully coordinated.

When assessing economic security, an approach is often used based on comparing the limit values of indicators calculated on the basis of international experience and the experience of the studied state with their specific values. However, the composition of indicators and their values differ significantly between different authors.

Keywords: economic security, social-economic development, economical security of the regional economy, macroeconomic, market economy.

Қазіргі уақытта қолданбалы сипаттағы зерттеулер жүргізу үшін әдістемелік база қалыптастырылған, ол аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету облысындағы басқару функцияларын анықтау бойынша тұжырымдамалық ережелер мен әдістемелік рекомендациялар деңгейіне шығуға мүмкіндік береді.

Дүниежүзілік шаруашылық байланыстарына жүйелі ықпалдасу бағытына ілесе отырып және өз экономикасының ашықтық деңгейін жоғарылата отырып, көптеген елдер әлемдік экономикалық дағдарыстардың ықпалына көбірек ұшырап, жаңа мәселелер мен қатерлерге төтеп беруде. Осы мәселелерге тікелей қатысы бар қазіргі заманғы дүниежүзілік дамудың негізгі үрдістерінің бірі экономиканың жаһандануы болып табылады.

Экономиканың жаһандануы шарттарында экономикалық қауіпсіздік құбылыс және жеке санат бола отырып, дүниежүзілік ықпалдастықтың, жекелеген елдердің болуы мен дамуының маңызды шарты ретінде кең халықаралық деңгейде мойындалуда және ғылыми ізденістер заты ретінде танылуда. Сондықтан экономикалық қауіпсіздік мәселелері бойынша зерттеулер дамуының қазіргі кезеңін экономикалық теорияның жаңа бағыты – экономикалық жүйелердің қауіпсіз қызмет етуі теориясының қалыптасу кезеңі ретінде сипаттаған дұрыс. Сол себепті экономикалық қауіпсіздік теориясының қалыптасуы уақыттың объективті қажеттілігі болып табылады [1,б.3].

Экономикалық қауіпсіздік елдің сенімді қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты ұстану, экологиялық апаттардан қорғау сияқты құрамдастармен бірге ұлттық қауіпсіздік жүйесіне органикалық кіріктірілген. Бұл жерде барлығы өзара байланысты және бір бағыты басқасын толықтырады: әлсіз және тиімсіз экономика кезінде әскери қауіпсіздік бола алмайды, сол сияқты әлеуметтік жанжалдарға толы қоғамда әскери қауіпсіздік те, тиімді экономика да бола алмайды. Осындай өзара байланысты ерекшелік отырып, ондағы шешуші, негізгі рольдің экономикалық қауіпсіздікке жататынын ескеру қажет.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері шешімін табуды, аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі мен тұрақты дамуының жаңа мәселелері мен қатерлері олардың алдын алуды және жоюды қажет етеді. Қазіргі уақытта мемлекеттің, оның аймақтарының және ұйымдарының, мемлекеттік және кәсіпкерлік қызмет салаларының экономикалық мүдделерін қорғау әдістері мен тетіктерін қалыптастырудың жаңа тұжырымдамалық әдістерін іздестіру жүргізілуде, ол Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясынан көрінеді.

Бүгінгі таңда экономикалық әдебиеттерде экономикалық қауіпсіздіктің тұжырымдамалық аспектілері кеңінен көрсетілген. Осыған қарамастан, аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі жеткіліксіз зерттелген. Мұндай жағдай бірнеше себептердің ықпалымен қалыптасып отыр. Біріншіден, Қазақстан Республикасы аймақтарының экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктері бар, ол аймақтық экономикалық қауіпсіздікті


қамтамасыз ету міндеттерін шешуге жобаланады және қазіргі жағдайларда нақты аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін сипаттайтын қолданыстағы көрсеткіштердің нақты модификациясын талап етеді. Екіншіден, Қазақстан аймақтарының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бір біріне қайшы келетін түрлі әдістемелік көзқарастардан қарастырылады.

Экономикалық қауіпсіздік жай-күйін бағалау өлшемдері мен көрсеткіштерін зерттеу кезінде келесі терминдер жиі пайдаланылады:

Индикатор-құрылғының, процестің, заттың қандай да бір қасиетін сипаттайтын шама.

Шекті-ең аз ықтимал шама, бірдеңе көріну шекарасы. Мысалы: кедейлік шегі - отбасының әрбір мүшесі үшін қабылданған күнкөріс минимумының шамасына, оның мөлшері мен жынысы мен жынысы бойынша құрамына қарай жалпы отбасы үшін есептелетін көрсеткіш.

Индекс-осы құбылыстың деңгейінің өткен уақыттағы деңгейіне немесе база ретінде қабылданған ұқсас құбылыстың деңгейіне қатынасын білдіретін салыстырмалы сандық көрсеткіш [2,б.53].



Сурет 1. Экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерін деңгейлер бойынша жіктеу
Ескертпе - Автормен құрастырылған

Экономикалық қауіпсіздіктің барлық көрсеткіштері сандық және сапалық көрсеткіштерге бөлінеді және оның деңгейіне байланысты былайша жіктеледі:

Макроэкономикалық деңгей-Халықаралық экономикалық қауіпсіздік пен жалпы мемлекет экономикасының көрсеткіштері.

Мезо деңгейі (өңірлік немесе салалық) – Республика (өңірлер) және салалар субъектілерінің экономика көрсеткіштері.

Микроэкономикалық деңгей-нарық агенттерінің, фирмалардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, акционерлік қоғамдардың және т.б. экономикалық көрсеткіштері.

Экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерін макроэкономикалық деңгейде қарастырайық. Халықаралық экономикалық қауіпсіздік деңгейін жаһандық экономикалық қауіпсіздік индикаторларының көмегімен бағалауға болады.

Жоғарыда келтірілген деректерден әртүрлі елдердің көптеген индикаторларының мәндері бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы бар. Бұдан басқа, ұсынылған индикаторлар қауіпсіздік деңгейіне байланысты айтарлықтай кеңейтілуі және толықтырылуы мүмкін.

Бұл тек әлеуметтік-экономикалық индикаторлар негізінде ғана экономикалық Қауіпсіздікті бағалауды жүргізуді қиындатады. Экономикалық қауіпсіздікті егжей-тегжейлі және егжей-тегжейлі бағалау үшін көптеген авторлар шекті мәндер мен индекстерді пайдаланады [3,б.33].

Экономикалық қауіпсіздікті бағалау кезінде зерттелетін мемлекеттің халықаралық тәжірибесі мен тәжірибесі негізінде есептелген көрсеткіштердің шекті мәндерін олардың нақты мәндерімен салыстыруға негізделген тәсіл жиі пайдаланылады. Алайда, көрсеткіштердің құрамы мен олардың мәндері әр түрлі авторлардың арасында айтарлықтай ажыратылады.

Кесте 1. Өңірдің экономикалық қауіпсіздігін бағалау индикаторлары

I. өндірістік-қаржылық блок
Өндірістік сала
1.1. Тауар өндіретін салалар бойынша жалпы еңбек өнімділігі (құрылыстағы өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы өнімдері мен мердігерлік жұмыстар көлемі сомасының жалпы санға қатынасы-өнеркәсіп жұмыспен қамтылғандар);
1.2. Жан басына шаққанда сатып алу қабілетінің деңгейін ескере отырып, бөлшек сауданың, Қоғамдық тамақтанудың және ақылы қызметтер көлемінің жиынтық айналымы;
1.3. Шағын кәсіпорындардағы жұмыспен қамтылғандар үлесі (экономикада жұмыспен қамтылғандардан, %);
1.4. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және құрылыс жалпы өнімінің нақты көлем индексі.
Қаржы саласы
1.5. Жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі;
1.6. Бір жұмыс істейтін адамға шаққандағы пайда (сальдоланған қаржылық нәтиже) ;
1.7. Жездер бюджет;
1.8. 1 тұрғынға меншікті бюджет қаражатының көлемі;
II. Әлеуметтік блок
Демографиялық жағдай
2.1 туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы;
2.2. Халықтың табиғи өсімінің коэффициенті (тоқсан үшін- мерзімділігі);
2.3. Нәрестелер өлімінің коэффициенті.
Өмір құны
2.4. Орташа жалақы мен күнкөріс деңгейінің арақатынасы;
2.5. 25 негізгі азық-түлік өнімдерінің жиынтық құнының өзгеру қарқыны.

Ескертпе - Автормен құрастырылған

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, әзірге ғылыми әлемде экономикалық қауіпсіздіктің мүйіздік мәндерінің құрамы мен деңгейлері туралы бірыңғай пікір жоқ, ал оларды анықтау экономикалық қауіпсіздікті зерделеу кезінде күрделі және маңызды міндет болып табылады деген қорытынды жасауға болады.

Мезо экономикалық қауіпсіздік деңгейін өңірдің (Республика субъектісінің) қауіпсіздік көрсеткіштерімен сипаттаймыз. Сонымен қатар, макроэкономикалық деңгейде де мезо деңгейінде де экономикалық қауіпсіздікті бағалау үшін индикаторлар мен шекті мәндер пайдаланылады. Аймақтың тіршілік ету саласына байланысты зерттеушілер кестеде келтірілген әлеуметтік-экономикалық индикаторларды жиі пайдаланады.

Кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін бағалау мысалында экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерін микроэкономикалық деңгейде қарастырамыз.

Кәсіпорындар үшін экономикалық қауіпсіздікті бағалау және мониторинг жүргізу бірінші кезекте қажет, өйткені олардың белсенді іске қосылған әлеуеті дағдарысқа қарсы дамудың айқындаушы, тұрақтандырушы факторы, экономикалық өсудің және елдің, өңірдің экономикалық тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қолдаудың кепілі болып табылады. Оның жоғалуы мемлекеттің деиндустриализациясының қиын

болжанатын салдарларымен байланысты, онда көп салалы жоғары инграцияланған индустрия (ресурстық - шикізат салаларының өңірлік оқшаулануына және бытыраңқы үрдістеріне қарсы, осылайша Біртұтас экономикалық кеңістіктің) оның бірлігін нығайтудың ең күшті құралдарының бірі болып табылады [4].

Қауіптерді дәл сәйкестендіруге, олардың көрінуін өлшеуіштерді дұрыс таңдауына, яғни индикаторлар жүйесіне өндірісте бар кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін бағалаудың барабар дәрежесі және қауіптердің ауқымы мен сипатына сәйкес келетін қауіптіліктің алдын алу және бәсеңдету жөніндегі қажетті шаралар кешені тәуелді болады.

Кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігі мониторингінің мақсаттарының бірі ретінде осы кәсіпорынға тән ерекше салалық ерекшеліктерді ескеретін және соңғысына маңызды стратегиялық мәні бар көрсеткіштер жүйесі бойынша оның жай-күйін диагностикалау болып табылады.

Егер осындай әдістемені кәсіпорын деңгейінде экономикалық қауіпсіздіктің сандық және сапалық көрсеткіштерінің жүйесін құру үшін пайдаланса, онда оған мынадай басты индикаторларды қосу қажет (әрине, бұл тізбе өндірістің әрбір түрі үшін оны айқындауды талап етеді):

а) өндіріс индикаторлары:

- өндіріс динамикасы (өсу, құлдырау, тұрақты жағдай, өзгеру қарқыны);
- өндірістік қуаттар жүктемесінің нақты деңгейі;
- жұмыстардың жалпы көлеміндегі ҒЗТКЖ үлесі;
- ҒЗТКЖ жалпы көлеміндегі ҒЗЖ үлесі;
- негізгі өндірістік қорларды жаңарту қарқыны (қайта жаңарту));
- өндірістік үдерістің тұрақтылығы (ырғақтық, белгілі бір уақыт ішінде жүктелу деңгейі);
- ЖІӨ-дегі өндірістің үлес салмағы (аса ірі монополияшы кәсіпорындар үшін));
- өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау;
- Машиналар, жабдықтар паркінің жас құрылымы мен техникалық ресурсы;

б) қаржылық индикаторлар:

- тапсырыстардың "портфелінің" көлемі (болжамды сатудың жалпы көлемі);
- инвестициялардың нақты және қажетті көлемі (қолда бар әлеуетті қолдау және дамыту үшін);
- инновациялық белсенділік деңгейі (жаңа енгізудегі инвестиция көлемі);
- өндіріс рентабельділігінің деңгейі;
- қайтарым қоры (және өзінің капитал сыйымдылығына) өндіріс;
- мерзімі өткен берешек (дебиторлық және кредиторлық);
- өндіріс үшін айналым қаражатын, материалдарды, энергия көздерін қаржыландырудың меншікті көздерімен қамтамасыз ету үлесі;

в) әлеуметтік индикаторлар:

- өнеркәсіп немесе тұтастай экономика бойынша орташа көрсеткішке қатысты еңбекақы төлеу деңгейі;
- жалақы бойынша берешек деңгейі;
- жұмыс уақытының шығындары;
- кадрлық әлеуеттің құрылымы (жас, біліктілік) [5,б.63].

Көрсеткіштердің осындай жүйесі ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындарын бағалау үшін жарамды болады, шағын бизнес кәсіпорындары және басқа салалар үшін көрсеткіштердің басқа жүйесі қажет.

Әр кәсіпорында өндіріс процесіне әсер ететін қызмет түрлерінің алуан түрлілігі мен нақты факторларының салдарынан көрсеткіштердің әмбебап жүйесін және кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін бағалау үшін олардың шекті мәндерін әзірлеу қиын орындалатын міндет болып табылады.

Бүгінгі таңда экономикалық ғылымда экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштерінің құрамына көптеген көзқарастар бар.

Экономикадағы дағдарыстық үрдістерді қандай көрсеткіштермен пайдалану қажеттігі, осы көрсеткіштердің қандай шекті мәндерін сипаттауға қатысты бірыңғай пікір жоқ.

Пікірлердегі мұндай алшақтық экономикалық қауіпсіздік мәселелерін оның кез келген деңгейінде зерделеуді қиындатады.

Осы мәселелерді шешпей, адами капиталды пайдаланудың тиімділігі, еңбек өнімділігін арттыру, инновациялық нарықты дамыту және әлеуметтік инфрақұрылым құру жөніндегі әлемдік стандарттарға қол жеткізу мақсатына қол жеткізілмейді.

Любые формы перемещения в пространстве наркотических средств или психотропных веществ в крупном или особо крупном размере, приводящие и возможному либо фактическому обладанию ими определенного круга людей, следует характеризовать в качестве объективной стороны преступного распространения наркотических средств или психотропных веществ и квалифицировать по соответствующим частям статьи 297 УК РК, после внесения в нее предлагаемых нами дополнений и изменений.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Российское уголовное право. Общая часть. – М.: Спарк, 2000. – 478 с.
- 2 Кудрявцев В.Н. Объективная сторона преступления. – М., 1960. – 244 с.
- 3 Уголовное право. Общая часть: Учебник. – М.: Новый юрист, 1997. – 592 с.
- 4 Уголовное право России в 2-х т. – М: НОРМА, 1999. – Т. 1. Общая часть. – 639 с.
- 5 Куринов Б.А. Научные основы квалификации преступлений. – М., 1984. – 184 с.
- 6 В одиночку наркоманию не победить // На страже. – 2006. – № 47(3543). – декабрь. – 21.
- 7 Информация о состоянии борьбы с незаконным оборотом наркотиков в ВКО за 2013-2014 гг.
- 8 Курманов К.Ш. Наркомания: Уголовно-правовые и криминологические проблемы. – Фрунзе, 1984. – 232 с.
- 9 Уголовный кодекс Республики Казахстан с постановочными материалами. – Алматы, 2016. – 944 с.
- 10 Мухамеджанов Б.А. Наркобизнес – угроза национального масштаба // Казахстанская правда. – 2016. – сентябрь. – 28.
- 11 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – М., 2000. – 944 с.

-
- 12 Кузнецова Н.Ф. Курс уголовного права. Общая часть. – М.: ЗЕРЦАЛО, 1999. – Т. 1. Учение о преступлении – 593 с.
- 13 Уголовное право. Общая часть. – М.: НОРМА, 1997. – 516 с.

УДК 347.95(574)

АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Е.Б. Керімбек

Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының магистранты, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

Түйіндеме. Мақалада Процеске қатысушылардың олардың белгіленген мерзімдерде берген шағымды немесе наразылықты өзгерту не толықтыру құқығы сот отырысы басталғанға дейін ғана іске асырылуы мүмкін қарастырылды. Сонымен қатар сотталған адамның жағдайын ауырлату мақсатындағы өзгерістер мен толықтыруларды, егер осындай мәселе алғашқы шағымда, наразылықта қойылған жағдайда ғана енгізуге жолына тақты талдаулар жасалынды. Мақаланы жазу кезінде сотталған адамның жағдайының ауырлағаны туралы қосымша шағым, наразылық шағым беру мен наразылық білдірудің белгіленген мерзімдерінде ғана берілуі мүмкін негіздері қарастырылды. Апелляциялық шағымды, наразылықты кері қайтарып алу туралы арыз, өтініш Қазақстандағы қылмыстық заңнамаға сәйкес сот отырысы басталарға дейін ғана беріледі. Шағымды кері қайтарып алу туралы өтініш бойынша сот шешімін судья шығарады және ол қаулымен ресімделеді. Егер апелляциялық өндіріс бірнеше сотталған адамдардың шағымдарының немесе бірнеше адам сотталған үкімге келтірген наразылықтың негізінде жүзеге асырылса, шағымды, наразылықты кері қайтарып алу туралы өтініш жөніндегі шешім қаулының негізгі мәтініне қосылуы мүмкіндіктеріне құқықтық талдау жүргізілген. Апелляциялық сатыдағы сот істі өз өндірісіне қабылдай отырып, тараптардың сот отырысы хаттамасының әзірленгені жөнінде тиісінше хабарланғаны туралы және олармен танысулары үшін шынайы мүмкіндік жасалғаны және хаттама жөнінде түскен ескертпелердің қаралғаны туралы хабарланғаны және өзгеде құжаттармен, сондай-ақ қоса берілген қосымша материалдармен танысуына мүмкіндік берілгені туралы мәліметтердің істе болуын тексеруге тиіс мәселелері қарастырылды.

Түйін сөздер: апелляциялық шағым, процесс, сот, заң, үкім.

ПРОБЛЕМЫ АПЕЛЛЯЦИОННОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА В АПЕЛЛЯЦИОННОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация. В статье рассматривается право участников процесса на изменение либо дополнение жалобы или протеста, поданных ими в установленные сроки и может быть реализовано только до начала судебного заседания. Кроме того, были сделаны титульные анализы на внесение изменений и дополнений в целях осложнения положения осужденного, только в случае, если такой вопрос ставится в первоначальных жалобах, протестах. При написании статьи рассмотрены основания,

при которых дополнительные жалобы, протест о тяжком положении осужденного могут быть поданы только в установленные сроки обжалования и опротестования. Заявление, об отзыве апелляционной жалобы, протеста подаются только до начала судебного заседания в соответствии с уголовным законодательством в Казахстане. По ходатайству об отзыве жалобы решение суда выносится судьей и оформляется постановлением. Если апелляционное производство основано на жалобах нескольких осужденных или протесте против осуждения нескольких осужденных, то проводится правовой анализ возможности включения решения об отзыве жалобы, протеста в основной текст решения. Суд апелляционной инстанции, принимая дело к своему производству, должен проверить наличие в деле сведений о надлежащем извещении сторон о подготовке протокола судебного заседания и о том, что была предоставлена реальная возможность для ознакомления с ними, и о рассмотрении поступивших замечаний по протоколу, и о возможности ознакомления с иными документами, а также приложенными дополнительными материалами.

Ключевые слова: апелляционная жалоба, процесс, суд, закон, приговор.

PROBLEMS OF APPEAL PROCEEDINGS IN THE APPEAL PROCESS

Abstract. The article considered the right of participants in the process to change or Supplement the complaint or protest submitted by them within the established time frame, can be implemented only before the start of the court session. In addition, title analyses were made to make changes and additions in order to complicate the situation of the convicted person, only if such a question is raised in the initial complaints, protests. When writing the article, we consider the grounds for which additional complaints or a protest about the grave situation of a convicted person can be filed only within the established time limits for appeal and protest. An application, an application for the withdrawal of an appeal, or a protest is filed only before the start of the court session in accordance with criminal law in Kazakhstan. On the request to withdraw the complaint, the court decision is made by a judge and issued by a resolution. If the appeal proceedings are based on complaints from several convicts or a protest brought by several persons against a convicted sentence, a legal analysis has been made of the possibility of including the decision on the request to withdraw the complaint or protest in the main text of the decision. The court of appeal, taking the case to its production, must check availability in information about due notification of the parties about the preparation of the trial record and that were given the opportunity to review them, and on consideration of the comments received on the Protocol and on the possibility of reviewing other documents, and also applied additional material.

Keywords: appeal process, the court, the law, the sentence.

Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген

құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады (12 бап).

Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды [1].

Адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндігін мемлекеттік қорғауды қамтамасыз етуде ерекше ролі әділеттілікті кепілі болған сот билігіне беріледі. Сондықтан да сот реформасының негізгі міндеттерінің бірі тәуелсіз сот билігін құру, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қорғау, сондай-ақ сот өндірісінде азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау болып табылды.

Сонымен бірге сот концепциясының маңызды бағыттарының бірі болып әділеттіліктің қолжетімдігі, сот өндірісін дифференциалды қолдану, жарыспалық, диспозитивтік қағидаларын жүзеге асыруда азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді жолдарын қамтамсыз ететін процедураларды өзгерту таңдалды.

Осыған байланысты бірінші сатыдағы соттар шағымды, наразылықты қабылдау кезінде шағым берген, наразылық білдірген тұлғаның өкілеттігін тексерулері қажет. Заңның нормаларында көрсетілген тұлғалар тізбесі кеңейтілуге тиіс емес.

Процеске қатысушылар үкім шығарылғаннан кейін қайтыс болған сотталған адам жөнінде оны ақтау үшін қажетті негіздер бойынша ғана шағым беріп, наразылық білдіре алады.

Әрбір шағым, наразылық сотқа түсісімен түскен күні көрсетіліп, дереу тіркелуі қажет. Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі 416-бабында көрсетілген мерзім өткізіліп барып берілген шағым, наразылық қаралмайды. Бұл жөнінде бірінші сатыдағы сот қаулы шығарып, оны шағым берудің, наразылық білдірудің тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып шағымның, наразылықтың иесіне жібереді.

Егер апелляциялық шағым беруге, наразылық білдіруге құқылы тұлға өткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш берсе, онда мұндай өтініш Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі 418-бабында көзделген тәртіппен міндетті түрде қарауға жатады.

Өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіруден бас тарту туралы судья қаулысына шағым беріліп, наразылық білдірілген жағдайда бірінші сатыдағы сот шағымды, наразылықты іспен бірге апелляциялық сатыдағы сотқа жібереді [2].

Процеске қатысушылардың олардың белгіленген мерзімдерде берген шағымды немесе наразылықты өзгерту не толықтыру құқығы сот отырысы басталғанға дейін ғана іске асырылуы мүмкін.

Сотталған адамның жағдайын ауырлату мақсатындағы өзгерістер мен толықтыруларды, егер осындай мәселе алғашқы шағымда, наразылықта қойылған жағдайда ғана енгізуге жол беріледі. Осы орайда сотталған адамның жағдайының ауырлағаны туралы қосымша шағым, наразылық шағым беру мен наразылық білдірудің белгіленген мерзімдерінде ғана берілуі мүмкін.

Сотталған адамның жағдайының ауырлағаны туралы уәждер келтіріліп, мерзімі өткізіліп барып берілген шағым, наразылық, егер бастапқы шағымда немесе наразылықта бұл туралы талап қойылмаса, онда қосымша шағым мен наразылық деп танылмайды.

Егер апелляциялық шағымды бірінші сатыдағы сотқа қатысқан қорғаушы берсе, ал үкім шығарылғаннан кейін іске сотталған адамның келісімімен басқа

қорғаушы қатысса, онда ол алдыңғы уәждерді өзгертіп не жаңа уәждер келтіре отырып, сотталған адамның атынан қосымша апелляциялық шағым бере алады.

Сотталған адам қорғаушының апелляциялық шағымын қайтарып алған және істі қарау үшін басқа негіздер болмаған жағдайда қорғаушының шағымы бойынша қозғалған апелляциялық өндіріс қысқартылады.

Апелляциялық шағымды, наразылықты кері қайтарып алу туралы арыз, өтініш Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі 422-бабының 3-бөлігіне сәйкес сот отырысы басталарға дейін ғана беріледі. Шағымды кері қайтарып алу туралы өтініш бойынша сот шешімін судья шығарады және ол қаулымен ресімделеді. Егер апелляциялық өндіріс бірнеше сотталған адамдардың шағымдарының немесе бірнеше адам сотталған үкімге келтірген наразылықтың негізінде жүзеге асырылса, шағымды, наразылықты кері қайтарып алу туралы өтініш жөніндегі шешім қаулының негізгі мәтініне қосылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінің бабына сәйкес қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттетілуге жататын, бірақ уақытында шеттетілмеген қорғаушының берген шағымы апелляциялық сатыда қарауға жатады.

Істі апелляциялық сатыда қарау сәтінде он сегіз жасқа толған кәмелетке толмаған сотталған адамның немесе жәбірленушінің заңды өкілдерінің өздері іске қатысқан кезеңде берген шағымдары заңды өкілдердің функцияларының аяқталғанына қарамастан апелляциялық тәртіппен қарауға жатады.

Үкім шығарылғанға дейін процеске қатысушылар болып танылмаған және осыған байланысты өздерінің процеске қатысушылар құқығын пайдалануға мүмкіндігі болмаған, бірақ кейіннен заңмен белгіленген тәртіппен процеске қатысушы болып танылған тұлғалар апелляциялық шағым беру үшін мерзімді қалпына келтіру жөнінде мәселе қоюға құқылы. Мұндай жағдайларда процестің жаңа қатысушысына іс материалдарымен танысып, өз құқықтарын іске асыруға мүмкіндік беру үшін апелляциялық сатыдағы сот істі бірінші сатыдағы сотқа қайтаруға тиіс.

Апелляциялық сатыдағы сот істі өз өндірісіне қабылдай отырып, тараптардың сот отырысы хаттамасының әзірленгені жөнінде тиісінше хабарланғаны туралы және олармен танысулары үшін шынайы мүмкіндік жасалғаны және хаттама жөнінде түскен ескертпелердің қаралғаны туралы; процеске қатысушылардың түскен шағым мен наразылық туралы хабарланғаны және осы құжаттармен, сондай-ақ қоса берілген қосымша материалдармен танысуына мүмкіндік берілгені туралы мәліметтердің істе болуын тексеруге тиіс.

Апелляциялық сатыдағы сот Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі баптарына сәйкес, апелляциялық сатыдағы сотқа қатысуға құқығы бар адамдардың олардың үкімге (қаулыға) дау айтып отырған-отырмағанына қарамастан, істің апелляциялық тәртіппен қаралатын уақыты мен орны туралы оларға хабарланғаны туралы мәліметтердің бар-жоғын тексеруге міндетті.

Тиісінше хабарланған процеске қатысушылардың апелляциялық сатыдағы сотқа келмеуі істің қаралуына кедергі болмайды. Қатысуы міндетті болып табылатын прокурор келмеген жағдайда істі апелляциялық сатыда қарау оның қатысуын қамтамасыз ету үшін қажетті уақытқа дейін кейінге қалдырылады.

Істі қарау дәлелді себептермен кейінге қалдырылған және осыған байланысты оны қарау мерзімі ұзартылған, сондай-ақ заң талап еткен шарттардың сақталмауына байланысты ол қараудан алынып тасталған жағдайда апелляциялық сатының соты қаулы шығарып, процеске қатысушыларды осы туралы хабардар етуге тиіс.

Қамауда отырған сотталған адамның сот отырысына қатысуы туралы мәселені екінші сатыдағы соттың шешетіні ескеріле отырып, апелляциялық сатыға жіберілетін іс материалдарында сотталған адамға апелляциялық сатының сотына қатысу құқығының түсіндірілгені туралы мәліметтер болуға тиіс. Сотталған адамның апелляциялық сатыдағы сотқа қатысуға ниетті екені немесе қатысудан бас тартқаны туралы мәліметтерді бірінші сатыдағы сот іс материалдарына тігіп қоюы қажет, ал олар болмаған жағдайда алдыртуға тиіс.

Апелляциялық сатыдағы сот сотталғанның сот отырысына қатысу құқығын қамтамасыз етуге міндетті.

Өзге жағдайларда сотталған адамды сот отырысына шақыру туралы мәселені істің мән-жайын жан-жақтылы зерттеу мақсатында және оның процессуалдық құқықтарын сақтау қажеттігін негізге ала отырып апелляциялық сатының соты шешеді [3].

Сотталған адамды сот отырысына шақыру туралы қаулы шығарылады. Апелляциялық сатыдағы соттың сотталған адамды сот отырысына шақыру жөніндегі өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімі істі қараудың нәтижелері бойынша шығарылған сот қаулысында көрсетілуге тиіс.

Апелляциялық сатыдағы соттың істі қамауға алынбаған сотталған адамның, ақталған адамның немесе олардың қорғаушысының қатысуынсыз қарауы, егер олар сот отырысының болатын уақыты туралы хабардар болмаса және мұның өзі оларды сот отырысына қатысу мүмкіндігінен айырса, қылмыстық іс жүргізу заңын айтарлықтай бұзу болып табылады.

Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі 424-бабының талаптарын ескере отырып, апелляциялық сатының соты шағымдар мен наразылықтар бойынша істі қарау кезінде әрбір сотталған адамға қатысты істің қаншалықты жан-жақты, толық әрі объективті зерттелгенін, оның қылмысының саралануының дұрыстығын, жазалау шарасының жасалған әрекетке сәйкестігін өз құзыреті шегінде тексеруге тиіс.

Апелляциялық сатыдағы сот шағымдар мен наразылықтың уәждеріне қарамастан, сотталған адамдардың мүдделері мен заңды құқықтарының бұзылуы анықталған жағдайда, үкімге (қаулыға) жағдайды жақсартуға бағытталған тиісті өзгерістерді енгізуге немесе үкімді (қаулыны) заңсыз деп тануға және Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі 431-бабының 8-бөлігінің тәртібімен күшін жоюға құқылы.

Шағым берілмеген, наразылық білдірілмеген адамдарға қатысты үкімді бұзу немесе өзгерту үшін негіздер болған жағдайда, екінші сатыдағы сот қаулының кіріспе бөлігінде осы сотталған адамның жеке басы жөнінде мәліметтер келтіріп, оның қандай заңмен, қандай жазаға кесілгені туралы көрсетіп, оған қатысты істің Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі 431-бабының 8-бөлігінің тәртібімен қаралып отырғанына сілтеме жасауы қажет.

Егер шағым берілмеген және наразылық білдірілмеген адамдарға қатысты сот үкімін қайта қарау үшін негіздер анықталмаған жағдайда, апелляциялық сатыдағы соттың қаулысында істі толық көлемінде тексеру туралы және осы адамдарға қатысты сот қаулыларын өзгеріссіз қалдыру туралы көрсетілуге тиіс емес.

Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі 54-бабының екінші бөлігіне сәйкес, қылмыстық істерді апелляциялық тәртіпте қарауды судья жеке-дара жүзеге асырады.

Апелляциялық сатыдағы соттар істерді қараған кезде Қазақстан Республикасы

қылмыстық-процестік кодексі 430-бабында белгіленген тәртіпті сақтап, процеске қатысушыларға өздерінің іс бойынша айқындамаларын білдірулері үшін бірдей жағдай мен мүмкіндік туғызып, олардың заңды құқықтарын іске асыруларын қамтамасыз етулері қажет.

Тараптардың қосымша материалдарды іске қосу жөніндегі өтініштерін қарау кезінде олардың қандай жолмен алынғанын және қандай жағдайды растау үшін ұсынылып отырғанын анықтаған жөн. Осы орайға сәйкес сотқа дейінгі тергеу амалдарын жүргізу жолымен алынған материалдардың қабылдануға тиіс емес екенін назарда ұстау қажет.

Апелляциялық сатыдағы сот тараптардың мәлімдеген өтініштерін қарағаннан кейін, оларды қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы жеке құжат түріндегі қаулы шығарады. Өтініштерді қанағаттандырған кезде оларды қосымша зерттеу қажеттілігі болса, сот қаулыда сот тергеуін жаңартуы туралы көрсетеді және басқа да көзделген әрекеттерді жүзеге асырады.

Апелляциялық сатыдағы сот үкімнің заңдылығы мен негізділігін тексеру кезінде Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі бабының талаптарын ескеріп отырулары қажет. Ол бойынша бірінші сатыдағы сот мемлекеттік, жеке айыптаушы айыптаудан бас тартқан кезде істі толық немесе ішінара қысқартуға не істі айыптау тарабының бастамасы бойынша сотта қолданған жаңа айыптау бойынша қарауға тиіс.

Мұндай жағдайларда айыптау тарабы бірінші сатыдағы сот мемлекеттік, жеке айыптаушылардың басты сот талқылауындағы, апелляциялық сатыдағы айқындамасына сәйкес шығарған қаулысын, үкімін жою немесе өзгерту туралы шағымды, наразылықты қарау кезінде апелляциялық қараудың нысанын айқындайтын және шешім қабылдау барысында екінші сатыдағы соттың шешімдерді қабылдау кезіндегі өкілеттіктерін реттейтін Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі баптарын негізге алулары қажет. Осы баптарға сәйкес, прокурор мен жеке айыптаушының бірінші сатыдағы соттағы айқындамасы апелляциялық қараудың пәніне кірмейді және бірінші сатыдағы соттың үкімін бұзу немесе өзгерту үшін негіз болып табылмайды.

Апелляциялық сатыдағы сот отырысында істі қарауға қатысқан прокурор қолдамаған және белгіленген тәртіппен кері қайтарылып алынбаған, прокурордың сотталған адамның жағдайын ауырлату туралы мәселе қойған наразылығында келтірілген дәлелдер үкімді (қаулыны) жою немесе өзгерту жөнінде шешім қабылдау үшін негіз болып табылмайды.

Сотталған адамның жағдайын ауырлату туралы дәлел келтірілмеген прокурор наразылығы жалпы тәртіппен қарауға жатады [4].

Апелляциялық саты тараптардың өтініші бойынша немесе өзінің бастамасы бойынша шағымдарды, наразылықтарды қарау кезінде Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі бабында көрсетілген әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

Егер осының нәтижесінде қосымша мәліметтер анықталса, онда апелляциялық сатыдағы сот оларды Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі 409-бабының талаптарын қатаң орындай отырып пайдалануы мүмкін.

Апелляциялық сатыдағы сот өкілеттіктерін іске асыру жөніндегі барлық әрекеттер қаулымен ресімделеді. Апелляциялық саты отырысында хаттама Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінің бабының талаптары көзделген жағдайларда жүргізіледі.

Апелляциялық сатыдағы сот жекелеген адамдарға немесе Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің бір немесе бірнеше баптары бойынша сотталған адамдарға қатысты сот үкімін толық немесе ішінара жоюға құқылы.

Апелляциялық сатыдағы сот сот үкімін бұза отырып, қандай мән-жайлар тексерілуге жататынын және жол берілген оққылықтарды қалай жою керектігін көрсетіп, істі жаңадан қарау кезінде бірінші сатыдағы соттың тұжырымын алдын ала шешпейтін және бірінші сатыдағы соттардың дәлелдемелерді өз қалауы бойынша жан-жақты бағалау мүмкіндігіне кедергі келтірмейтін ұсыныстар беруге ғана құқылы.

Сот тергеуінің біржақты және толық жүргізілмеуі, егер істегі материалдардың және апелляциялық сатыдағы сотқа қосымша ұсынылған материалдардың негізінде оларды тексермейінше шағымның немесе наразылықтың мәні бойынша шешім қабылдау мүмкін болмаса, үкімді бұзуға және істі соттың жаңадан қарауына жіберуге негіз бола алады.

Айыптаудың басқа көріністерімен бірге Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің бір бабы бойынша сараланған жекелеген көріністер жөнінде істің мән-жайы жеткілікті зерттелмеген жағдайда апелляциялық сатыдағы сот істі жаңадан сот талқылауына жібере отырып сот үкімін бұзуға не осы көріністерді үкімнен шығарып тастап, оны қалған бөлігінде өзгеріссіз қалдыруға құқылы.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің тиісті баптары бойынша өз алдына бөлек сараланған бірнеше қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп таныған жағдайда апелляциялық сатыдағы сот зерттелмеген деген уәжбен үкімді адамды баптардың бірі бойынша соттау бөлігінде жоюға және үкімді басқа баптар бойынша өзгеріссіз қалдыруға құқылы.

Дәлелдемелерге баға беруде, қабылданған шешімді дәлелдеуде жіберілген қателіктерді, айыптауды сот талқылауы кезінде зерттелмеген дәлелдемелермен негіздеуді, сондай-ақ үкімде баяндалған мән-жайлардың сот анықтаған нақтылы мәліметтерге қайшы болуын сот тұжырымдарының істің нақтылы мән-жайымен сәйкес келмеуі деп түсіну қажет [5].

Егер апелляциялық сатының соты істі қарау кезінде соттың тұжырымдары істің нақтылы мән-жайымен сәйкес келмейді деп тапса, ол егер сотталған адамның жағдайын нашарлатпаса істі жаңа сот талқылауына жібермей-ақ тұжырымдарды істегі дәлелдемелерге сәйкес келтіре алады.

Егер сотталған адамның біреуіне қатысты іс соттың жаңадан қарауына жіберілсе, ал істің дұрыс шешілуі басқа сотталған адамдарға қатысты істің мән-жайының зерттелуіне байланысты болса, онда сот үкімі толық бұзылуға жатады.

Үкімді сотталған адамның жағдайын ауырлату жағына қарай өзгерту, шағымда, наразылықта айыптау тарабы нақ осы негіздерді көрсеткен жағдайларда ғана орын ала алады. Егер үкімге басқа негіздер бойынша жеке айыптаушы, жәбірленуші, олардың өкілдері шағым берсе немесе прокурор басқа негіздер бойынша наразылық келтірсе, онда сот сотталғанның жағдайын ауырлатуға және осы шағымда немесе наразылықта көрсетілген талаптардың шегінен шығуға тиіс емес.

Процеске қатысушы басқа тараптардың әлдеқайда ауыр қылмыстар жөніндегі заңдарды қолдану қажеттігіне немесе жазаның жеңілдігіне байланысты үкімді өзгерту туралы шағымдары үкімді ауырлату жағына қарай өзгерту үшін негіз бола алмайды.

Қылмыстық заңның әлдеқайда ауыр жаза көздейтін санкциясы бар басқа нормаларының айыптау шегінде қолданылатын жағдайларды әлдеқайда ауыр

қылмыстар туралы заңның қолданылуы деп есептеу қажет.

Қылмыстың ауыр-жеңілдігін анықтау кезінде Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің тиісті бабымен көзделген қылмыстық жазаның мөлшері мен түрін, сондай-ақ қылмыстық-құқықтық маңызы бар өзге де мән-жайларды бағалау қажет.

Мұндай жағдайларда, адамды әрекет жасағаны үшін кінәлі деп тану бірінші сатыдағы соттың құзыретіне жататыны негізге алына отырып, апелляциялық саты қаулысының сипаттау-дәлелдеу бөлігінде қабылданған шешімнің дәлелдері мен негіздерін келтіріп, ал қорытынды бөлігінде сотталған адамның іс-әрекетін қайта дәрежелеу және оған осы бап (бөлік, тармақ, баптар) бойынша жазаның тағайындалғаны туралы көрсету қажет.

Егер сотталған адам Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінде сараланған қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылса, ал апелляциялық сатыдағы сот сотталған адамның әрекетін жауапкершілікті жеңілдететін екі немесе одан да көп баптар бойынша саралау қажет деп тапса, сот қылмыстар жиынтығы бойынша жаза тағайындай отырып, үкімге тиісті өзгерістер енгізуге құқылы. Осы жазаның мөлшері сот үкімі бойынша тағайындалған жазадан аспауы керек.

Егер қылмыстың қайта саралануына байланысты қылмыстық заң дұрыс қолданылған жағдайда істің қозғауға жатпағаны анықталса, ал қозғалған іс Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі 37-бабының 1-бөлігінде көзделген негіздер бойынша қысқартылуға жатса, апелляциялық сатыдағы сот әрекетті қылмыстық заңның тиісті бабына қайта саралағаннан кейін үкімді бұзып, істі қысқартуға тиіс.

Істі апелляциялық тәртіппен қарау кезінде істің мән-жайы толық анықталған жағдайларда сот үкімге азаматтық талапқа қатысты өзгерістер енгізуге құқылы, осы орайда ол, егер азаматтық талапкердің арызында тиісті өтініш болса, өндіріп алу мөлшерін кемітумен қатар оны ұлғайта алады.

Өндіріп алу мөлшерінің ұлғаюына байланысты саралау мен айыптау көлемін мемлекеттік немесе жеке айыптаушы бірінші сатыдағы сотта қолдаған айыптау шегінде өзгертуге болады.

Апелляциялық сатыдағы соттар сондай-ақ жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеулерін кейінге қалдыру мәселесі бойынша шешім қабылдау туралы, айыптау үкімін орындаудың мерзімдерінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату туралы, басқа орындалмаған үкімдер болған жағдайда үкімді орындау туралы, егер уақыты бойынша ең соңынан қабылданған үкімде бұл мәселе шешілмесе, қамауда болу, сондай-ақ емдеу мекемелерінде болу мерзімін есепке алу туралы мәселелер бойынша шешім қабылдауға және басқа да өзгерістерді үкімге енгізуге құқылы [6].

Апелляциялық сатыдағы сот ақтау үкіміне, істі қысқарту туралы қаулыға немесе сотталған адамның пайдасына қабылданған өзге де шешімге шағымды, наразылықты қарау кезінде шағымда немесе наразылықта олардың заңсыздығы мен негізсіздігі туралы мәселе қойылған жағдайда ғана ақтау үкімін немесе істі қысқарту туралы қаулыны бұзуға болатынын назарда ұстауы қажет.

Адамдардың біріне қатысты шағым беру, наразылық білдіру басқа адамдарға қатысты үкімді бұзу құқығын бермейді.

Сотталушының пайдасына шығарылған ақтау үкімінің, істі қысқарту туралы қаулының немесе өзге де шешімнің күшін прокурордың наразылығы немесе жәбірленушінің не оның өкілінің, сондай-ақ ақтау негіздерімен келіспеген сот

ақтаған адамның шағымы бойынша ғана жою мүмкін.

Апелляциялық сатыдағы сот ақтау негізін осы жөнінде шағым немесе наразылық болған жағдайда, сондай-ақ өз бастамасы бойынша, егер шешім ақталғанның жағдайын нашарлатпайтын болса ғана өзгертуі мүмкін.

Ақтау үкімі өзіне дақ түсіретін тұжырымдаманы алып тастау туралы мәселе қойған жәбірленушінің шағымы бойынша да өзгертілуі мүмкін.

Сипаттау-дәлелдеу бөлігінде шағымның немесе наразылықтың әрбір дәлеліне тиянақты жауап беріліп, істі тексерудің барысы мен нәтижелері, заңға сілтеме жасала отырып, сот қабылдаған шешімнің негіздері мен дәлелдері көрсетіліп, айыптаудың дәлелденгені немесе дәлелденбегені, қылмыстың саралануы және жазалау шаралары туралы мәселелер бойынша нақтылы жауаптар болуы қажет. Назылық немесе шағым қанағаттандырусыз қалдырылған жағдайда апелляциялық сатыдағы сот қаулыда шағымдағы немесе наразылықтағы дәлелдерді теріске шығаратын тиянақты негіздерді келтіруге міндетті. Үкім бұзылған немесе өзгертілген жағдайда, үкімге негіз етіліп алынған дәлелдемелердің неге жеткіліксіз деп танылғанын, қандай заң бұзушылықтар орын алғанын, олардың үкімнің мәніне қалай әсер еткенін көрсету қажет.

Қорытынды бөлікте қабылданған шешімінің мәні баяндалып, үкімге енгізілген әрбір өзгеріс көрсетіледі. Қорытынды бөліктің тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі бабында баяндалған шешімдердің бірін бейнелеуге тиіс.

Апелляциялық сатыдағы соттың іс бойынша шығарылған жеке қаулыны бұзу немесе өзгерту туралы шешімі, жеке қаулыда істің мәніне қатысты мән-жайлар баяндалған жағдайлардан басқа реттерде жеке қаулымен ресімделеді.

Апелляциялық қаулыларды Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі бабының қағидаларын сақтай отырып шығару қажет.

Сот құрамы қаулының толық мәтінін іс қаралған күннен бастап он күннің ішінде дайындап, қол қойған жағдайда, қаулының қорытынды бөлігі іс қаралғаннан кейін дереу кеңесу бөлмесінде шығарылып, оған соттың бүкіл құрамы қол қояды. Істі қарауға қатысқан судьялардың бәрі қаулының толық мәтініне қол қойғанға дейін қаулы орындауға жіберілуге тиіс емес, ал оның көшірмесін мүдделі адамдарға жіберуге болмайды.

Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы ол жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Апелляциялық қаулыны орындау кезінде туған күмәндер мен түсініспеушіліктерді сол қаулыны шығарған сот Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі 51-тарауының қағидалары бойынша қарауы мүмкін. Апелляциялық сатының үкімін орындауға беру Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Істі апелляциялық сатыда қайтадан қарау жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 30.08.1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы, (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы N 254 Заңы)
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V.Подробнее:http://kodeksy-kz.com/ugolovno-protsessualnyj_kodeks.htm

-
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V
Подробнее:http://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks.htm
- 4 Ақылбеков Ж. Апелляциялық сот өндірісінің маңызы // Заң. – № 9. –
2010. – Б. 5-7
- 5 Бекмаганов А.С. Қылмыстарды саралау қажеттілігі қылмыстық заңның қағидасын
сақтау // Заң газеті. – № 3. – 2014.
- 6 Асханов А.Б. Жаңа қылмыстық процесік кодекс бойынша апелляциялық өндіріс
ерекшелігі // Әділет. – 20 қаңтар. – 2015.

УДК 343.98.06

ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ ОДОРОЛОГИИ

Л.Н. Курманияз

Магистрант Казахской Академии труда и социальных отношений, Республика Казахстан, г. Алматы

Аннотация. Данная статья посвящена выяснению основных проблем использования судебной одорологии в уголовном судопроизводстве, при расследовании преступлений, на основе изучения специальной литературы, результатов следственной и экспертной практики. Статья освещает основные моменты проблемных вопросов криминалистической одорологии. Также в статье предложены возможные способы решения данных проблем.

Криминалистическая одорология - отрасль криминалистической техники, изучающая механизм и закономерности образования запаховых следов, а также разрабатывающая приемы и методы их выявления, фиксации, изъятия, исследования и использования в целях решения идентификационных и диагностических задач в процессе расследования преступлений. Криминалистическая одорология позволяет установить личность преступника; она незаменима в современных условиях, являясь одним из существенных факторов расследования.

Любая деятельность человека влечет за собой изменения в окружающей обстановке. Как бы тщательно ни готовилось преступление, как бы ни старался преступник уничтожить и скрыть следы своего пребывания (присутствия) на месте преступления, они всегда остаются.

Запах тела человека, независимо от его желания и воли, содержит в себе важнейшую личностную информацию. Пахучие вещества, выделяемые с потом человека, а также его кровь, попавшие на материальные предметы, позволяют идентифицировать человека, что особенно важно для криминалистики.

Ключевые слова: Криминалистическая одорология, запаховые следы, кинологическая выборка, собаки детекторы, проблемные вопросы

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОДОРОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме. Бұл мақала арнаулы әдебиеттерді пайдалана отырып, тергеу және сараптамалық практиканың нәтижелерін негізге ала отырып, қылмыстық іс жүргізуде, қылмыстық істерді тергеуде сот одорологиясын пайдаланудың негізгі мәселелерін түсіндіруге арналған. Мақалада сот-одорологияның проблемалық

мәселелерінің негізгі тұстары айтылған. Мақалада сонымен қатар осы мәселелерді шешудің мүмкін жолдары ұсынылған.

Криминалистикалық одорология-іздердің пайда болу механизмі мен заңдылықтарын зерттейтін, сондай-ақ қылмыстарды тергеу барысында идентификациялық және диагностикалық міндеттерді шешу мақсатында оларды анықтау, тіркеу, алу, зерттеу және пайдалану әдістері мен тәсілдерін әзірлейтін криминалистикалық техника саласы. Криминалистикалық одорология қылмыскердің тұлғасын анықтауға мүмкіндік береді; ол қазіргі жағдайда, тергеудің маңызды факторларының бірі болып табылады.

Адамның кез келген қызметі қоршаған жағдайда өзгерістерге әкеп соғады. Қылмыс қаншалықты мұқият дайындалса да, қылмыскер қылмыс орнында болған іздерін қалай жоюға және жасыруға тырысса да, олар әрқашан қалады.

Адам денесінің иісі, оның қалауы мен еркіне қарамастан, маңызды жеке ақпаратты қамтиды. Содан кейін адамнан бөлінетін иісті заттар, сондай-ақ материалдық заттарға түскен оның қаны адамды анықтауға мүмкіндік береді, бұл криминалистика үшін аса маңызды.

Түйін сөздер: Сот-одорологиясы, иіс іздері, кинологиялық сынамалар, детектор- иттері, проблемалық сұрақтар.

PROBLEMATIC ODOROLOGY ISSUES

Abstract. This article is devoted to clarifying the main problems of using judicial odorology in criminal proceedings, in the investigation of crimes, based on the study of special literature, the results of investigative and expert practice. The article highlights the main points of problematic issues of forensic odorology. The article also suggests possible ways to solve these problems.

Forensic odorology is a branch of forensic technology that studies the mechanism and regularities of the formation of odor traces, as well as developing techniques and methods for their detection, fixation, removal, research and use in order to solve identification and diagnostic tasks in the process of investigating crimes. Forensic odorology allows you to establish the identity of the criminal; it is irreplaceable in modern conditions, being one of the essential factors in the investigation.

Any human activity entails changes in the environment. No matter how carefully the crime was prepared, no matter how much the criminal tried to destroy and hide the traces of his presence at the crime scene, they always remain.

The smell of a person's body, regardless of their desire and will, contains the most important personal information. Odorous substances released from a person's sweat, as well as his blood, which got on material objects, allow you to identify a person, which is especially important for criminology.

Keywords: Forensic odorology, odor traces, cynological sampling, dog detectors, problematic odorology issues.

В настоящее время совершается множество различных преступлений и перед сотрудниками правоохранительных органов стоит традиционная задача: раскрытие, расследование и предупреждение уголовно наказуемых деяний. Однако, если несколько десятков лет назад преступники оставляли после себя, как правило, традиционные следы (следы рук, ног, обуви и т. п.), то сегодня органы, осуществляющие расследование, встречают их в минимальном количестве или не

встречают вовсе. В данных случаях для успешного и правильного расследования уголовного дела правоохранительные органы вынуждены прибегать к так называемым «нетрадиционным» методам получения доказательственной информации по делу, к числу которых относится и одорологический метод [1, С. 31-34.].

Наша жизнь полна различных запахов. Его свойства, механизм образования и восприятия издавна интересовали ученых. Запахи оставляют не только люди, а также вещества и многие животные. С помощью распознавания запаха можно раскрыть множество преступлений. Поэтому науку одорологию часто используют в криминалистической деятельности.

Криминалистическая одорология является одним из развивающихся направлений криминалистической техники, в рамках которого изучаются закономерности образования запаховых следов, разрабатываются способы их обнаружения, фиксации, хранения, исследования и использования в целях раскрытия, расследования и предупреждения совершения преступлений.

Исследование запаховых следов позволяет осуществить установление участников преступления; индивидуального запаха одного и того же лица в запаховых следах, изъятых с разных мест преступления; принадлежность человеку предметов, обнаруженных на месте происшествия и в других местах; принадлежность предметов (изъятых у преступника или иных лиц) потерпевшему; происхождение запаха от конкретных лиц при комплексном исследовании вещественных доказательств (например, при исследовании пота, крови, волос, предметов одежды, обуви индивидуального пользования).

Не все запаховые следы воспринимаются человеком, а следовательно, и не уничтожаются им, при этом такие следы обладают некоторой степенью устойчивости во внешней среде и «служат одним из важных источников личностной информации, функционирующим постоянно, независимо от воли и желаний индивида» [2, с. 467].

При производстве следственных действий следователь с помощью собственного обоняния может получить такие ольфакторные ощущения как запах гари, гниения, лекарственных или парфюмерных средств. Однако человеческое обоняние не способно получить все многообразие ольфакторных данных, а следственно не способно и распознать индивидуальный запах человека, для исследования которого успешно применяются обонятельная способность служебно-розыскной собаки.

В качестве детектора запаховых следов используется обонятельный аппарат специально обученной собаки, обладающий неизмеримо более высокой разрешающей способностью улавливания запаха, нежели существующие приборы. Служебно-розыскная собака воспринимает запах и далее при проведении выборки в герметичном помещении выставляется не менее 10 разных проб запаха. При обнаружении запаха, аналогичного запаху с места происшествия, служебная собака принимает условную позу, служащую сигналом установления тождества [3, с.74-75.].

Для обеспечения объективности, достоверности, убедительности и наглядности результатов должны использоваться специально дрессированные (обученные) собаки (неоднократное повторение, использование собак-дублеров), а также унифицированные запахоносители. Необходимо полное исключение воздействия на поведение собаки во время выборки посторонних раздражителей, наблюдающих приглашенных лиц, а роль кинолога должна при этом сводиться только к даче объекта и подаче команд. Служебно-розыскная собака успешно применяется

для отыскания предметов, принадлежащих преступнику, потерпевшему, обнаружение которых затруднительно для человеческого зрения (огнестрельного или холодного оружия, гильз). Поэтому довольно часто и возникает необходимость использования служебно-розыскной собаки для осмотра местности, покрытой обильной растительностью. Хотя в исчерпывающем перечне источников судебных доказательств собака-ищейка уголовно-процессуальным законом и не упомянута, ее действия, как и любое другое доказательство, подлежат оценке в совокупности с другими доказательствами. В конечном счете, только «суд, не связанный предустановленными формальными доказательствами, может в каждом конкретном случае решить вопрос о доказательствах, которые дает криминалистическая одорология, и оценить их в совокупности с другими имеющимися по делу доказательствами». Одорологический метод может найти свое применение и в рамках следственного эксперимента, изменение условий проводимых опытов будет достигаться применением нескольких собак и изменением расположения объектов-запахоносителей [4, с.28].

Проблемы одорологического метода не существовало до тех пор, пока не возник вопрос о возможности использования его результатов в процессе доказывания. Идея использования результатов одорологического метода в доказывании основывалась на появившейся возможности осуществлять идентификацию по запаху уже не только на этапе интенсивного проведения оперативно-розыскных мероприятий в начале расследования, но практически в любой момент производства по делу. Противники этой идеи считают, что одорологическая экспертиза не может дать гарантированной точности результатов.

Центральным пунктом дискуссии по проблеме одорологического метода является вопрос о доказательственном значении результатов его применения. При решении проблемы необходимо учитывать, что в доказывании особое место занимают правила допустимости доказательств. Эти правила должны обеспечить достоверность средств доказывания и тем самым создать надежный фундамент для признания доказанными или недоказанными определенных обстоятельств.

Закон допускает следующие условия признания доказательства допустимым: 1) доказательство должно быть получено надлежащим субъектом, правомочным по данному делу проводить то процессуальное действие, в ходе которого получено доказательство; 2) Фактические данные должны быть получены только из источников, перечисленных в УПК, а в указанных в законе случаях - из определенного вида источника 3) доказательство должно быть получено с соблюдением правил проведения процессуального действия, в ходе которого получено доказательство; 4) при получении доказательства должны быть соблюдены все требования закона при фиксации хода и результата следственного действия.

Поэтому необходимо следить за тем, чтобы одорологическая экспертиза производилась судебным экспертом в рамках экспертного учреждения, иначе результаты будут невозможно представить в суде как доказательство.

Следует отметить, что под экспертно-криминалистическим обеспечением принято понимать деятельность экспертно-криминалистических учреждений, призванных на практике обеспечивать реализацию криминалистических и прочих специальных знаний в раскрытии и расследовании преступлений. Отсюда следует, что экспертно-криминалистическая деятельность фактически включает в себя два вида деятельности: судебную-экспертную и криминалистическую. Первая реализуется

в ходе производства судебных экспертиз, вторая посредством технико-криминалистического обеспечения производства следственных действий [5, с.10].

Помимо судебных экспертиз использование специальных знаний может быть реализовано в виде участия специалиста в следственных действиях.

Закон предусматривает возможность привлечения специалиста к производству следственных действий для оказания помощи следователю или суду в обнаружении, фиксации и изъятии доказательств.

Процессуальные полномочия специалиста-криминалиста в подавляющем большинстве случаев осуществляет сотрудник экспертно-криминалистического подразделения органа внутренних дел, на территории которого расположено исправительное учреждение. При производстве осмотра места происшествия на территории исправительного учреждения специалист-криминалист: оказывает содействие следователю, дознавателю в обнаружении, фиксации, изъятии, упаковке, а также сохранении предметов и следов преступления, отборе сравнительных и контрольных образцов; изучает предметы и следы на месте происшествия для получения розыскной информации об обстоятельствах преступления и о лицах, причастных к его совершению; обсуждает со следователем, дознавателем, исходя из особенностей места происшествия, необходимость, целесообразность и последовательность применения тех или иных технических средств; оказывает содействие в полном и точном отражении в протоколе осмотра места происшествия сведений, полученных в результате их применения; принимает участие в выдвижении версий относительно произошедшего события, а также причастных к нему лиц.

Изучение доказательств с целью получения розыскной и доказательственной информации при расследовании преступления, также может сопровождаться одорологическими исследованиями, которые обеспечивают, как правило, специалисты экспертно-криминалистических подразделений органов внутренних дел.

Таким образом, проблемные вопросы, связанные с использованием одорологического метода в раскрытии и расследовании преступлений, безусловно, требуют проведения дальнейших научных исследований.

Вместе с тем продолжает существовать и поныне точка зрения о невозможности применения запаховых следов в качестве доказательств (А. Протопопов), так как использование таких биодетекторов как служебные собаки в ходе их исследования, по мнению некоторых ученых, не отвечает такому критерию как научная обоснованность применяемого криминалистического метода (например, при сбое рефлекторной и обонятельной деятельности). Понимание этической стороны применения такого биодетектора так же неоднозначно толкуется в научной литературе. Так, по мнению М.С. Строговича, когда собака «прямо указывает на определенного человека, которого ищут, то здесь все в порядке». Если та же выборка производится при доказывании, то «здесь все недопустимо, нетерпимо и оскорбительно».

Как справедливо указывает П.Б. Панфилов, «реальное значение для расследования преступлений ольфакторный метод приобрел с разработкой научно обоснованных и успешно апробированных в следственной и оперативно-розыскной практике методика экспертного исследования запаховых следов». Экспертиза индивидуального запахового следа человека в как источник доказательств в уголовном процессе с такими объектами как следы пахучих веществ и такими

специфичными средствами исследования как собаки-детекторы всё более широко внедряется в практику. Ольфакторная информация о преступниках, содержащаяся в оставленных ими следах используется в судах как источник доказательств причастности лиц к совершению преступлений [6].

Подводя итог, с сожалением отметим, что в настоящее время в Казахстане функционируют всего несколько криминалистических лабораторий, в которых проводятся одорологические выборки. Думается, скептическое отношение представителей науки и практических работников к одорологии вызвано прежде всего, отсутствием специалистов данного направления экспертных исследований на региональном уровне. Вместе с тем рассматриваемый метод ещё не нашел своего места в следственной практике, что обусловлено проявлением недоверия к достоверности результатов, неосведомленностью о возможностях использования полученной информации, а также отсутствием рекомендаций по работе с запаховыми следами.

Таким образом, проблемные вопросы, связанные с использованием одорологического метода в раскрытии и расследовании преступлений, безусловно, требуют проведения дальнейших научных исследований.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Винберг А.И. Криминалистическая одорология // Криминалистика на службе следствия – Вильнюс: 1967. – С. 31-34.
- 2 Криминалистика: учебник / Т.В. Аверьянова, Р.С. Белкин, Ю.Г. Корухов, Е.Р. Россинская. — М., 2013, 467 с.
- 3 Безруков В. В., Винберг А. И., Майоров М. Г., Тодоров Р. М. Новое в криминалистике. 1965. № 10. С. 74-75.
- 4 Грошенкова О.А. Использование запаховых следов человека в расследовании канд. юрид. наук. – Краснодар, 2008. – 28 с.
- 5 Старовойтов В.И. Методические и процессуальные аспекты идентификации человека с использованием обоняния собак детекторов. канд. юрид. наук. – Москва, 2005. – 1-10 с.
- 6 Акмалова В.Р. Проблемы использования криминалистической одорологии в раскрытии и расследовании преступления // Научное сообщество студентов: МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ: сб. ст. по мат. XXI междунар. студ. науч.-практ. конф. № 10(21). URL: [https://sibac.info/archive/meghdis/10\(21\).pdf](https://sibac.info/archive/meghdis/10(21).pdf) (дата обращения: 01.03.2020)

**ҰЛЫБРИТАНИЯ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНЕ
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

Д.Б. Мұхамеди

*Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң Академиясының магистранты, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы*

Түйіндеме. Бұл зерттеудің негізгі пәні жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі болып табылады. Бұл мақалада романо-германдық және англо-саксондық құқықтық жүйелердің адам құқығын қорғаудағы және жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтаудағы ерекшеліктері зеттеліп қарастырылған. Қазіргі таңдағы Ұлыбритания мемлекеті мен Қазақстан мемлекетіндегі жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне талдау жасалған.

Қазақстан Республикасында заңнама жүйесі романо-германдық құқықтық жүйенің қағидаларына негізделеді, мұнда құқықтың қайнар көзі – мемлекеттің заң шығарушы органы қабылдаған нормативтік акт. Англо-саксондық құқықтық жүйеден айырмашылығы, онда құқық көзі сот прецеденті болып табылады. Шет елдерде сот прецеденті тұжырымдамасын енгізу мен қолданудың озық тәжірибелерін зерделеу және Қазақстан Республикасындағы дауларды шешуде оны қолдану мен енгізу үшін құқықтық прецеденттің тиімді моделін ұсыну зерттеудің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Заң институттарын қалыптастыру кезінде оның барлық элементтерін заңнамаға белгілі бір құқықтық механизмді енгізгендегідей ескеру қажет. Бұл болашақта заңнамалық өзгерістер санын азайтуға және адам құқықтарын қорғауда тиімді тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері елімізде адам құқықтарын қорғауда, оның құқықтық мәртебесін анықтауда белгілі бір жағдайлар жасап, оны дамытуда өзіндік үлес қосады.

Түйін сөздер: құқықтық жүйе, жеке тұлға, соттық прецедент, іс жүргізу құқығы, құқықтық қорғау.

**СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ПРАВОВОГО СТАТУСА ЛИЧНОСТИ В
ГОСУДАРСТВЕ ВЕЛИКОБРИТАНИИ И РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

Аннотация. Основным предметом исследования является правовой статус личности. В данной статье рассмотрены особенности романо-германских и англо-саксонских правовых систем в защите прав человека и определении правового статуса личности. В настоящее время проведен анализ правового статуса личности в государствах Великобритании и Казахстана.

Система законодательства в Республике Казахстан основывается на принципах романо-германской правовой системы, где источником права является нормативный акт, принятый законодательным органом государства. В отличие от англо-саксонской правовой системы, источником права является судебный прецедент. Одной из основных целей исследования является, изучение передового опыта внедрения и применения концепции судебного прецедента за рубежом, а также предоставление эффективной модели правового прецедента для его применения и

внедрения в разрешении споров в Республике Казахстан. При формировании юридических институтов необходимо, учитывать все его элементы как при внедрении в законодательство определенного правового механизма. Это позволит в будущем снизить количество законодательных изменений и применять эффективные подходы к защите прав человека. Результаты исследования вносят свой вклад в защиту прав человека в стране, создание определенных условий для определения его правового статуса и развития.

Ключевые слова: правовая система, личность, судебный прецедент, процессуальное право, правовая защита.

COMPARATIVE ANALYSIS OF THE LEGAL STATUS OF AN INDIVIDUAL IN THE UK AND THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The main subject of this research is the legal status of the individual. This article examines the features of the Romano-German and Anglo-Saxon legal systems in the protection of human rights and determining the legal status of an individual. Currently, the analysis of the legal status of the individual in the UK and Kazakhstan is carried out.

The system of legislation in the Republic of Kazakhstan is based on the principles of the Romano-German legal system, where the source of law is a normative act adopted by the legislative body of the state. In contrast to the Anglo-Saxon legal system, the source of law is judicial precedent. One of the main goals of the research is to study the best practices in implementing and applying the concept of judicial precedent abroad and provide an effective model of legal precedent for its application and implementation in dispute resolution in the Republic of Kazakhstan. When forming legal institutions, it is necessary to take into account all its elements as when introducing a certain legal mechanism into legislation. This will make it possible to reduce the number of legislative changes in the future and apply effective approaches to the protection of human rights. The results of the study contribute to the protection of human rights in the country, the creation of certain conditions for determining its legal status and development.

Keywords: legal system, personality, judicial precedent, procedural law, legal protection

Қазақстан Республикасында заңнама жүйесі романо-германдық құқықтық жүйенің қағидаларына негізделеді, мұнда құқықтың қайнар көзі - мемлекеттің заң шығарушы органы қабылдаған нормативтік акт. Англо-саксондық құқықтық жүйеден айырмашылығы, онда құқық көзі сот прецеденті болып табылады. Романо-германдық құқықтық жүйенің барлық елдері «жазбаша құқыққа» ие: құқықтық актілерді уәкілетті орган өздерінің заңнамалық өкілеттіктері шегінде қабылдайды және белгілі бір тұжырымдармен бекітіледі. Осы құқықтық актілер құқықтың негізгі әрі жалғыз қайнар көзі болып табылады. Жоғары заң күші конституциямен немесе елдің негізгі заңдарымен танылады [1, 94 с.]. Англо-саксондық жүйеде шешуші фактор міндеттер емес, құқықтар болып табылады. Ондағы судьяларға бұрын-соңды болмаған өкілеттік берілген және олардың шешімдері үшін жоғары жауапкершілік жүктелген. Еуропа мен бүкіл посткеңестік кеңістікте өмір сүретін ережелерге сәйкес континентальды жүйеде заң үстемдік етеді, бұл бәріне бірдей, ал британдықтар сияқты романо-германдық жүйелер қоспағанда прецеденттерге жол берілмейді және

судьяларға үкім шығаруда түсіндіру бостандығын бермейді.

«Сот прецеденті - жоғары сот органының белгілі бір іс бойынша шешімінің уәждемелік бөлігі, ол ұқсас істерді шешуде соттар үшін міндетті болып табылады және заң күші бар. Сот прецеденті заңмен қатар, заңды болып табылады; жалпы құқықтар отбасындағы құқықтың қайнар көзі болып табылады» [2, 76 с.]. Құқық теориясында сот прецеденті ұқсас даулар мен жағдайларды қарау кезінде үлгі ретінде пайдаланылатын белгілі бір жағдайда сот шешімін білдіреді [3, 58 с.]. Тек жоғары тұрған соттар, атап айтқанда апелляциялық және кассациялық соттар өздерінің шешімдерінде бірыңғай сот практикасын құруға ықпал ететін тергеу және сот практикасы үшін нұсқаулық және белгілі бір дәрежеде прецеденттік құндылық белгілейді деген пікірді атап өту мүмкін емес

Қазақстанда іс жүргізу құқығын дамытуда, біріншіден, сот практикасында біркелкілік болмағандықтан, бірқатар проблемалар бар. Екіншіден, қазіргі уақытта Қазақстанда әрбір сот шешімі сот прецеденті болып табылады, өйткені іс мемлекеттің қолданыстағы заңнамасы тұрғысынан қарастырылады және әрбір нақты істің нақты жағдайларын ескере отырып, басқаша айтқанда, әрбір сот шешімі қазіргі уақытта сот прецеденті болып табылады.

Англо-саксондық құқықтық жүйенің әрбір мемлекетінде сот прецеденті әр түрлі қолданылады. Мысалы, Ұлыбританиядағы алдыңғы ереже келесі ережелермен байланысты: 1) Лордтар палатасы қабылдаған шешімдер барлық соттар үшін міндетті; 2) апелляциялық сатыдағы соттың шешімдері барлық төменгі соттар үшін де, соттың өздері үшін де (қылмыстық заңнаманы қоспағанда) міндетті болып табылады. АҚШ-та бұл ереже елдің федералды құрылымының ерекшеліктеріне байланысты соншалықты қатал қолданылмайды. Біріншіден, АҚШ Жоғарғы Соты мен штаттың жоғарғы соттары өздерінің жеке шешімдерін орындауға міндетті емес, сондықтан олар өз тәжірибелерін өзгерте алады. Екіншіден, мемлекеттер тәуелсіз, ал прецеденттік ереже ресми болып табылады [4, с. 367]. Романо-германдық құқық жүйесіндегі құқықтың қайнар көзі ретінде сот прецедентінің дамуы оның жас кезінен басталғанына қарамастан, қазіргі кезде құқықтық жүйелерді жақындастыру тенденциясы байқалады, атап айтқанда, романо-германдық құқық жүйесі және англо-саксондық құқықтық жүйе. Бұл жаһандануға, цифрлық технологияның дамуына немесе қазіргі қоғамның даму үлгісіне байланысты ма? Бұл сұрақ ашық қалады. Кейбір ғалымдар екі құқықтық жүйенің (континенталды және англосаксондық) жақындасуы көптеген бағыттарда дамып келе жатқан объективті процесс деп санайды. Мәселен, континентальдық жүйеге тән емес сот прецеденті континентте, оның ішінде Ресейде де дами бастады. Ал, керісінше, сот ісін жүргізудің жазбаша басталуы, континенттік заңға тән, Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбританияда кең таралды [5, с. 232]. Ұлыбританияда азаматтық іс жүргізуді реформалау жүріп жатыр, нәтижесінде заңнамалық акт заңның негізгі қайнар көздерінің біріне айналады, кодификацияланған заңнама жасалады [6, с. 10].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы 1-тармағының ережелеріне сәйкес [7], Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және

Жоғарғы Сотының шешімдері де қолданылады. Осылайша, Қазақстан Республикасының Конституциясындағы бұл ереже осы мемлекетте екі құқықтық жүйенің жақындасуы болғанын және бұл факт конституциялық деңгейде бекітілгенін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін дамыту үшін Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Соттың іс жүргізу құқығының маңыздылығына ерекше назар аудару қажет. Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сотының құқықтық ережелерін іске асырудағы проблема сот прецеденттерін қолданыстағы заңнама жүйесіне бейімдеу болып табылады.

Сондай-ақ, заң институттарын қалыптастыру кезінде оның барлық элементтерін заңнамаға белгілі бір құқықтық механизмді енгізгендегідей ескеру қажет. Бұл болашақта заңнамалық өзгерістер санын азайтуға мүмкіндік береді. Себебі кейбір заң шығарушылық жаңалықтар, мысалы, мемлекеттік соттардың құқық қолдану практикасында белгілі бір уақыт аралығында қалыптасқан бар шындықтан туындайды, ал басқалары құқықтық жүйенің ерекшелігімен байланысты. Осылайша, жоғарыда айтылғандардың негізінде Қазақстан Республикасында заңнаманы дамытуда елеулі өзгерістер бар, осы мемлекеттердің қолданыстағы құқықтық жүйелерінің тұжырымдамасы өзгеріп отырады деп қорытынды жасауға болады. Қазіргі уақытта көптеген мәселелер шешілмегеніне қарамастан, АҚЕС-тың құқықтық ұстанымы мен халықаралық актілерді ескере отырып, заңнаманы қалыптастыруға күш салынууда, сот прецедентінің рөлі мен маңызы күшейтілуде.

Сот прецедентінің мәні кодификацияланған заңнаманың белсенді емес ұтқырлығын ескеру қажеттілігімен байланысты, өйткені қазіргі уақытта қоғамның цифрландыру мен жаһандануы ғана емес, нарықтық экономикада жекелеген мемлекеттердің ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемнің тез өзгеріп отыратын тенденциялары бар. Бұл жағдайда, сот прецеденті неғұрлым мобильді болып табылады және нақты жағдайларды ескере отырып, әрбір нақты істің ерекшелігін ескереді, сонымен бірге мұндай жағдайларда соттар ескере алатын істердің белгілі бір санатында соттың құқықтық жағдайын қалыптастырады.

Англо-саксондық сот тәжірибесіне бүгінгі таңда тек Ұлыбритания ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік-Шығыс Азия мен Африкадағы бұрынғы тарихи британдық отарларының құрамына кіретін АҚШ, Канада, Үндістан, Австралия, Жаңа Зеландия да ортақ. Әлемдік жетекші заңгерлік фирмалардың жыл сайынғы рейтингісінде Legal 500-дің негізгі үлесін заңды қызметтер нарығындағы ірі компаниялар алады - негізінен Ұлыбритания мен АҚШтан, олардың кейбіреулері 250 жылдан астам тарихы бар компаниялар болып табылады. Ең қызығы, ағылшын соттарының құзыреті (немесе юрисдикциясы) іс жүзінде шектеусіз, яғни бұл елде теориялық тұрғыдан олар кез-келген, тіпті халықаралық іс бойынша шешімді қабылдай алады. Тек бірнеше шектеулер бар. Мысалы, британдық судьялар ашық сыртқы заңдарға (салық, қылмыстық және басқалар), шетелдік мемлекетпен мүліктік дауға, оның келісімінсіз («егемендік иммунитеті») доктринасына сәйкес), шетелдік соттың ерекше юрисдикциясындағы дау-дамайды қарамайды (мысалы, шетелдік жылжымайтын

мүлікке құқық). Сондай-ақ, «мемлекеттік акт доктринасы» бар, оған сәйкес ағылшын соты өз аумағында басқа мемлекеттің іс-әрекетінің заңдылығын бағалауға құқылы емес (кейбір жағдайларды қоспағанда, мысалы, халықаралық құқықтың өрескел бұзылуы сияқты).

Британдық әділет жүйесі абсолютті билікке ие. Лондонның өзі - ең көне қаржы ғана емес, сонымен бірге құқықтық орталық болып саналады. Британдық соттардың құзыретті және тәуелсіз ретінде беделін көтеру ұзақ уақыттан бері Ұлыбританияның мемлекеттік саясатының бөлігі болып келеді.

Лондон төрелік сотында барлық істерге қатысушылардың 80%-ы шетелдіктер. Бұл әрдайым өз елдерінде осы процеске қатысушылар жергілікті соттарға сенімсіздік танытатындығына байланысты емес. Британдық сот төрелігі халықаралық деңгейге тең.

Әлемдегі қаржы орталықтарының едәуір бөлігі бірдей құқықтық жүйеде жұмыс істейді. Қазақстан Дубай қаржы орталығының тәжірибесін зерделей отырып, дәл сол заңды тәжірибе туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы азаматтарға да, шетелдік инвесторларға да қазақстандық сот төрелігіне деген сенімінің төмендігі туралы үнемі айтып отырады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Халықаралық кеңес негізгі мақсатты қоюда - іс жүргізу құқығын компонент ретінде қолданудың халықаралық тәжірибесін зерделеу барысында сот орындаудың іс-тәжірибелік моделін енгізумен ұлттық сот төрелігінің мүмкін тиімділігін талдау қажеттілігі анықталды.

Іс жүргізу құқығын қолданудағы халықаралық тәжірибені және оны ұлттық заңнамада қолдану перспективаларын зерделеу туралы аналитикалық есептің «Күтілетін нәтижелер» бөлімінің 4-тармағында шетелдік және халықаралық соттардың тәжірибесіне сүйене отырып, қолданыстағы тиімді модельдерді анықтау және таңдау күтіледі деп көрсетілген [8, с. 2].

Бүгінгі таңда ағылшын құқығының ережелерін іске асыру негізінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын жетілдіру тұжырымдамасы - «Ағылшын құқығы ережелерін іске асыру тұжырымдамасын» әзірлеушілер Қазақстан Республикасының заңнамасына профессор А.Г.Диденконың еңбектерінде негізделетін осындай тұжырымдаманы «үлгі» ретінде енгізуді ұсынды. [9]. Алайда, жоғарыда аталған тұжырымдаманың мазмұнына сүйене отырып, шетелдік және халықаралық соттардың тәжірибесіне негізделген тиімді қолдану модельдерін енгізу перспективалары айқын емес болып табылады.

Шет елдерде сот прецеденті тұжырымдамасын енгізу мен қолданудың озық тәжірибелерін зерделеу және Қазақстан Республикасындағы дауларды шешуде оны қолдану мен енгізу үшін құқықтық прецеденттің тиімді моделін ұсыну зерттеудің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының ұлттық сот ісін жүргізудегі іс жүргізу құқығы
Ағылшын заңының ережелерін іске асыру тұжырымдамасы мүліктік қатынастарды реттеудегі сот тәжірибесінің рөлін күшейтуді және сот билігі шектерін

кеңейтуді қарастырады. Бұл тұжырымдама сот тәжірибесінің маңыздылығын арттыруға, оны біріздендіруге және ұқсас даулар бойынша қарама-қарсы шешімдерді қабылдаудағы теріс тенденцияларды жоюға бағытталған азаматтық заңнамадағы прогрессивті өзгерістердің бірі, профессор А.Г.Диденконың бірқатар еңбектерінде алға қойылған «үлгі» тұжырымдамасының заңнамаға енгізілуі мүмкін екенін айқындайды. [9].

«Астана» Халықаралық қаржы орталығының сотындағы және халықаралық төрелік орталығындағы іс жүргізу құқығы

«Астана» халықаралық қаржы орталығының соты

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 4-бабына сәйкес [10], АХҚО-ның қолданыстағы заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Англия мен Уэльс заңдарының қағидаларына, нормаларына және прецеденттеріне негізделеді.

Конституциялық деңгейде заң шығарушы (1) Англия мен Уэльс заңдарының қағидаларына, нормалары мен прецеденттеріне негізделген АХҚО актілерін құру және пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ (2) АХҚО сотының өзінің бұрынғы ұқсас сот шешімдерін, сондай-ақ дауларды шешуде басқа да жалпы юрисдикция соттарының шешімдерін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етті.

«Астана» халықаралық қаржы орталығының арбитражы

АХҚО арбитражы, егер тараптар арасында төрелік келісім болса, дауларды қарастырады. АХҚО заңы АХҚО төрелігіне жүгінуге құқығы бар субъектілер шеңберін шектемейді. Бұл құқықты Республиканың және шет мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары, егер олардың арасында төрелік келісім болса, пайдаланады. [11, с. 34]. «Біздің экономикалық және қаржылық реформаларымызда біз бірқатар құрылымдық және жүйелік реформаларды жүргізіп жатырмыз. Заңның үстемдігі - бұл табысты экономикалық және тұрақты өсудің негізі екенін біз жақсы түсінеміз. Осыны ескере отырып, қол жетімді сот төрелігі бар заманауи кәсіби және тәуелсіз сот жүйесін қалыптастыруға ерекше мән береміз. «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) соты мен Халықаралық төрелік орталығын ағылшын құқығының қағидалары бойынша құру арқылы біз АХҚО институционалды құрылымын құруды аяқтаймыз. Біз сондай-ақ, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың негізгі бастамаларының бірін жүзеге асырып жатырмыз және мен осы мүмкіндікті пайдаланып, осы бастамаға құрметпен назар аударғым келеді. Елбасы бастамасы арқылы бүгінде АХҚО-ның табысты қызметіне куәміз», - деді Мемлекет басшысы АХҚО сот ғимаратының және халықаралық төрелік орталығының ашылуы кезінде.

Сот жүйесінің тарихындағы өте маңызды бір институттардың бірі – XV ғасырдан бастап Қазақстандағы басты сот органы билер соты болғандығы тарихтан мәлім. Бұл институттың барлығымыз үшін әділеттілік арқылы әлемнің келісіміне қол жеткізуге септігі зор болды. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев өзінің бір баяндамасында: “АХҚО соттары өте маңызды рөл атқарады және олар әділеттілік пен объективтіліктің нышаны болып қала береді”, -деп атап өтті. АХҚО соты ағылшын жалпы құқығының нормалары мен қағидаларына негізделген сот жүйесін ұсынады,

тараптардың келісімі бойынша АХҚО сотына берілетін дауларға қатысты ерекше юрисдикцияға ие. АХҚО соты өз қызметінде тәуелсіз болып табылады және ҚР сот жүйесіне кірмейді.

Ислам қаржыландыруын дұрыс жүзеге асыру үшін ислам қаржыландыруы туралы заңнаманы одан әрі дамыту қажет деп есептейміз. АХҚО ислам қаржыландыруы саласында қызмет көрсететін Малайзия, Ұлыбритания, АҚШ және Қазақстан компанияларын тіркеді. Ислам даму банкінің көмегімен осы саланы дамытудың «жол картасын» әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Халықаралық сот институттарының шешімдері Қазақстан Республикасындағы прецеденттік құқықтың қайнар көзі ретінде

Халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде сот шешімдерінің мәртебесі талқылаудың бастапқы нүктесі болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сот жарғысының 59-бабында сот шешімі тек іске қатысушы тараптар үшін ғана және тек осы іс бойынша ғана орындалуға міндетті делінген. Алайда, өз кезегінде, БҰҰ Халықаралық Сот Жарғысының 38 бабының d тармағында халықаралық құқық негізінде оған берілген дауларды шешуге міндетті, соттың 59-бапта көрсетілген ескертулерді ескере отырып, сот шешімдері мен әр түрлі елдердің ең білікті қоғамдық құқық сарапшыларының доктриналарын құқықтық нормаларды анықтауға көмек ретінде қолданады деп көрсетілген.

Көптеген қазақстандық және шетелдік ғалымдар маңыздылығын атап өтіп, қазіргі әлемнің құқықтық жүйелерін зерттеуде сөзсіз үлес қосты. Мысалы, француз салыстырмалы зерттеушісі Рене Дэвид салыстырмалы заңның мәнін ашатын үш ұстанымды анықтады. Ол салыстырмалы құқық тарихын, жалпы ұлттық заңдылықты зерттеу үшін және «халықтарды түсіну және халықаралық қатынастарда қалыптасатын қатынастардың жақсырақ құқықтық формаларын құру үшін» пайдалы деп сендірді [12, с. 12]. Қазіргі әлем халықтардың өзара байланысты және адамгершілікті біріктіретін ынтымақтастықпен сипатталады. Рене Дэвид, сонымен бірге әлем бір мемлекет болғандықтан, қандай-да бір мемлекет басқалардан қорша алмайды деп тұжырымдайды. Халықаралық ынтымақтастықтың қажеттілігі «біз өз терезелерімізді ашып, шетелдік заңдарға қарауды» талап етеді.

Ағылшын құқығы жалпы құқықтық жүйесіне, қазақстандық құқық - континентальдық құқықтық жүйесіне жатады, өйткені ол германдық құқыққа негізделген. Алдымен соттар ағылшын құқығын жасады, олар істерді қарау кезінде жергілікті әдет-ғұрыптарды басшылыққа алды. Уақыт өте келе сот шешімдері (прецеденттер) төмендегі соттардың барлық ұқсас істерін қарау кезінде міндетті болды. Алайда, Англияда жалпы іс жүргізу құқығымен қатар, сот төрелігін қалпына келтіруге шақырған лорд-канцлердің соттары қалыптастырған сот ісінің заңы құрылды және әлі де жұмыс істейді. Лорд канцлерінің соты жалпы құқықтың прецеденттерімен байланысты болмады. 1873 жылы сот билігі туралы заң қабылданды, ол сот төрелігі құқығының жалпы заңға қарағанда басымдығын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, ағылшын құқықтық жүйесінде статуттық құқық бар. Ресми түрде, заңдар (Парламент актілері) сот прецеденттерінен жоғарырақ

болса, алайда, іс жүзінде, прецеденттік құқық басым болып табылады (мысалы, көбінесе келісім-шарт ережелері мен зиян үшін міндеттемелерде жиі кездеседі).

Заңдармен қатар, мемлекеттік ұйымдар қабылдаған заңнамалық актілер де маңызды болып табылады. Сонымен бірге, егер берілген өкілеттілік нормаларын оның өкілеттіктер шегінен тыс қабылданғанын немесе процедуралық бұзушылықтар жасалғанын анықтаса, сот берілген заңдылықтың күшін жоюға құқылы.

Белгілі заңдардың бөлінуі тұрғысынан біз ағылшын құқығында жария құқыққа және жеке құқыққа бөлінуді, немесе біздің ойымызша табиғи, азаматтық, кәсіпкерлік құқық, әкімшілік құқық, әлеуметтік қауіпсіздік құқығына сәйкес келетін бөлімді таба алмаймыз. Оның орнына, біз ағылшын құқығында ең алдымен жалпы құқық пен әділеттілік заңына бөлінуді табамыз.

Ағылшын және континентальдық құқықтың түбегейлі сәйкес келмеуі континентальдық құқық рим құқығынан шыққандықтан, ал ағылшын құқығы бірнеше себептермен Рим құқығын қабылдай алмады.

Біріншіден, Рим құқығы ең алдымен жеке сипатта болды, оны корольдік (Вестминстер) соттар қолдана алмады, олар өз юрисдикциясында жеке емес, бірақ қоғамдық құқықтағы дауларды шешті. Екіншіден, Ұлыбританияда Рим құқығын қабылдауға кедергілер жергілікті заңдармен сәйкес келмейтін жергілікті дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар түрінде болды. Үшіншіден, бұл Ұлыбританияның және оның құқықтық жүйесінің эволюциялық дамуының ерекшеліктерінен туындады, бұл жалпы құқық шеңберінен шығуды қажет етпеді.

Сонымен, Ұлыбританияда Шекаралар, Азаматтық және иммиграция туралы 2009 жылғы Заң [13] азаматтығын алу үшін қажет мемлекетте болу мерзімін бес жылдан сегіз жылға дейін арттырды. Сонымен қатар, азаматтық алу Біріккен Корольдіктің азаматымен бес жыл некеде болғаннан кейін ғана мүмкін болды деп көрсетілген.

Ұлыбритания Еуропалық Одақтан шыққаннан кейін, Еуропалық Одақ азаматтары, сондай-ақ басқа шетелдік азаматтар жұмыс визасын алуға мәжбүр болады деп болжанады, Еуропалық Одақта бар еркін қозғалыстың жалпы қағидасы Ұлыбританияда қолдануды тоқтатады (ЕО азаматтарының бірнеше санаттары үшін көшудің жеңілдетілген тәртібін сақтау жоспарланған). Ресми мәлімдемелерге сәйкес азаматтық институтын қатар жүргізетін болады, атап айтқанда, Ұлыбритания азаматтығын алуға өтініш білдірушілерге анағұрлым қатаң тілдік талаптарды енгізу жоспарлануда, сонымен бірге ол аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін сотталған адамдар үшін Ұлыбритания азаматтығынан айыру мүмкіндігін қарастырады. бұл қоғамдық мүддеге сәйкес келеді. Бұдан басқа, шетелдік азаматтардың қабылдаушы қоғамға кірігуін қамтамасыз етуге бағытталған қосымша шаралар қабылдау жоспарлануда. Соңғы өзгерістер Ұлыбританияда алты айдан астам жүрген шетелдіктерге ұлттық медициналық қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін «Иммиграциялық медициналық көмек» бағасының едәуір өсуін қамтиды. Бұл ретте білікті қызметкерлердің, сондай-ақ мұқтаж қызметкерлердің келуін ынталандыруға бағытталған шаралар қабылданатынын атап өткен жөн, білім көші-

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Пиголкин А.С. Теория государства и права: Учебник. - М.: Городец, 2003. – 405 с.
- 2 Алиев Т.Т. Механизмы прецедентного правового регулирования в Российской Федерации // Современное право. - 2018. - №1. - С. 76-78
- 3 Теория государства и права: Учебник для юридических вузов / А.И. Абрамова, С.А. Боголюбов, А.В. Мицкевич и др.; под ред. А.С. Пиголкина. М.: Городец, 2003. – 541 с.
- 4 Давид Р. Основные правовые системы современности. - М., 1988. - 467 с.
- 5 Дорошков В.В. Мировой судья. Исторические, организационные и процессуальные аспекты деятельности. - М.: НОРМА, 2004. - 322 с.
- 6 Кудрявцева Е.В. Реформа английского гражданского судопроизводства // Законодательство. 2000. № 1.С. 77 - 84; Blackstone's Civil Practice. 2001 / Editor-in-Chief Ch. Plant.London: BlackstonePressLimited, P. 10
- 7 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция республикалық референдумда 30 тамызда 1995 жылы қабылданған (соңғы өзгертулер мен толықтырулармен 23.03.2019 жылғы) // ӘДІЛЕТ. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. Республикалық құқықтық ақпарат орталығы. Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі. adilet.zan.kz.
- 8 Аналитическая справка по изучению международного опыта применения прецедентного права и перспектив его внедрения в национальное законодательство. Режим доступа: <http://sud.gov.kz /rus/content/zasedanie-mezhhdunarodnogo-soveta-pri-verhovnom-sude-respubliki-kazahstan-ot-10-noyabrya-2017> - С. 2. Дата обращения: 18.07.2019
- 9 Диденко А. Г. Ульге - один из путей укрепления судебной власти. Режим доступа: <https://online.zakon.kz/ Document/ docid = 31280875#pos=3;-108>. Дата обращения: 07.08.2019
- 10 Конституционный закон Республики Казахстан от 7 декабря 2015 года № 438-V «О Международном финансовом центре «Астана».
- 11 Дауленов М. М., Абилова М. Н. Английское право на страже прав инвесторов в международном финансовом центре «Астана» // Право и государство. - № 3(72). - 2016. - С. 34.
- 12 Давид Р., Жоффре-Спинози К. Основные правовые системы современности: Пер. с фр. В.А. Гуманова. - М.: Междунар. отношения, 1998. – 212 с.
- 13 Borders, Citizenship and Immigration Act 2009 // URL:<https:// www.legislation.gov.uk/ukpga/2009/11/contents> (Дата обращения 20.11.19).

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗИЯНЫ ӨТЕУДЕ ЗАҢНАМАНЫ БҮЗҒАНЫ ҮШІН ЗАҢДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Н. Накен

*Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң Академиясының магистранты, Қазақстан
Республикасы, Алматы қаласы*

Түйіндеме. Мақалада қоршаған ортаны қорғау мақсатында қарастырылатын жауапкершілік негіздері талқыланады. Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік туындауының негізі экологиялық құқық бұзушылықты жасау болып табылады, одан экологиялық құқықтың нормаларын реттеуді бұзатын құқыққа қарсы кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік, мемлекетке, табиғат пайдаланушыға және қоршаған ортаға зиян келтіретін, ал осы арқылы адамның денсаулығына не қоғамдық қауіпсіздікке зиян келтірудің нақты мазмұны болатын қоғамдық қатынастар түсініледі. Басқа құқық бұзушылықтардан өзгеше экологиялық құқық бұзушылықтың ерекшелігі табиғатқа келтірілетін зиян фактісінің болуы не оның басталуының нақты қаупі болып табылады. Экологиялық құқық бұзушылықтың сипаттамасына мұндай көзқарасты көптеген ғалым-экологтар қостайды. Бірақ бұл орайда, біздің ойымызша, егер олар табиғатқа зиян келтіру фактісімен байланысты болмаса, экологиялық құқық бұзушылықтардан табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы заңды бұзуды бөліп қараған кезде қате қорытынды жасайды. Табиғат объектілеріне –сату-сатып алуға, сыйға тартуға және тағы басқа мемлекеттік меншік құқығын бұзатын мәмілелер туралы да айтуға болады, өйткені бұл арада да табиғатқа зиян келтіру болмайды.

Экологиялық зиянды өтеу мәселелері, жауапкершілік түрлері, оларды қолдану жағдайлары сараланады.

Түйін сөздер: қоршаған орта, экология, заңдық жауапкершілік, табиғи ресурстар, экологиялық жауапкершілік, заңсыз аң аулау, қоғамдық қауіпсіздікке зиян келтіру, зиянды авариялық ықпалдары, айыппұл, зардаптарын жою, табиғат объектілері.

ПОНЯТИЕ И ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЮРИДИЧЕСКОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА НАРУШЕНИЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА О ВОЗМЕЩЕНИИ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО УЩЕРБА, ПРИЧИНЕННОГО ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЕ

Аннотация. В статье обсуждаются основы ответственности, рассматриваемые в целях охраны окружающей среды. Основанием возникновения юридической ответственности за нарушение экологического законодательства является совершение экологического правонарушения, под которым понимается виновное, противоправное действие или бездействие, нарушающее нормы экологического права, общественные отношения, наносящие ущерб государству, природопользователю и окружающей среде, и тем самым имеющие реальное причинение вреда здоровью человека либо общественной безопасности.

Особенностью экологического правонарушения, отличного от других правонарушений, является наличие факта причинения вреда природе, либо реальная угроза его начала. Такой подход к описанию экологического правонарушения поддерживается многими учеными-экологами. Но при этом, на наш взгляд, если они не связаны с фактом причинения вреда природе, делают ошибочное заключение при выделении из экологических правонарушений нарушений законодательства об охране природы и рациональном использовании природных ресурсов. Можно также говорить о сделках, нарушающих права государственной собственности на природные объекты – куплю-продажу, дарение и так далее, так как в этом нет ущерба природе. Анализируются вопросы возмещения экологического ущерба, виды ответственности, условия их применения.

Ключевые слова: окружающая среда, экология, юридическая ответственность, природные ресурсы, экологическая ответственность, незаконная охота, причинение вреда общественной безопасности, штраф, ликвидация последствий, природные объекты.

CONCEPT AND GENERAL CHARACTERISTICS OF LEGAL LIABILITY FOR VIOLATION OF LEGISLATION ON COMPENSATION FOR ENVIRONMENTAL DAMAGE CAUSED TO THE ENVIRONMENT

Abstract. The article discusses the principles of responsibility considered in order to protect the environment. The basis for legal liability for violation of environmental legislation is the Commission of an environmental offense, which is understood as a guilty illegal act or omission that violates the regulation of environmental law, public relations that cause damage to the state, the nature user and the environment, and thus have the real content of causing harm to human health or public safety. A feature of an environmental offense that differs from other offenses is the presence of a fact of causing harm to nature or a real threat of its beginning. This approach to describing an environmental offense is supported by many environmental scientists. But at the same time, in our opinion, if they are not connected with the fact of causing harm to nature, they make an erroneous conclusion when allocating violations of the legislation on nature protection and rational use of natural resources from environmental offenses. We can also talk about transactions that violate the rights of state ownership of natural objects – purchase, sale, donation, and so on, since this does not damage nature. The issues of compensation for environmental damage, types of liability, and conditions for their application are analyzed.

Keywords: environment, ecology, legal liability, natural resources, environmental liability, Illegal hunting, causing harm to public safety, harmful emergency impact, fine, elimination of consequences, natural objects.

Заңды тұлғалардың, сондай-ақ азаматтардың тарапынан экологиялық заңнаманы сақтаудың маңызды шарты табиғатты қорғау мен қоршаған ортаны ұтымды пайдалану туралы нормалар мен ережелерді бұзғаны үшін жауапкершіліктің мемлекеттік шараларын белгілеу болып табылады. Бұл салада заңсыз аң аулау мен су кәсіпшіліктерімен заңсыз айналысу фактілері бойынша қозғалған қылмыстық істердің елеулі саны байқалады. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің деректері бойынша экологиялық заңды бұзғаны үшін жыл сайын кінәлі адамдардан экологиялық айыппұлдар мен төлемдер ретінде 600 млн. астам теңге алынады. Сонымен бірге, жауапкершілік шараларын қолдану тиімді

болмай отыр. Бұл экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік институты теориясы әзірленуі деңгейінің жеткіліксіз болуымен түсіндіріледі.

Экологиялық құқықтың ерекшелігі мынада болып табылады: ол құқықтық реттеудің дербес объектісімен кіші салаларды біріктіретін құқықтың кешенді, ықпалдасқан саласы ретінде сипатталады. Бұл экологиялық заңнаманы реттеудің жалпы объектісінің ерекшелігімен байланысты болады [1, 145б.].

Адамды қоршаған табиғат ортасы өзінің құрамдас бөліктерін – жерді, суды, орманды, жер қойнауын, жануарлар дүниесі мен атмосфералық ауаны біріктіретін кешен болып табылады. Осыдан да экологиялық жауапкершілік шараларын реттейтін нормалар да ерекше сипатқа ие болады. Табиғат объектісі туралы әрбір кодексте жер, су, орман, тау-кен заңнамаларын бұзғаны үшін жауапкершілік көзделген. Жауапкершіліктің осы шараларын қолданатын мемлекеттік органдар да бар. Бұл арада да табиғат объектілері бойынша саралау болады.

2007 жылдың 9 қаңтарында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің қабылдануы нәтижесінде табиғаттың жекелеген объектілер үшін жауапкершілік мәселелері бір нормативтік актіге топтастырылған. Сөйтіп, табиғаттың жеке объектісін пайдалануды қорғаудың нормалары мен ережелерін бұзу барлық табиғат кешенін бұзу деп танылады.

Экологиялық-құқықтық жауапкершілік – бұл нормалардың екі тобын және оларға тиісті құқық қатынастарын көздейтін құқық институтының кешенді салықаралық институты.

А) табиғат қорғау заңнамасы нормаларының бұзылуы жөнінде туындайтын;

Б) құқықты бұзғаны үшін санкцияларды (қылмыстық, әкімшілік, азаматтық) қолданумен байланысты одан әрі жалғасатын құқық қатынастары.

Бұл анықтама құқықтың басқа салалары жауапкершілігінің шараларын қолдана отырып, экологиялық құқық нормаларының бұзылуы ретінде экологиялық жауапкершіліктің табиғатын ашады.

Б.В.Ерофеев мынаны атап көрсетеді: заңдық және экологиялық-құқықтық жауапкершілік «болмысын» үш әр алуан, бірақ өзара байланысты мәнінде қарастырған жөн:

- мемлекеттік мәжбүрлеу және заңмен жазылған талаптарды орындау;

- мемлекет пен құқық бұзушы арасында туындайтын қорғау қатынастары ауқымында іске асатын, ол әрекет қолайсыз құқықтық санкцияларға ұшырауына алып келетін құқықтық қатынастың туындауы;

- мемлекет пен оның органдарының құқық бұзушыға ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолданудың түрлерін, құралдары мен тәртібін баянды ететін заңдық нормалардың жиынтығы болып табылады [2, 75б.].

Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік белгілі бір мақсаттарды орындауға бағытталған, ол мақсаттардың негізгісі мемлекет белгілеген экологиялық тәртіпті қамтамасыз ету. Бұл құқық институты мына негізгі:

- құқық нормаларын сақтауға, экологиялық-құқықтық нұсқамалықтарды орындауға ынталандыратын;

- қоршаған ортадағы ысырапты өтеуге өтемдік және адам денсаулығын қалпына келтіру;

- жаңадан жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз ететін ескерту;

- экологиялық құқық бұзушылықты жасаған адамға жаза қолдануда орын алатын жазалау міндеттерін орындайды.

Сонымен, мынадай анықтаманы тұжырымдауға болады: экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік институты – кінәлі емес адамдардың заңда баянды етілген экологиялық құқық тәртібін сақтау мақсатында оларға мәжбүрлеу ықпалының мемлекеттік шаралары жүйесін белгілейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік туындауының негізі экологиялық құқық бұзушылықты жасау болып табылады, одан экологиялық құқықтың нормаларын реттеуді бұзатын құқыққа қарсы кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік, мемлекетке, табиғат пайдаланушыға және қоршаған ортаға зиян келтіретін, ал осы арқылы адамның денсаулығына не қоғамдық қауіпсіздікке зиян келтірудің нақты мазмұны болатын қоғамдық қатынастар түсініледі.

Бұл анықтамадан мынаны аңғаруға болады: экологиялық құқық бұзушылық бұл табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалану ережелерін бұзатын құқыққа қарсы әрекет.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 319-бабында экологиялық құқық бұзушылықтардың тізбесі берілген. Осы нормаға сәйкес экологиялық құқық бұзушылықтардың түрлеріне:

- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын мүлдіктік жауапкершілікке әкеп соғатын бұзушылық;
- қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар;
- экологиялық қылмыстар жатады [3].

Алайда, аталмыш нормативтік құқықтық актіде экологиялық құқық бұзушылықтың өзінің ұғымының сипаттамасы берілмеген. Соған қарамастан, экологиялық құқық бұзушылықтың өзінің құрамы мен түрлері болады.

Экологиялық құқық бұзушылық субъектілері азаматтар, лауазымды адамдар және заңды тұлғалар болып табылады.

Бұл орайда жеке тұлғаларға шетелдік азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жатады, өйткені олар да табиғат пайдалану жөніндегі құқықтық қатынастарына қатысуы және экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапты болуы мүмкін.

Табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы жеке тұлғалардың жауапкершілігі 16 жасқа толған кезде басталады. Заңды тұлғаларға, экологиялық құқық қатынастарының субъектілеріне мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерді, кооперативтік, коммерциялық, шағын, шетелдік нысандары бар бірлескен кәсіпорындарды жатқызуға болады, олар да табиғат пайдаланушылар рөлін атқарып, экологиялық жауаптылықта болуы мүмкін.

Экологиялық құқық бұзушылық объектісі қылмыстық ниеттің неге бағытталғанын сипаттайды. Экологиялық құқық бұзушылықтың жалпы объектісі табиғат және оның құрамындағы элементтер болады, олар экологиялық құқық қатынастарының кіші объектілерінде топыраққа, суға, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне бөлінеді. Мынаны атап көрсету керек: экологиялық заңнамамен өз болмысында табиғат объектісі емес объектісі болатын құқық бұзулары, мысалға айтсақ, табиғи ресурстардың меншік иесі ретінде мемлекеттің заңдылық күші көзделген. Мысалы, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 164-бабында былай делінген: меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген тәртіппен қорғалады. Су, Орман кодексінің нормаларын келтіруге болады,

бұларда экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі табиғат пайдаланушы мен табиғат иеленушінің заңдылығы болып табылады. Мысал ретінде, Қазақстан Республикасының Су кодексінің 138-бабына сәйкес «өз бетінше басып алынған су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстары заңсыз пайдаланылған уақыт ішінде Қазақстан Республикасының су заңдарының бұзылуынан келтірілген зиян өтеліп, иесіне қайтарылады. Өз бетінше басып алынған су объектілерін қайтару Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Сондықтан, экологиялық құқық бұзушылықтың объектісі ретінде табиғат ортасы, мемлекет, табиғат пайдаланушылар мен табиғат иеленушілердің мүддесі танылады.

Бұл құқық бұзудың объективті жағы кінәлі адамның құқыққа қарсы әрекеттер жасауынан немесе әрекетсіздігінен көрінеді. Мысалға, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде объективтік жағына пәрменді әрекеттер жататын баптар бар – бұл 287-бап – «Су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз аулау», 288-бап – «Заңсыз аңшылық», 290-бап «Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кату қауіпі төнген түрлерімен заңсыз іс-әрекеттер». Екінші жағынан, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында экологиялық құқық бұзушылықтар көзделген, олардың объективтік жағы әрекетсіздік болып табылады: қоршаған табиғи ортаны қалпына келтіру және табиғи ресурстарды молайту жөнінде шаралар қабылдамау; қоршаған ортаға ластаушы заттардың өндірістік нормативтен тыс шығарулары мен тастандылары және басқа да зиянды авариялық ықпалдары туралы хабарламау; мемлекеттік экологиялық сараптама талаптарын орындамау. Айтар болсақ, ҚР ҚК 294-бабы «Экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шара қолданбау» [4].

Экологиялық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы кінәлі адам жасалған қылмысқа, оның себептеріне, мүдделеріне қатысымен сипатталады. Экологиялық жауапкершіліктің міндетті факторы құқық бұзушының кінәсі болып табылады. Мұнда да қолданыстағы заңнама кінәнің екі нысанын – жанама ниет және абайсыздықты көздейді. Егер кінәлі адам табиғатқа немесе табиғат пайдаланушыларға зиян келтіретін әрекет жасаған және ол мұны ұғынып, осыған ниет етсе, онда біз тікелей ниетті қарастырамыз. Егер кінәлі адам келеңсіз салдардың басталуына жол беретін болса, оның құқыққа қарсы әрекеттерін тергеуінде жанама ниет көрініс береді.

Абайсыздық дегеніміз кінәлі адам өзінің мінез-құлқының салдарларын алдын - ала білуге тиіс болған, бірақ бұған байыпсыз қараған кезде ұқыпсыз мінез-құлықты білдіреді. Айталық, отқа немесе аса қауіптің шығу көзіне ұқыпсыз қараудың нәтижесінде орман алқаптарын абайсызда жою немесе зақымдау (ҚР ҚК 292-бабы) [4].

Экологиялық жауапкершілік шараларын қолдану үшін экологиялық құқық бұзушылықтың барлық белгілерінің және барлық элементтерінің болуы қажет.

Экологиялық құқық бұзушылық түрлерінің әрқайсысына жер, су, орман және тағы басқа заңдарының үлкен тобы жатады, олардың тізбесі табиғаттың осы объектілері туралы кодекстерде келтіріледі. Бұл ретте, экологиялық құқық бұзушылықтың бір-бірінен өзгеше ерекшеліктері болады.

Қоғамға қауіптілік деңгейіне қарай экологиялық құқық теріс қылық және экологиялық қылмыстарға бөлінеді, соған сәйкес қылмыстық жауапкершілік және теріс қылық үшін әкімшілік, азаматтық және тәртіптік жауапкершілік көзделген.

Басқа құқық бұзушылықтардан өзгеше экологиялық құқық бұзушылықтың ерекшелігі табиғатқа келтірілетін зиян фактісінің болуы не оның басталуының нақты

қаупі болып табылады. Экологиялық құқық бұзушылықтың сипаттамасына мұндай көзқарасты көптеген ғалым-экологтар қостайды. Бірақ бұл орайда, біздің ойымызша, егер олар табиғатқа зиян келтіру фактісімен байланысты болмаса, экологиялық құқық бұзушылықтардан табиғат қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы заңды бұзуды бөліп қараған кезде қате қорытынды жасайды. Мысалы, «табиғат пайдалану жөніндегі заңсыз мәмілелерді тіркеу» сияқты қылмысты экологиялық қылмысқа жатқызбайды, өйткені мұндағы қылмыс жасаушы субъект табиғат объектісіне нақты зиян келтірмейді, ол өзінің пайдакүнемдік немесе жеке мүддесі үшін жасайды. Осыны табиғат объектілеріне –сату-сатып алуға, сыйға тартуға және тағы басқа мемлекеттік меншік құқығын бұзатын мәмілелер туралы да айтуға болады, өйткені бұл арада да табиғатқа зиян келтіру болмайды.

Біздің ойымызша, зиян ұғымын түсініп алу керек. Табиғатқа келтірілетін зиян бірнеше мағынада түсіндірілуі мүмкін.

Мысалы, С.Д.Бекішеваның пікірі бойынша, экологиялық зиянды объектілер бойынша қоршаған табиғат ортасына келтірілген зиян жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделеріне келтірілген зиян деп топтастыруға болады.

Қоршаған табиғат ортасына келтірілген зиян мына жағдайларда:

- табиғат ортасының қоршаған ортасының ластануы кезінде;
- қоршаған табиғат ортасының былғанып қалуы кезінде;
- табиғи ресурстардың таусылуы кезінде;
- табиғат объектілерінің жойылуы, бұзылуы, зақымдануы кезінде;
- экологиялық байланыстардың бұзылуы, табиғи ортадағы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы кезінде пайда болады.

Сондықтан да, табиғи ресурстар санының азаюына әкеп соқтырған нақты зиян олардың жүдеуіне немесе өзге жағымсыз экологиялық салдарға әкеледі деуге болмайды. Мұндайда мемлекетке немесе табиғат пайдаланушыға келтірілген мүліктік зиян туралы айтқан жөн. Бұл көзқарасты Д.Л. Байдельдинов те қолдайды. Ол табиғатқа келтірілген зиянды екі дербес экономикалық және экологиялық зиянға бөлуді ұсынады.

Экономикалық зиян табиғат пайдаланушылардың – жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттің мүліктік құқықтары мен мүдделеріне қол сұғады. Ол мыналардан:

- табиғаттың тауарлы өнімінің ысырабынан;
- мүліктің, ауыл шаруашылығы өнімдерінің астық түсімінің бұзылуынан, жоғалуынан;
- пайдаланылмаған шығындардан, айырылып қалған пайдадан;
- табиғат ортасының бұзылған жай-күйін қалпына келтіруге жұмсалған шығыстардан көрінеді.

Экологиялық зиян – бұл табиғаттың хал-ахуалын қозғайды, яғни зиянның салдарын жою үшін ақшалай төлемдер емес, табиғи объектіні бастапқы қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар жүргізілуі қажет дегенді білдіреді. [5, 166.]

С.Д. Бекішева өзінің қорытындыларының негізіне Ресей ғалымы М.М. Бринчуктің еңбегін алған. Яғни, экологиялық құқықтың теориясында зиянды табиғаттың экологиялық және экономикалық зиянына бөліп топтастыруы бар. Экономикалық зиян табиғат пайдаланушылардың мүліктік мүдделерін қозғайды және материалдық көрінісін білдіреді. Мұндай зиянды қалпына келтіру азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің жалпы негіздеріне сәйкес жүргізіледі. [6, 136.]

Қорыта айтқанда, экологиялық зиян табиғаттың өзінің жай-күйін қозғайды. Ол материалдық көрінісін білдірмейді, өйткені табиғат пен табиғат объектілері өз болмысында құны болмайды. Экологиялық зиянды қалпына келтіру ақша қаражаттары арқылы емес, керісінше табиғи объектіні заттай қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу арқылы мүмкін болады.

Екінші жағынан табиғаттың өзіне зиян келтіре алмайды. Экологиялық қатынастар тек табиғатты қорғау тұрғысында ғана емес, сонымен бірге оны пайдалану мәселелері бойынша да туындайды. Демек, мемлекеттің рұқсатымен табиғат пайдалануды жүзеге асыратын тұлғалардың мүдделері де экологиялық құқықтың нормаларымен қорғалуға тиіс. Сондықтан экологиялық құқықтың бұзылуынан келтірілетін зиян табиғи ресурстарының меншік иесі ретінде табиғат пайдаланушыларының мүдделері мен мемлекетке келтірілуі мүмкін.

Сонымен, біздің ойымызша, табиғат ортасына келтірілген кез - келген зиян экологиялық құқық бұзушылық деген сөз емес. Оның үстіне табиғи ортаның ластануымен келтірілетін табиғатқа келтірілетін зиян бірнеше жыл немесе ондаған жылдар өткен соң білінуі мүмкін. Экологиялық зиянның ошағы қоршаған ортаның ластануы көзінен едәуір алыста болуы мүмкін. Сондықтан уақытша донорға тағы да аумақтық донорды қосуға болады.

Бұдан мынаны айтқан жөн: тек табиғатқа қана емес, сондай-ақ табиғи ресурстарының меншік иесі ретінде табиғат пайдаланушылардың мүдделері мен мемлекетке келтірілген зиян экологиялық құқық бұзушылықтың негізгі ерекшелігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Боголюбов С.А. Экологиялық құқық. Оқулық. М., 1998 ж. б. 145.
- 2 Ерофеев Б.В. Ресейдің экологиялық құқығы. М., 1996 ж. б. 75.
- 3 ҚР Экологиялық кодексі. Алматы, Юрист, 2009
- 4 ҚР Қылмыстық кодексі. Алматы, Юрист, 2007
- 5 Бринчук М.М. Экологиялық құқық (қоршаған ортаның құқығы). М., 1998г.
- 6 Байдельдинов Д.Л. Юридическая ответственность за экологические правонарушения. Алматы, 1993. б. 13

УДК: 342.7 (075)

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫ

А.Е. Нүсіпбай

Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының магистранты, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы gulzira_06041967@mail.ru; nusipbai_a@mail.ru;

Түйіндеме: Дамыған азаматтық қоғам жағдайында азаматтардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін неғұрлым толығырақ жүзеге асыру үшін, нағыз халықтық билікке қол жеткізу үшін, қоғам өмірінің әлеуметтік, рухани және өзге де

сфераларында жеке тұлғаның бағдарын таңдау бостандығына қол жеткізуі үшін қажетті нақты алғышарттар құрылады.

Жеке тұлға мен мемлекет арасында делдалдық қатынасқа түсе отырып, азаматтық қоғам мемлекеттің құқыққа бағынуын, қоғамдық институттардың мемлекеттік билік үстінен бақылауды жүзеге асыруын, мемлекеттің жеке тұлғаның жеке өмірі саласына араласпауын, азаматтар мен олар құрған қоғамдық бірлестіктердің құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді.

Азаматтық қоғам болмаса демократиялық, құқықтық, әлеуметтік, зайырлы мемлекет те болмайды, азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері де тиісінше деңгейде қорғалмайды және қамтамасыз етілмейді.

Азаматтық қоғам бүкіл қоғамның ырыс-берекеге және гүлденуіне қол жеткізуін, халықтың өмірінің әлеуметтік экономикалық деңгейінің көтерілуін, қоғамның рухани мәдени жағынан дамуын, мемлекеттің құқыққа бағынуын болжайды.

Қазақстанның азаматтық қоғамының одан әрі жаңғыртылуының стратегиялық мақсаты азаматтық қоғам институттарын бекіту және дамыту деп айтуға болады. Бүгінгі күні азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынасында теңсіз әріптестік үрдісі байқалуда. Азаматтық қоғамның дамымағандығы елде азаматтық сектор мен мемлекет арасындағы әлеуметтік әрекеттестік қағидатының жүзеге асырылуын күн тәртібіне қояды.

Азаматтық қоғам институттарының дамуы мәселелерін іс жүзінде екі жазықтықта шешу маңызды болып отыр. Конституциялық құқықтық азаматтық қоғамға қатынасы туралы мәселені конституциялық құқықтық нормаларда азаматтық қоғам туралы негізгі қағидаттар мен ережелерді бекіту ретінде қарастыру қажет сияқты. Сондай-ақ, соңғы кезде бұл мәселе дәл осы көзқараста Қазақстан Республикасының Президентімен, әр түрлі партиялармен және бірлестіктермен жиі қарастырылып жүр.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы, бұл екі институт азаматтық қоғамды күшейту мен белсенділігін арттыру барысында мазмұнды рөлді атқаратынына қарамастан, саяси партияларға, бұқаралық ақпарат құралдарына байланысты мәселелерді тұжырымдама шегінен тысқары қалдыра отырып, азаматтық қоғамды дамытудың негізгі бағыттарын ұсынады.

Азаматтық қоғам туралы түсініктің негізгі түп тамыры бұрынғы өткен ойшылдардың басты идеялары - азаматтық, теңдік, гуманизм және әділдік болып есептеледі.

Түйін сөздер: Азаматтық қоғам, тұлға, құқы, бостандық, мәртебе, құқықтық институт, құқықтық мемлекет, халық, ар-намыс, қадір-қасиет, құқықтық сана, тәрбие.

ИНСТИТУТЫ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Анотация: В условиях развитого гражданского общества создаются конкретные предпосылки для более полной реализации способностей и возможностей граждан, достижения истинной народной власти, достижения свободы выбора личностной ориентации в социальной, духовной и иных сферах жизни общества.

Вступая в посреднические отношения между физическим лицом и государством, гражданское общество обеспечивает правовое подчинение государства, осуществление контроля над государственной властью общественными институтами, невмешательство государства в сферу частной жизни личности, защиту прав, свобод и законных интересов граждан и созданных ими общественных объединений.

Без гражданского общества не может быть демократического, правового, социального, светского государства, и права, свободы и законные интересы граждан должным образом не защищаются и не обеспечиваются. Гражданское общество предполагает достижение единства и процветания всего общества, повышение социально-экономического уровня жизни населения, духовно-культурное развитие общества, правовое подчинение государства.

Стратегической целью дальнейшей модернизации гражданского общества Казахстана можно назвать укрепление и развитие институтов гражданского общества. На сегодняшний день в отношениях между институтами гражданского общества и государством наблюдается тенденция неравного партнерства. Незрелость гражданского общества ставит в повестку дня реализацию принципа социального взаимодействия между гражданским сектором и государством.

Важно практически решать вопросы развития институтов гражданского общества в двух плоскостях. Вопрос об отношении конституционно-правового гражданского общества необходимо рассматривать как утверждение в конституционно-правовых нормах основных принципов и положений о гражданском обществе. Кроме того, в последнее время этот вопрос рассматривается именно с этой точки зрения президентом Республики Казахстан, различными партиями и объединениями.

Концепция развития гражданского общества в Республике Казахстан представляет основные направления развития гражданского общества, оставляя за пределы концепции вопросы, связанные с политическими партиями, средствами массовой информации, несмотря на то, что оба института играют содержательную роль в процессе усиления и активизации гражданского общества.

Основные корни представления о гражданском обществе главными идеями бывших мыслителей являются гражданственность, равенство, гуманизм и справедливость.

Ключевые слова: Гражданское общество, личность, права, свобода, статус, правовой институт, правовое государство, народ, честь, достоинство, правовое сознание, воспитание

INSTITUTES OF CIVIL SOCIETY

Abstract: in the conditions of a developed civil society, specific prerequisites are created for a more complete realization of the abilities and capabilities of citizens, achieving true people's power, achieving freedom of choice of personal orientation in social, spiritual and other spheres of society.

Engaging in intermediary relationship between the individual and the state, civil society provides the legal subordination of the state to exercise control over the state power institutions, state interference in the private sphere of the individual, protection of rights, freedoms and legitimate interests of citizens and public associations.

There is no democratic, legal, social, or secular state, and the rights, freedoms, and legitimate interests of citizens are not adequately protected and provided for. Civil society implies achieving unity and prosperity of the entire society, increasing the socio-economic standard of living of the population, spiritual and cultural development of society, legal subordination of the state.

The strategic goal of further modernization of civil society in Kazakhstan can be called the strengthening and development of civil society institutions. Today, there is a

trend of unequal partnership between civil society institutions and the state. The lack of development of civil society puts the implementation of the principle of social interaction between the civil sector and the state on the agenda.

It is important to practically address the development of civil society institutions in two dimensions. The question of the attitude of the constitutional-legal civil society should be considered as a statement in the constitutional-legal norms of the basic principles and provisions on civil society. In addition, this issue has recently been considered from this point of view by the President of the Republic of Kazakhstan, various parties and associations.

The concept of civil society development in the Republic of Kazakhstan represents the main directions of civil society development, leaving issues related to political parties and mass media outside the concept, despite the fact that both institutions play a meaningful role in the process of strengthening and activating civil society.

The main roots of the idea of civil society the main ideas of former thinkers are citizenship, equality, humanism and justice.

Keywords: Civil society, personality, rights, freedom, status, legal institution, legal state, people, honor, dignity, legal consciousness, education.

Азаматтық қоғам адамның жеке басының еркі мен әлеуметтік заңға үйлесімділіктің дәл келуімен тартымды идея болып көрінеді.

Азаматтық қоғамды құрайтын институттардың құқықтық негіздерін зерттеу үшін ең алдымен сол қоғамды құрайтын тұлға мен азаматтың орнын белгілеп алған жөн. Тұлға азаматтық қоғамда ғана жеке дербес құқықтар мен бостандықтарға иелене алады. Азаматтық қоғамда азамат өз еркімен экономикалық, саяси және мәдени ортада өмір сүре алады [1, 182 б.].

Құқықтық мемлекетте заңдылықты орнықтыру үшін ең алдымен қоғамдық өмірдегі қылмыстарға қарсы күштерді жұмылдыра нақты құқықтық қадамдарды аяқандап алу қажет. Мемлекеттегі тұрақты халыққа өздерінің құқықтары мен бостандықтарын және мемлекет алдындағы міндеттерін тиісті өкілетті органдар арқылы түсіндіріп жеткізу керек. Мемлекет өз тарапынан құқықтық деңгейде азаматтарға құқықтары мен бостандықтарының шектелмейтіндігіне, бұзылмайтынына кепіл беру керек. Тек заңның үстемдігі мен заң талаптарына сәйкес жасалынған жағдайлардың бар болған кездерінен бастап құқықтық мемлекет деген атауға ие болады.

Құқықтық мемлекеттің құқықтық емес мемлекетпен тағы бір айырмашылығы ол қабылданған және жүзеге асырылып жатқан заңдарының сапалылығы. Құқықтық мемлекеттің заңдары әділ, ізгілікті болуы керек. Онда адамдардың өмір сүру, өзіне лайықты күн құруы тағы басқа сол сияқты ажыратылмайтын құқықтары бекітілген болуы керек.

Адам баласы бір - бірімен қатынас жасауға, өзара пікірлесуге, ортақ мәселені бірлесіп шешуге әрқашан ынталылық танытады. Сондықтан да материалдық ынталылықтан басқа адами қажеттіктер де азаматтық қоғамның институттарын жасақтауға себепші болады.

Азаматтық қоғамның басты институттарының бірі болып табылатын қоғамдық - саяси партиялар мен бірлестіктердің, мемлекеттік емес ұйымдардың қызметі мемлекет тарапынан құқықтық нормалардың жүйесін құрайтын нормативтік - құқықтық актілермен қамтамасыз етілуі тиіс.

Бұл ретте Қазақстан Республикасында дербес мемлекеттілікті қалыптастыру барысында аталған азаматтық қоғам институттарының қызметтерін құқықтық негізде реттейтін бірнеше заңдар қабылданды. Мәселен, азаматтық қоғам институттарына саяси партиялар, жергілікті қоғамдастықтар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ қоғам үшін түрлі қызмет пен қызмет көрсетулердің кең ауқымын іске асыратын, қызметтің алуан түрін жүзеге асыратын мемлекеттік емес қорлар, коммерциялық емес мекемелер, заңды тұлғалар одақтары, қауымдастықтары, қоғамдық пайдалы міндеттерді шешетін басқа да ұйымдар мен бастамашыл топтар түрінде құрылған мемлекеттік емес ұйымдар жатады. Солардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі саяси партиялар болып табылады, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі «Саяси партиялар туралы» қабылданған Заңына сәйкес, саяси партия - мемлекеттік биліктің, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілетті және атқарушы органдарында азаматтардың, түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіру және оларды қалыптастыруға қатысу мақсатында олардың саяси ырықын білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы, «Қазақстанның патриоттары» партиясы, «Азат» жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы, «Қазақстан Коммунистік Халық» партиясы, Социал-демократиялық «Ауыл» партиясы, Қазақстанның «Әділет», «Ақ жол» демократиялық партиясы қызмет істеуде [2].

Көп партиялық әлеуметтік институтының пайда болуы елдегі азаматтық қоғамның қалыптасуының ең маңызды белгілерінің бірі. Саяси партиялардың пайда болуы мен дамуы айтарлықтай мөлшерде қоғамның саяси жүйелерінің тиімділігін куәландырады, мемлекеттің демократиялық табиғатын нығайтудың, оның азаматтарының саяси құқықтарын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Сонымен қатар, бүгінгі таңда кез келген мемлекет жүйелі азаматтық қоғамсыз толыққанды қалыптасуы мүмкін емес, себебі елдегі барлық халықтың тыныс тіршілігін, мүдделерін тіпті шешуін таба алмай жатқан маңызды мәселелерін алға жылжытатын саяси партиялардың өздері азаматтық қоғамның бір бөлігі.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірде қабылданған «Кәсіптік одақтар туралы» заңында көрсетілгендей, Кәсіптік одақтар - азаматтардың өз кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде өз мүшелерінің еңбек ету, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру мен оларды қорғау, еңбек жағдайларын жақсарту үшін ерікті түрде құратын дербес, тіркелген жеке мүшелігі бар қоғамдық бірлестіктері. Кәсіптік одақтар қоғамдағы басқа субъектілерге қарағанда өте кең таралған және жаппай қоғамдық ұйым болып табылады және солай болып қала да береді. Ол өзінің қызметі мен алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне байланысты жалпы халықтық ұйым болып табылады, және ол барлық халықтан, барлық салада және кез келген аймақта қолдау табады. Кәсіподақтың маңызы осындай нарықтық кезеңде, капитал мен еңбектің тепе-теңдігін сақтау қажеттілігіне байланысты ролі артып отыр. Қазіргі таңда Қазақстандық кәсіподақтардың қызметінде маңызды қайшылықтар да бар. Бұл бір жағынан жұмысшылардың экономикалық және әлеуметтік-еңбектік мүдделерін қорғау сияқты дәстүрлі функциясын жүзеге асыруға басымдық беруіне байланысты саясаттан шеттеуі мен екінші жағынан, еңбеккерлердің ең маңызды мүдделерінің тікелей қорғаушылары ретінде өтпелі қоғамда саяси бағыттарды құруға байланысты шешімдерді қабылдауға белсенді қатысу қажеттігі. Бұл қайшылық сол

кәсіподақтардың өз ішіндегі және жалпы Қазақстандағы көптеген шешімін таппаған мәселелердің негізі болып отыр [3].

Қазақстан Республикасының 1992 жылы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» қабылданған заңына сәйкес, жергілікті діни бірлестіктер, қауымдастықтар, діни басқармалар, орталықтар, сондай-ақ діни оқу орындары мен ғибадатханалар Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер деп танылады. Тәуелсіздік жылдары азаматтық қоғамның және нарықтық экономиканың құрылуымен ғана емес, сондай-ақ діни серпілістің жүруімен де сипатталады: дәстүрлі діни бірлестіктер ұстанымдарының күшеюімен бірге қазіргі Қазақстан үшін беймәлім, жаңа «дәстүрлі емес» діни ұйымдар пайда болды. Атап айтар болсақ, пресвитериандық және методизм, сондай-ақ «Агапе», «Жаңа аспан» сияқты протестанттық шіркеулер, конфессиялар, «Бахаи», «Сайтан шіркеуі», «Саентология шіркеуі» сияқты діни бірлестіктер, шииттік, сопылық, ахмадия ағымдары. Дәстүрлі емес діни қауымдар ретінде буддистік қауым, индуистік, кришнаиттік, бахаи, трансценденталдық медитация қауымы, ұлы ақ бауырластықтың қауымы, саентология шіркеуі қауымы және т.б. көріне бастады.

Сондықтан да, мемлекеттік емес ұйымдардың мемлекеттің қолдаусыз өмір сүруі өте қиын. Сондықтан да, мемлекеттің емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың тетіктерін жасап, өмірге енгізуіміз қажет. Бұл өз кезегінде елімізде азаматтық қоғамды дамытуға үлкен себеп болатын еді.

Демократияның бір көрінісі - азаматтардың қоғамдық бірлестіктеріне мемлекет органдарының заңсыз қол сұғуына тыйым салу. Қоғамдық бірлестіктерді азаматтар түрлі мақсатпен: өздерінің саяси, әлеуметтік, рухани, мәдени, діни қажеттіктерін қанағаттандыру үшін құрады.

Әрине, қоғамдық бірлестіктер Конституцияны, заңдарды құрмет етуге міндетті. Олар әлеуметтік, ұлттық, діни, нәсілдік арандатушылықпен айналыспауы керек. Олардың жұмысы мемлекеттің қауіпсіздігіне, конституциялық құрылысты өзгертуге, Қазақстан аумағының тұтастығына қарсы бағытталмауы тиіс [4, 94 б.].

Мемлекетіміздің саяси жүйесінде, демократиялық үрдістерді ілгері бастыруда Қазақстанда құрылып жатқан азаматтық қоғамның орны мен рөлі ерекше маңызды. Азаматтық қоғам - мемлекеттегі барлық дерлік салалардың қарқынды дамып өсуіне және олардың ішкі және сыртқы саясатта өз негізін белсенді түрде танытуға бірден-бір ықпал етуші күш болып табылады.

Жалпы азаматтық қоғам идеясының маңыздылығы барлық қоғамдық институттардың қызмет етуін жақсарту тұрғысынан ғана емес, ең алдымен, негізгі адамгершіліктік құндылықтарды насихаттау мәселесіне байланысты да арта түседі. Қоғамның кез келген, қоғамның өзі жасайтын, сонымен қатар адамзат мәдениетінің маңызды компоненті болып табылатын құндылықтар жүйесі тән. Қазақстандағы қоғамдық дамудың қазіргі кезеңі қоғамдық тұрмыстың барлық деңгейлеріне, сонымен бірге елдегі саяси және мәдени үрдістердің барлық түрлеріне қатысты құндылықты жүйелердің түбегейлі өзгеруімен сипатталады. Ал бұл құндылықтарды насихаттау қоғамдағы саяси күштер, яғни, саяси партиялар арқылы болуы тиіс.

Институционалды тұрғыдан келер болсақ, азаматтық қоғам негіздерінің бірі - азаматтарды біріктіретін және де олардың мүдделерін білдіретін саяси партиялар шоғыры болып табылады. Саяси партия азаматтарға белгілі бір құқықтарға ие болуға, осы құқықтардың көлемін кеңейтуге ықпал жасайды, сонымен бірге мемлекет пен азаматтар арасындағы байланысты орнатады. Ал өз кезегінде азаматтық қоғам саяси партиялар арасындағы қарым - қатынастың белгілі бір сипаттарын көздейді. Бұл

қарым - қатынастар заңдар арқылы, сонымен қатар көп жағдайда жазылмаған «ойын ережелерімен» реттестіріліп отырады. Әрине, бұл қағида тек қана саяси партияларға қатысты айтылған дүние емес.

Азаматтық қоғамның дамуы демократиялық - зайырлы, әлеуметтік құқықтық мемлекет жасау үшін маңызды фактор болып табылады. Қоғамдық даму, демократиялық ілгерілеу, экономикалық өрлеу қоғамда жасалынып жатқан қызметтердің барлық маңызды түрлеріне азаматтардың белсенді түрде атсалысуымен мүмкін болатынын айтқым келеді.

Азаматтық қоғамды дамыту концепциясын жүзеге асыру елдің адами - интеллектуалдық мүмкіншілігін арттыруға жағдай жасай отырып, әр адамның өз тағдыры мен ел тағдырына деген жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілген азаматтардың құқығы мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз етеді. Азаматтық қоғамның мақсаты қоғамның әрбір мүшесінің көзқарасын қорғау, оның ойларын билік пен қоғамға жеткізу, өкімет істеріне қоғамдық бақылау жасау, әрі осы қоғамның ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру.

Осы орайда, Қазақстан қоғамын қазіргі «азаматтық қоғам» құрылымында пайда болған құндылықтар негізінде жасалынған ұлттық идея айналасында біріктіруге болады. ХХІ ғ. Қазақстанның жалпы ұлттық идеясы азаматтық қоғамды қалыптастырудың қайнарына айналуы тиіс.

Азаматтық қоғам институттары шындап келгенде халықтың әл ауқатының жақсаруына, мәдениеті мен санасының өсіп өркендеуіне қызмет етеді. Ал жобада айтылғандай, азаматтық қоғам бұл алғышарттар дайын болғанша күтіп отыра алмайды, керісінше бұл өрлеуді азаматтық қоғамның өзі қамтамасыз етеді. Молшылық қашан болады, материалдық - рухани игілік қашан жасалады деп, азаматтық қоғамға ұмтылмай, қол қусырып отыра беруге әсте де болмайды. Жобадағы қағидаға сүйенсек, кедей елде ешқашан азаматтық қоғамға үміт арту мүмкін емес. Бұл теріс пікір. Мұны азаматтық қоғамның шын мәнісі мен басты мұратын түсінбеу деген сөз. Ол, алғашқы қауымдық құрылыс тұсында да азаматтық қоғам өмір сүрген.

Азаматтық қоғам адамның тұлғалық мәнісінің артуына себепші болады. Сол үшін оған тырысамыз. Тұлғаны дамыту азаматтық қоғамды қажетсінеді. Сол қоғам өмірге келгенде адамның тұлғалық мәні арта түседі.

«Азаматтық қоғам саяси жүйені демократияландыру жағдайында ғана өсудің биік деңгейіне көтеріледі» деген тұжырым да дәл емес, даулы қағида. Керісінше азаматтық қоғамның дамуы мен нығаюының өзі саяси жүйені демократияландыруға әсер етеді.

Саяси жүйені жетілдірудің өзі азаматтық қоғамды қалыптастыруға тікелей байланысты. Сондықтан да біз бұл күнде тоталитаризм мен авторитаризімге жол бермеу үшін азаматтық қоғамға иек артып отырмыз, сол арқылы саяси жүйені жетілдіруге күш салудамыз.

Қазақстан халықтары ассамблеясын өзінің құрылымы, қызметі жағынан азаматтық қоғам институтына жатқызуға болад. Бірақ оның құрамында билік өкілдерінің, шенеуніктердің көп болуы оны бұл сипатынан қашықтата түседі. Қазір ол билік пен ұлттық диаспоралардың арасындағы дәнекерлік институт болып отыр. Оған ұлттық мәдени орталықтар мен ұлттық құрылымдар енеді. Бұлар ұлт диаспоралары арасында белгілі мәдени, этнографиялық құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрыпты, ұлттық тіл мен өнерді дамытуда белгілі рөл атқаруда. Ұлттық

элиталардың қоғамдық өмірге араласуына жағдай жасауда олар өз диаспораларының мүддесін қорғап, солардың көңіл күйлерін, саяси ахуалын бейнелеп отыр. Бірақ бұл орталықтар саяси институттар болып табылмайды.

Азаматтық қоғам институттарының құрамына мемлекеттік емес тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары да жатқызылып жүр. Шындап келгенде, бұлардың да өз өзгешелігі бар.

Көптеген газет - журналдар мен электрондық ақпарат құралдары мемлекеттен тендер арқылы тапсырыс алады немесе үкіметке жақын кәсіпкерлер менбанктердің, ірі корпорациялардың қаржысымен күн көреді. Сондықтан да оларды азаматтық қоғамның функцияларын толық мәнінде атқарып, жалпы азаматтық мәселелерді шешуменайналысады деп айту қиын.

Үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсету деген ұғым пайда болды. Сонда бұл ұйымдар билік жүргізетін мәселелерді атқаратын болса, әрі бұл үшін бюджеттен қаржы алып істейтін болса, онда ол қалай үкіметтік емес болады? Әдетте үкіметтік емес ұйымдар деп мемлекеттік құрылымдардан өзгеше, азаматтардың өз кәсібіне, жынысына, жасына, білім дәрежесіне, білімділігіне қарай өз ынталарымен қоғамдық ұйымдарға бірлесіп, қоғамға да, өздеріне де пайдалы қызмет атқаратындарды айтамыз. Олар мемлекеттен он теңге де алмай, шетелдік не отандық үкіметтік емес қорлардан, демеушілерден, қайырымдылық ұйымдардан түскен қаржымен белгілі әлеуметтік, мәдени, саяси, рухани, психологиялық, адами, тәрбиелік иіндеттерді шешумен шұғылданады. Қазір билік пен үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды орындау шеңберіндегі әріптестігі жүзеге асырыла бастады. Мұның өзі үкіметтік емес ұйымдарды түгелімен азаматтық қоғамға жатқызуға болмайды деген сөз. Әсіресе коммерциялық және алпауыт басқарған жеке меншік корпарациялар. Бұлар қоғамда ықпалды күшке айналғаны сонша билікпен жең ұшынан жалғасып кеткен.

Бүгінгі таңда кез келген мемлекет жүйесі азаматтық қоғамсыз толыққанды қатыспау мүмкін емес, себебі елдегі барлық халықтың тыныс тіршілігін, мүдделерін тіпті шешуін таба алмай жатқан маңызды мәселелерін алға жылжытатын саяси партиялардың өзара азаматтық қоғамның бір бөлігі.

Көп партиялық әлеуметтік институтының пайда болуы елдегі азаматтық қоғамның қалыптасуының ең маңызды белгілерінің бірі. Саяси партиялардың пайда болуы мен дамуы айтарлықтай мөлшерде қоғамның саяси жүйесінің тиімділігін куәландырады, мемлекеттің демократиялық табиғатын нығайтудың, оның азаматтарының саяси құқықтарын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Егер экономика тұрғысынан жүгінер болсақ, онда өндіріс жүйесінде нарық қандай рөл атқарса, көппартиялық саяси жүйеде сондай рөл атқарады. Нарық тұтынушылар мен өндірушілер арасында кері байланыс механизімін қалай құрса, соған ұқсас көп партиялық жүйе азамат пен мемлекеттік билік арасында делдалдық қызмет атқарады. Бұл міндетті көп партиялықтың қалай орындайтынына көз жеткізбес бұрын оның қарапайым «кірпіші» - саяси партия нені білдіретінін анықтап алайық.

Саяси партияның ең жоғарғы абстрактілі анықтамасы - ол билік үшін күресетін ұйым. Бұл анықтаманы нақтылап тиянақтандыруға ұмтылу келесі тұжырымдамаға саяды.

Біріншіден, мемлекеттік билік жүйесінде партия тікелей бір құрамға қосылмайды және көздеген мақсаты ортақ өз мүшелерін ерікті негізде біріктіреді.

Осы мақсатта жария мәлімдемелерді және оларға қол жеткізу үшін ерекше саяси құралдарды пайдаланады. Осылайша, «саяси партия» түсінігі шегінен саяси шешімдер қабылдау процесінде билікке ықпал етуге әрекеттенетін қысым топтары шығарылады.

Екіншіден, партия белгілі бір әлеуметтік топтың саяси мүддесін көрсетеді немесе солай болуға ұмтылады. Басқаша айтқанда саяси партия өз мүшелері және солармен байланысты адамдардан бөлек басқа біреулердің де мүшелерін ойлауы тиіс. Бұл түсінік «партия» ұғымы шеңберінен клубтық - сектанттық типтегі ұйымдарды шығарады.

Үшіншіден, партия білдіретін мүдделер тар корпоративтік сипат емес, жалпы ұлттық сипатта болуы тиіс. Бұл қоғамды дамыту бойынша белгілі бір жобаны ұсынатын партияның айқын қалыптасқан мақсаты болуы тиіс дегенді білдіреді. Әрине, басты міндет ретінде жекелеген әлеуметтік топтардың мүдделері қойылуы мүмкін екені түсінікті, дегенмен ол жоба жалпы қоғам мүддесін көрсетуі тиіс. Олай болмаған жағдайда, біз тек қана қолдаушылық топпен, тіпті корпоративтік ұйымдармен іс - әрекет жасайтын боламыз.

Төртіншіден, толыққанды партия өкілеттік пен міндеттерді қатаң ескертумен бөлуді жүзеге асыратын әр түрлі бөлімдер арасында торапталған құрылымдарды иеленуі тиіс. Партия мол жақтастары мен белсенділеріне, аумақтық бөлімдердің желілерін және сайлаудың орталықорғандарына ие болуы тиіс. Осылайша, «саяси партия» ұғымының аясынан саяси өмірге белсенді ат салысуға үміткер, алайда жария саясаттың шынайы субъектілері ретінде жүзеге аса алмайтын, көптеген «ергежейлі» ұйымдар шығарылады.

Аталған барлық шарттар қоғам мен мемлекеттің жетілгендігін білдіреді. Ең бастысы, қоғам жекелеген тұйық қауымдардан тұрмауы керек, ол саяси өмірде зіннің қатысуын сезінген жекелеген мүшелері мен әлеуметтік топтарының формалды теңдігі қамтамасыз етілген, жіктелген және ортақ әлеуметтік құрылымы бар азаматтық болуы керек. Мемлекеттік билік өз тарапынан өзін қоғамның бақылауымен құрылатын және қалыптасатын ашық жүйе етіп көрсетуі тиіс. Ол үшін, мемлекеттік билік өкілетті органдар мен тәуелсіз сот билігіне ие болуы қажет.

Саяси партиялар ұлттық қоғамдастықтардың заманауи саяси жүйесінің орталық құрамдас бөліктерінің бірі болғандықтан қоғамдық - саяси және мемлекеттік өмірде маңызды рөл атқарады. Саяси билік туралы мәселелердің шешімі де жүзеге асырылу тәсілдері мен нысандары да саяси партиялардың қызметіне байланысты. Партиялар саяси өмірдің барлық процестері мен сатыларында: сайлауларда, мемлекеттік органдарды қалыптастыруда, саяси және мемлекеттік шешімдерді қабылдауда, оларды жүзеге асыруда белсенді қатысады.

Саяси институт ретінде партия - бір жағынан, мемлекет пен халықтың тікелей байланыс жасайтын буыны: топтық мүдделердің артикуляциясынан бастап шешімдерді қабылдау және жүзеге асыруға дейінгі саяси процестердің барлық фазасын жанамалайтын, оны құрайтын элементі болып табылады. Екінші жағынан, демократиялық жүйелердегі партиялар азаматтық қоғамның өзімен көлденең байланыстың күрделі желісін көрсетеді, өзін - өзі реттеу мен өзін - өзі дамыту механизмдерінің ұтымды етілуі мен қарқындылығына бейімдейді. Партия қызметі мемлекетте де, қоғамда да билік құралдарын бөлу және қайта бөлудің маңызды механизмдері ретінде көрінеді.

Саяси партияның мәні ең алдымен олардың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс береді. Партия қызметтерінің негізінде жұртшылық топтарының, идеалдар

мен құндылықтардың, утопиялар мен идеологиялардың әр түрлі мақсаттары мен мүдделері жатуы мүмкін.

Саяси партиялар функцияларының негізгі тараптары, олардың қызметтері, олардың алдында тұрған негізін мақсаттары мен міндеттері бар. Партия қызметінің көпқырлылығы белгілі мөлшерде, оның белгілі бір функцияларын анықтауда плюрализмді негіздеді [5, 57 б.].

Бірқатар ең алдымен 1) артикуляция және әлеуметтік өкілдік функцияларын жатқыза отырып партияның топпен байланысын сипаттаушы қызметін; 2) саяси жүйеге және оның жекелеген институттарына қатысты функциялар, бұл жерде әлеуметтік бірігу қызметі айтылып тұр; 3) партия ішіндегі өмір мазмұнын анықтайтын «партия ішіндегі тәртіп» функциясы: саяси әлеуметтену функциясы идеологиялық функция; саяси бағыт - бағдарды әзірлеу және жүзеге асыру функциясы деп бөліп көрсетеді. Партияның әрекет ету әдістері мен нысандарының күрделене түсуі, қоғамды рөлдерінің өсуі олардың заңдық түрде институттануына себеп болады. Егер ХІХ ғасырдағы конституцияларда партиялар туралы бірде бір сөз болмаса, қазір саяси партиялар саяси құқықтық институт болып табылады. Саяси партиялардың институционалдығы екі өзара байланысты құқықтық процестерде көрінеді: конституциялану және заңнамалық институционалдандыруда.

Саяси партиялар жайында салыстырмалы зерттеулерге зер салатын болсақ партиялардың нені түсіндіретінін байқай аламыз:

Саяси партиялар жеке немесе ұжым ретінде өздерін саяси көзқараспен біріктірген азаматтардың бір ортаға топтасу құбылысы;

Осы азаматтардың кейбіреуі үкіметте немесе одан тыс партияның мақсатын орындауға атсалысады;

Бұл азаматтардың ұйымдасу құқы мен партия мақсаты үшін жұмыс жүргізуі заңды. Осы жағынан, ресми түрде тыйым салынған және билік үшін күрескен топтарды, партия деуден бұрын «жасырын ұйым» деп атау дұрыс болар;

Саяси партиялар үкіметтің жұмысын қадағалайды, билікке келу үшін өз үміткерлерін дайындайды, электораттың қолдауына ие болу үшін ат салысады. Сондай-ақ сайлау болмаған жерде саяси партиялардың өмір сүруі болмайды;

Көппартиялық жүйенің қалыптасуы саяси билікті модернизациялаудың ең маңызды белгілерінің бірі. Саяси партиялардың пайда болуы мен дамуы айтарлықтай мөлшерде қоғамның саяси жүйелерінің тиімділігін күеландырады, мемлекеттің демократиялық табиғатын нығайтудың, оның азаматтарының саяси құқықтарын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады [6, 16 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Гавриленко Д.А. Правовое государство и дисциплина. – Минск, 1999. - 227 с.
- 2 Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000344_ (электрондық ресурс)
- 3 Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірде қабылданған «Кәсіптік одақтар туралы» Заңы <https://www.kazpravda.kz/> (электрондық ресурс)
- 4 Зиманов С.З Қазақтың ата - заңдары және оның бастаулары // Қазақтың ата-заңдары. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – Т.1- 440 б.
- 5 Даниленга В.П. Политические партии и буржуазное государство. – М., 1984. С.-57.
- 6 Сұмағұлова С., Төгісов К. және «Үш жүз» партиясы. – Алматы, 2009 ж. 99 б.

КОНСТИТУЦИЯ-КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТЫ ОБЪЕКТІСІ

А.Б.Серіков

*Д.А Қонаев атындағы Еуразиялық Заң Академиясының магистрі, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы*

Түйіндеме. Бұл мақалада, Қазақстан Республикасы Конституциясы – басқа ұлттық құқықтың қайнар көздеріне қарағанда ең жоғарғы заң күші бар, мемлекеттік және қоғамдық құрылыс негіздерін, жеке тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің негіздерін, жоғарғы және жергілікті мемлекеттік органдардың ұйымдастырылуымен қызмет қағидаларын бекітетін және реттейтін мемлекет пен қоғамның негізгі заңы ретінде ҚР-ның Конституциялық Кеңесі қызметінің басты маңызды объектісі екендігі қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» конституциялық заң күші бар жарлығы осы орган нені көздейтінін айқындай дәл бейнеленген. Онда Конституциялық Кеңестің мемлекеттік орган ретінде Республика Конституциясын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында үстемдік етуін қамтамасыз ететіндігі айқын айтылған. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында Конституциялық Кеңеске арналған бөлім бар. Осы мемлекеттік органның қандай мақсатта құрылатындығы Конституцияда көрсетілмеген. Алайда, Конституциялық Кеңестің Конституцияда белгіленген өкілеттілігінен Конституциялық Кеңестің негізгі көздейтіні Конституцияны қорғау екендігі көрінеді.

Демек, Конституциялық Кеңес актілердің конституциялық заңдылықтарын тексерумен ғана шектелмейді. Конституциялық Кеңес қызметінің негізі Қазақстан республикасының Конституциясы және Президенттің «Конституциялық Кеңес туралы» Жарлығы болып табылады. Осы екі акт Конституциялық Кеңестің өкілеттілігін, құрамын, қалыптасу тәртібін, мүшелеріне қойылатын талапты, Конституциялық Кеңес мүшелерінің мәртебесін, конституциялық іс жүргізуді айқындайды. Өз қызметінің аталған актілермен реттелмеген, ұйымдастырылуы мен тәртібі бойынша Конституциялық Кеңес Регламент қабылдайды.

Түйін сөздер: Конституция, Конституциялық Кеңес, құқық, норма, өкілеттіктер, функциялар, мемлекеттік органдар, бақылау, қадағалау, орындау.

КОНСТИТУЦИЯ – ОСНОВНОЙ ОБЪЕКТ КОНСТИТУЦИОННОГО СОВЕТА

Аннотация. В этой статье Конституция Республики Казахстан является основным законом государства и общества, который имеет высшую юридическую силу по сравнению с другими источниками национального права, устанавливает и регулирует основы государственного и общественного строительства, права, свободы и обязанности граждан, правила организации деятельности высших и местных государственных органов. является основным важным объектом Конституционного Совета Республики Казахстан.

Указ Президента Республики Казахстан «О Конституционном Совете Республики Казахстан», имеющий силу конституционного закона, четко определяет назначение этого органа. В нем ясно указано, что Конституционный Совет как государственный орган обеспечивает верховенство Конституции Республики на всей территории Республики Казахстан. Конституция Республики Казахстан 1995 года содержит раздел о Конституционном Совете. Назначение этого государственного органа не указано в Конституции. Однако полномочия Конституционного совета, установленные Конституцией, свидетельствуют о том, что основной целью Конституционного совета является защита Конституции.

Поэтому Конституционный Совет не ограничивается рассмотрением конституционной законности актов. Основой Конституционного Совета является Конституция Республики Казахстан и Указ Президента «О Конституционном Совете». Эти два акта определяют полномочия, состав, порядок формирования Конституционного совета, требования к его членам, статус членов Конституционного совета и конституционное производство. Конституционный Совет принимает положения об организации и порядке своей деятельности, которые не регулируются этими актами.

Ключевые слова: Конституция, Конституционный Совет, закон, нормы, полномочия, функции, государственные органы, контроль, надзор, соблюдение.

THE MAIN OBJECT OF THE CONSTITUTIONAL COUNCIL IS THE CONSTITUTION

Abstract. In this article, the Constitution of the Republic of Kazakhstan is the main law of the state and society, which has the highest legal force in comparison with other sources of national law, establishes and regulates the foundations of state and social construction, the rights, freedoms and duties of citizens, the rules for organizing the activities of higher and local state bodies is the main important object of the Constitutional Council of the Republic of Kazakhstan.

The decree of the President of the Republic of Kazakhstan “On the Constitutional Council of the Republic of Kazakhstan”, having the force of constitutional law, clearly defines the purpose of this body. It clearly states that the Constitutional Council as a state body ensures the supremacy of the Constitution of the Republic throughout the territory of the Republic of Kazakhstan. The 1995 Constitution of the Republic of Kazakhstan contains a section on the Constitutional Council. The purpose of this state body is not specified in the Constitution. However, the powers of the Constitutional Council established by the Constitution indicate that the main purpose of the Constitutional Council is to protect the Constitution.

Therefore, the Constitutional Council is not limited to considering the constitutional legality of acts. The basis of the Constitutional Council is the Constitution of the Republic of Kazakhstan and the Decree of the President “On the Constitutional Council”. These two acts determine the powers, composition, procedure for the formation of the Constitutional Council, requirements for its members, the status of members of the Constitutional Council and constitutional proceedings. The Constitutional Council adopts provisions on the organization and procedure for its activities, which are not regulated by these acts.

Keywords: Constitution, Constitutional Council, law, norms, powers, functions, government authority, law, control, supervision, compliance.

Конституциялық бақылаудың объектісі болып табылатын Ата Заңымыздың ерекше қорғауды қажет ететін маңызды белгілеріне тоқталу арқылы түсіндіруді бастасақ.

Конституция (лат-constitutio - бекіту, орнату деген сөзі) мемлекеттік және қоғамдық құрылыс негіздерін ондағы жеке тұлғалардың құқықтық жағдайын, биліктің ұйымдастырылуымен жүзеге асырылуын олардың халықпен қарым қатынасын сондай-ақ мемлекетіміздің қазіргі түр сипатымен болашақ бағытын анықтап көрсететін жоғары заңи күшіне ие маңызды нормалардың жиынтығынан қалыптасатын басты құжат.

Конституцияның ерекше сипатын айқындай отырып, құқықтанушылар оны ұлттық құқықтың басқа көздеріне қарағанда қоғам мен мемлекетте ең жоғары заңдық күші бар құқық нормаларының жүйесі және адам мен қоғамның немесе адам мен мемлекеттің арасындағы қатынастар негізін, мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуын, конституциялық құрылыс негіздерін реттеуші Негізгі Заң ретінде тұжырымдайды [1]. Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясы елімізде қолданылып жүрген барлық заңдардың ірге тасын қалайды, оның заңдардың заңи болуы шындық, ақиқат. Құқық нормаларының бүкіл жүйесі заң салалары үшін қағидаттық норма болып табылып, құқықтық реттеуші базаға айналады. Ал ағымдағы заңдар осы конституциялық нормаларды әрі қарай дамытушы күш ретінде есептеледі.

ҚР-ның Конституциясы қоғамның әр саласына қажетті заң актілерінің негізін қалыптастыратын «Заңның Заңы» болып есептеледі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 4-бабында «Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылады» делінген.

Осындай мәртебеге ие беделді заң болғандықтан ол ерекше құқықтық қорғауды қажет ететіндігі сөзсіз. Сондай-ақ конституцияны қорғаудың қажеттігі оның жоғарлылығымен демократияның жаңа сапалы кезеңдерін қалыптастырудағы тікелей әрекетін қамтамасыз ету мақсатынан және мемлекетпен жеке тұлғалардың құқықтарымен бостандықтарының диалектикалық бірлігінің байланысымен қарастырылады.

Яғни ол бір жағынан азаматтар үшін олардың құқықтарымен бостандықтарын мемлекеттік органдар тарапынан сақтаудың кепілдігі ретіндегі өмір қажеттігінен, ал екінші жағынан конституцияның тұрақтылығымен дамуын сақтау үшін қажет болып табылатын кез келген демократиялық мемлекеттің ішкі қасиеті.

Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру - Негізгі Заңның үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды құралы. Конституциялық Кеңестің қызметі жылдарында Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру туралы 100-ден астам өтініш қаралып, олар бойынша 80-нен астам нормативтік қаулы қабылданды. Негізгі конституциялық институттарды және олардың даму болашағын түсінуге заңды көзқарас белгілейтін, мемлекеттің, қоғамдық бірлестіктердің және азаматтардың өзара қарым-қатынасының қағидаттарын айқындайтын, адамның және азаматтың құқықтарын қамтамасыз етудің тетіктерін нығайтатын, сондай-ақ еліміздің одан әрі конституциялық дамуына қатысты басқа да бірқатар мәселелерге түсіндірмелер берілді. Конституциялық Кеңестің Республика соттарының ұсыныстарын қарауы конституциялық заңды нығайтуда елеулі үлес болып табылады.

Мемлекеттік органдар жүйелі негізде Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдерін орындауға бағытталған заңнамалық және басқа да шаралар қабылдайды, конституциялық заңдылықты нығайту және жетекшілік ететін саласында

заңнамаларды жетілдіру мақсатында өздерінің күнделікті қызметтерінде оларды басшылыққа алады. Конституциялық Кеңестің шешімін іске асырудың пәрменді жолы - Президент жанындағы консультативтік-кеңесу органы болып табылатын Құқықтық саясат кеңесі отырыстарында жауапты мемлекеттік органдарды айқындап және оларға нақты тапсырмалар бере отырып, осы мәселені ұдайы талқылауға мүмкіндік береді.

Конституциялық Кеңестің ресми іс әрекеттер конституциялық бақылаудың ұлттық қоғамдық жүйесін тұрақты жетілдіруге және ұдайы өзгеріп тұратын қоғамдық қатынастарды үйлестіруге ынталандыратын болады деп айтқым келеді. Ол мемлекеттік ой-сананы және құқықтық сананың қажетті сапасын қалыптастырады. Конституциялық бақылау мемлекеттік билік органдарын ғана емес, қоғамның әрбір мүшесін іс-әрекеттің құқықтық үлгісіне итермелей отырып, елеулі превентивті рөл атқарады.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыруда заң үстемдігін қамтамасыз ету кез-келген мемлекеттің ең негізгі де басты мақсаттарының бірі екендігі сөзсіз. Қоғам өмірінің барлық саласында заң үстемдігін жүзеге асыру, даму кезеңінің нақты қажеттігін қанағаттандыру, демократияны орнықтыру, жеке тұлғалардың құқықтарымен бостандықтарын жүзеге асыру сияқты көптеген маңызды мәселелермен тікелей байланысты [2]. Демек Конституция жоғарыда көрсетілген мемлекет мүдделерінің жүзеге асырылуына әсері мол мемлекеттің құқық жүйесінің негізін бекітіп көрсететін ең жоғарғы заңи күші бар басты құжат болып табылады.

Сондықтан Конституция қандай да бір жеке мүддені көздейтін көзқарастардан аулақ болуы тиіс. Себебі, Конституциямен мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың және де мемлекеттік емес ұйымдардың негізгі мақсаты бағыт бағдары, олардың қоғамдағы орнымен рөлі анықталады.

Конституция ең жоғарғы заң күшіне ие басты құжат болғандықтан заң шығарушы органдармен басқа да мемлекеттік органдардан қабылданатын заңдар, нормативтік құқықтық актілердің барлығы оған негізделіп шығарылуы тиіс. Сонымен қатар мемлекеттің, мемлекеттік органдармен саяси партиялардың сі әрекеттері Конституция көлемінде жүргізіліп, оның нормаларын бұзбауы керек. Себебі, Конституция нормалары қоғамның әр саласындағы ең негізгі де маңызды қатынастарды реттеумен қатар олар үшін қажетті арнайы заңдардың ірге тасын қалайды.

Сондықтан Конституциямен басқа да қолданыстағы заң актілері бір бірімен тығыз байланысты болады. Яғни Конституция нақты заңдардың қабылдану, қолданылу негізін анықтайды, ал бұл заңдар Конституцияға мәнімен мағынасы бойынша сәйкестендірілген конституциялық нормаларды әрі қарай дамытушы күш болуы тиіс, егер қандай да бір Конституцияға қайшылық орын алса ондай заңдардың күші болмайды және қоғамда қолданылмайды [3]. Бұл Конституцияның жоғарғы заңи күші бар мемлекетіміздің негізгі заңи екендігінің көрінісі. Осы жерде сөз етіліп отырған заңдар иерархиясы мәселесіне байланысты құнды тұжырым ретінде қолданылып келе жатқан көзқарасты жасап оны жүзеге асыруда Ханс Кельзен ерекше міндет атқарған.

Зерттеуші ретінде мен де заңдар иерархиясын мойындай отырып, ол Конституцияның жоғарғы заңи күшімен оның қоғамда атқаратын міндетін дұрыс бағыттап қалыптастыруда өте пайдалы нәтиже беретінін мойындаймын.

Негізгі заңымыздың жоғарлылығын қамтамасыз етуде ең басты қажеттілік болып табылатын маңызды элемент бұл-Конституциялық бақылау.

Заңдармен басқа да актілердің конституцияға сәйкестігін бақылау заңи тәжірибеде кең дамыған.

Конституциялық бақылау – бұл Конституцияның теориялық, тәжірибелік мәселелерінің ең негізгісін қамтиды және де құқықтану ғылымының маңызды объектісі болып табылады. Бұл мәселе маңыздылығы арқылы дүниежүзі мемлекеттері зерттеушілерінің назарын өзіне аударған, яғни бір мемлекет көлемінде ғана емес халықаралық деңгейдегі өзекті мәселе ретінде демократияның басты құралы болумен қатар оны қамтамасыз ететін нақты кепіл болатыны дәлелденген [4].

Сонымен қатар конституциялық бақылау заңдармен басқа да актілердің Конституцияға сәйкестігін тексерудің арнайы нысаны ретінде түсіндірілетін, қоғамды демократияландыруға өзіндік әсері бар институттардың бірі болып саналады.

Заңи әдебиеттерде конституциялық бақылаумен конституциялық қадағалау ұғымдарының арақатынасы туралы әртүрлі көзқарастар айтылған. Оны авторлардың бірі ұқсас ұғым ретінде түсіндірсе, кейбіреулері ажыратып көрсетеді, ал үшіншілері қадағалау бұл бақылаудың бір түрі деп көрсетеді. Жалпы ғылыми әдебиеттерде ұқсас ұғым ретінде жиі қолданылады, бірақ бір біріне толық сәйкес келмейді.

Қорыта келе айтарымыз, Қазақстан Республикасы Конституциясы – басқа ұлттық құқықтың қайнар көздеріне қарағанда ең жоғарғы заң күші бар, мемлекеттік және қоғамдық құрылыс негіздерін, жеке тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің негіздерін, жоғарғы және жергілікті мемлекеттік органдардың ұйымдастырылуымен қызмет қағидаларын бекітетін және реттейтін мемлекет пен қоғамның негізгі заңы.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» конституциялық заң күші бар жарлығы осы орган нені көздейтінін айқындай дәл бейнеленген. Онда Конституциялық Кеңестің мемлекеттік орган ретінде Республика Конституциясын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында үстемдік етуін қамтамасыз ететіндігі айқын айтылған.

1991 жылғы 16-шы желтоқсандағы «ҚР-ның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңға сәйкес 1992 жылдың маусымында Қазақстан Республикасының Конституциялық соты құрылып, 1993 жылдың қазан айына дейін жұмыс істеді, осы жылы ол Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне алмастырылды.

Конституциялық Кеңес Конституция үстемдігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл Конституциялық Кеңестің өз қызметінде :

Олардың бұлжымастығын, яғни нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, ұйымдастырушылық акцияларын жүзеге асыру (сайлау және т.б.) кезінде жоғарғы мемлекеттік органдардың Конституциялық нормаларды мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ететін конституциялық нормаларды;

Мемлекеттің белгілі бір жағдайын айқындайтын, мысалы: мемлекеттің біртұтас нысанын, саяси тұрақтылықты орнықтыратын, т.б. конституциялық қағидаларды;

Конституциялық идеяларды, қағидаларды, мысалы әлеуметтік мемлекет, Қазақстандық патриотизм т.б. идеяларды басшылыққа алуы тиіс.

Республиканың бүкіл аумағында ҚР-ның Конституциясы үстінен қарауды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып саналады [5]. Конституциялық қадағалаудың үшінші, француздық моделінің үлгісі ретінде Конституциялық Кеңес өз өкілеттілігін жүзеге асырған кезде мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды

тұлғалар мен азаматтарға тәуелді емес, тек Конституцияға бағынады әрі саяси және басқа да себептерге сүйене алмайды.

Конституциялық Кеңес өз іс-әрекетінің процессінде, барлық жағдайда, соттардың және өзге де мемлекеттік органдардың құзіретіне жататын мәселелерді анықтаудан және зерттеуден тартынуға міндетті. Конституциялық Кеңес өкілеттілігі қызметінің ұйымдастырылуы және кепілдігі жағынан соттарға көбірек жуықтағаны мен, билік тармақтарының бірде біреуіне бірікпейді.

ҚР-ның Конституциялық Кеңесі – конституцияның аса жоғарғы заңдық және тікелей орындалуына ықпал жасайтын орган болып табылады. Онда азаматтардың еркіндігі мен бостандығы, мемлекеттік механизмнің дұрыс жұмыс атқаруы мен биліктің бөлінуіне қағидаларына негізделген принциптердің жоғарғы дәрежеде қорғалуына және орындалуына ықпал етеді.

Конституциялық Кеңестің құрылуы мен қызмет атқаруы ҚР-ның Президентінің Жарлығына, Конституциялық заң күші бар «ҚР-ның Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы заңымен реттеледі.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында Конституциялық Кеңеске арналған бөлім бар. Осы мемлекеттік органның қандай мақсатта құрылатындығы Конституцияда көрсетілмеген. Алайда, Конституциялық Кеңестің Конституцияда белгіленген өкілеттілігінен Конституциялық Кеңестің негізгі көздейтіні Конституцияны қорғау екендігі көрінеді [6].

Көрсетілген мән-жайларға орай Конституциялық Кеңес актілердің конституциялық заңдылықтарын тексерумен ғана шектелмейді. Конституциялық Кеңес қызметінің негізі Қазақстан республикасының Конституциясы және Президенттің «Конституциялық Кеңес туралы» Жарлығы болып табылады. Осы екі акт Конституциялық Кеңестің өкілеттілігін, құрамын, қалыптасу тәртібін, мүшелеріне қойылатын талапты, Конституциялық Кеңес мүшелерінің мәртебесін, конституциялық іс жүргізуді айқындайды. Өз қызметінің аталған актілермен реттелмеген, ұйымдастырылуы мен тәртібі бойынша Конституциялық Кеңес Регламент қабылдайды.

Конституциялық Кеңестің қарауына жатқызылған мәселелердің сипатына орай, осы органның құзіреті өкілеттіктердің төрт тобынан тұрады.

Даулы мәселелерді шешу жөніндегі өкілеттіліктер бірінші топқа жатады. Конституциялық Кеңес: 1) Республика Президенті сайлауын; 2) Парламент депутаттары сайлауын; 3) республикалық референдум өткізудің дұрыстығы туралы даулы мәселелерді шешеді. Конституциялық Кеңес аталған шараларды өткізу кезінде Конституцияның, сайлау жөніндегі және өзге де заңдардың бұзылған, бұзылмағандығы туралы мәселені қарайды. Егер жиналған материалдар заңның бұзылғандығына көз жеткізсе, онда Конституциялық Кеңес сайлауды және референдумды заңсыз деп таниды.

Конституциялық Кеңес өкілеттілігінің екінші тобына: 1) Президент қол қойғанға дейінгі заңдарды және 2) оның Конституцияға сәйкестігін Парламент бекіткенге дейінгі халықаралық шарттарды қарауға қатысты өкілеттіктер жатады.

Конституциялық Кеңес өкілеттілігінің үшінші тобына: 1) Конституция нормаларын ресми түсіндіруге; 2) Республика Президентін қызметінен мерзімінен бұрын босату туралы Парламент шешімі шыққанға дейін Президентті қызметінен кетіру туралы түпкілікті шешім – белгіленген конституциялық рәсімдерді сақтау туралы қорытынды беруге қатысты өкілеттіктер жатады.

Конституциялық Кеңес өкілеттігінің төртінші тобына: 1) егер сот қолдануға жататын нормативтік-құқықтық акт адамдар мен азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп шешсе, актінің Конституцияға сәйкес келмейтіндігін тану туралы сот жүгінісін қарауға; 2) конституциялық іс жүргізу тәжірибесін қорыту нәтижесі бойынша конституциялық заңдылықтың республикадағы жай-күйі туралы Президент жолдауының жіберілуіне байланысты өкілеттіктер жатады. Біріншімәселе бойынша Конституциялық Кеңестің шешімі шығарылады. Ал жолдау конституциялық заңдылықты нығайту жөніндегі нұсқау мазмұндас болуы мүмкін. Аталған өкілеттік конституциялық өкілеттік деп есептеледі.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы ерекше, жеке өкілеттіктерді иеленеді. Ол: 1) Конституциялық Кеңес іс жүргізуге қабылдаған мәселелерді қарауға даярлықты басқарады; 2) Конституциялық Кеңестің отырыстарын шақырады, оған төрағалық етеді; 3) Конституциялық Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөледі, олардың жұмысын ұйымдастырады; 4) Республика Президентінің талап етуімен оған елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы ақпараттар береді; 5) Конституциялық Кеңестің шешімдері мен хаттамаларына қол қояды. Президенттің «Конституциялық Кеңес туралы» Жарлығына және оның Регламентіне сәйкес Конституциялық Кеңес Төрағасы басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады [7].

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің мәртебесі заңды тұрғыдан толық мағынасы – Конституцияда және қолданылып жүрген заңдарда белгіленген республика Конституциялық Кеңесінің құқықтық ережесі. Мәртебе түсінігі Конституциялық Кеңестің қызметтерін, өкіліттік мерзімі мен құрылуы тәртібін, құзіретін (қоғамдық қарым-қатынастың нақты саласындағы құқығы мен міндеттерін) жауапкершілігінің негіздемемері мен нысандарын және өкілеттілігін тоқтату тәртібін белгілейді. Конституцияның 71 бабының 6 тармағына сәйкес Конституциялық Кеңестің ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі. Қазіргі уақытта конституциялық нормаларды дамытуда Конституциялық Кеңестің мәртебесін бекітетін арнайы жиынтық акт, Республика Президентінің 1995 жылы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» заң күші бар жарлығы болып саналады.

Конституцияда аталған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар Конституциялық Кеңестің қарауына мәселелерді беруге құқылы. Бұған жататындар: Республика Президенті, Сенат төрағасы, Мәжіліс төрағасы, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігі, Республика Премьер-Министрі 78 баптың негізінде өтініш білдіру құқылы субъектілерінің тізбесіне соттар жатады, олар нақты істе қадағалауға жататын заң немесе өзге де нормативтік актілер адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірсе, іс жүргізуді тоқтатуға, әрі осы актіні Конституцияға сәйкес емес деп танылғандығы туралы Конституциялық Кеңеске өтініш білдіруге міндетті. Конституциялық Кеңес Төрағасының мәртебесі принципті жағынан Конституциялық Кеңестің кез келген мүшесінің мәртебесіне сәйкес келеді. Дегенмен, төрағаға Конституциялық кеңестің басшысы ретінде қосымша міндеттер жүктеледі.

Төраға Конституциялық Кеңестің басқа мемлекеттік органдар мен қарым-қатынасын ұсынумен қатар Парламент палаталарының бірлескен отырысында Республикада Конституцияның, заңдылықтардың жайы туралы ақпараттар береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Конституциясы: Кеше, бүгін Қазақстан заңдары // Государство и право. 2007 №1. -С.11-14.
- 2 Конституция Республики Казахстан. Альбом схема, (Составители Мамонов В.В., Табаков С.К.) Алматы, 2006. -218 с.-С. 8.
- 3 Баймаханов МТ.Проблемы воплощения принципов Конституции // Государство и право. №5 (8). -С.12-15.
- 4 Айтхожин К.К. РК и вопросы единства государственной власти // Фемида Х4. 2000. -№3. -С.12-14.
- 5 Караев А.А. «Конституционный контроль: Казахстан и зарубежный опыт» Алматы 2002. -257 с.-С. 38.
- 6 Черняков А.А. Нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы: жүйелі құқықтық анализ// Фемида № 3–2004. -С. 6-9.
- 7 Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы конституциялық Заңы // Егемен Қазақстан 1995 жылғы 08 қаңтар - Қатынасу режимі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000178>

Ғылыми журнал

**ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ АКАДЕМИИ
ИМЕНИ Д.А. КУНАЕВА
№ 2 (73), 2020г.**

Научный журнал



Подписано в печать 29.05.2020г. Формат 60x84 ^{1/8}.
Печать цифровая. Бумага офсетная. Усл. печ. л.22,5. Тираж 500 экз.
Заказ № 11-2200.



Адрес издательства:
г. Алматы, ул. Ади Шарипова 120
+7 (777) 214-02-50, +7 (707) 214-02-50
almaprintmaster@gmail.com